

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс  
саласындағы мемлекеттік нормативтер  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**  
**НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ**

---

Государственные нормативы в области  
архитектуры, градостроительства и строительства  
**НОРМАТИВНО-ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ**  
**РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**СЕЙСМИКАҒА ТӨЗІМДІ ҒИМАРАТТАРДЫ**  
**ЖОБАЛАУ**  
**1-БӨЛІМ . ҒИМАРАТТАРДЫ БОЛАТ**  
**КОНСТРУКЦИЯЛАРДАН ЖОБАЛАУ**

---

**ПРОЕКТИРОВАНИЕ СЕЙСМОСТОЙКИХ ЗДАНИЙ**  
**ЧАСТЬ 1. ПРОЕКТИРОВАНИЕ ЗДАНИЙ ИЗ**  
**СТАЛЬНЫХ КОНСТРУКЦИЙ**

**ҚР НТҚ 08-01.5-2013**  
**НТП РК 08-01.5-2013**

**Ресми басылым**  
**Издание официальное**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің  
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер  
ресурстарын басқару комитеті

Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального  
хозяйства и управления земельными ресурсами  
Министерства национальной экономики Республики Казахстан

Астана 2015

## АЛҒЫ СӨЗ

1. **ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «Астана Строй-Консалтинг» ЖШС
2. **ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
3. **БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап
4. **ЕНГІЗІЛДІ:** Алғашқы рет

## ПРЕДИСЛОВИЕ

1. **РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ТОО «Астана Строй-Консалтинг»
2. **ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
3. **ПРИНЯТ И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года
4. **ВВЕДЕН:** Введено впервые

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	V
1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	1
1.1 Қолдану саласы.....	1
1.2 Құралдың мақсаты.....	2
1.3 Қолдану бойынша нұсқаулар.....	2
1.4 Нормативтік сілтемелер.....	5
1.5 Терминдер және анықтамалар.....	6
1.6 Символдар.....	8
1.7 Элементтердің осьтерінің шартты белгілері.....	10
1.8 СИ бірліктерінің халықаралық жүйесі.....	11
2 БОЛАТ ҒИМАРАТТАРДЫ ЖОБАЛАУ ҚАҒИДАЛАРЫ.....	12
2.1 Жалпы мәліметтер.....	12
2.1.1 Жобалау тұжырымдамалары.....	12
2.1.2 Қауіпсіздіктерді тексеру.....	14
2.2 Материалдар.....	15
2.2.1 Конструкциялық болат.....	15
2.2.2 Сейсмикалық ықпалды есептеу кезінде конструкциялық болатқа қойылатын талаптар .....	18
2.2.3 Қосылыстар.....	19
2.3 Қаңқалардың конструктивтік тұрпаттары және тәртіп коэффициенттері.....	21
2.3.1 Конструктивтік тұрпаттар.....	21
2.3.2 Тәртіп коэффициенттері.....	24
2.4 Болат ғимараттардың жоспардағы мөлшерлеріне және биіктігі бойынша шектеулер.....	26
2.5 Конструкциялар есебі.....	28
2.5.1 Жалпы талаптар.....	28
2.5.2 Көлденең қималардың жіктелуі.....	28
2.5.3 Көлденең қималардың беріктік бойынша көтергіш қабілеті.....	34
2.5.4 Орнықтылық бойынша элементтердің көтергіш қабілеті.....	40
3 ДИССИПАТИВТІК КОНСТРУКТИВТІК ТӘРТІПKE АРНАЛҒАН КОНСТРУКЦИЯЛАРДЫҢ БАРЛЫҚ ТҰРПАТТАРЫНА ОРТАҚ ЖОБАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ МЕН КОНСТРУКЦИЯЛАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ.....	55
3.1 Жалпы мәліметтер.....	55
3.2 Диссипативтік құрылыстарға арналған жобалау критерийлері.....	55
3.3 Сығылуға немесе майысуға жұмыс істейтін диссипативтік элементтерге арналған жобалау ережелері.....	56
3.4 Созылуға жұмыс істейтін бөліктерге немесе элементтерге арналған жобалау ережелері.....	57
3.5 Диссипативтік аймақтардағы қосылыстарға арналған жобалау қағидалары....	58
4 МОМЕНТТІК ЖАҚТАУЛЫ ҚАҢҚАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ КОНСТРУКЦИЯЛАУ ҚАҒИДАЛАРЫ.....	58

## ҚР НТҚ 08-01.5-2013

4.1	Жобалау критерийлері.....	58
4.2	Арқалықтар.....	59
4.3	Колонналар.....	60
4.4	Арқалықтардың колонналармен қосылыстары.....	62
5	ШОҒЫРЛАНҒАН БАЙЛАНЫСТАРЫ БАР ҚАҢҚАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ КОНСТРУКЦИЯЛАУ ҚАҒИДАЛАРЫ.....	63
5.1	Жобалау критерийлері.....	63
5.2	Есептеу.....	64
5.3	Байланыстардың диагональдық элементтері.....	65
5.4	Арқалықтар және колонналар.....	65
6	ЭКСЦЕНТРИСТІК БАЙЛАНЫСТАРЫ БАР ҚАҢҚАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ КОНСТРУКЦИЯЛАУ ҚАҒИДАЛАРЫ.....	66
6.1	Жобалау критерийлері.....	66
6.2	Сейсмикаға қарсы звенолар.....	67
6.3	Сейсмикаға қарсы звенолардан тұрмайтын элементтер.....	70
6.4	Сейсмикаға қарсы звенолардың қосылыстары.....	70
7	ҒИМАРАТТАРДЫҢ ӨЗГЕ ТҮРПАТТАРЫНА АРНАЛҒАН ЖОБАЛАУ ҚАҒИДАЛАРЫ.....	71
7.1	Аударылған маятник тұрпатындағы құрылыстарды жобалау ережелері.....	71
7.2	Бетонды ұйшықтары немесе бетонды қабырғалары бар болат конструкцияларды, сондай-ақ шоғырланған байланыстармен немесе толтырулармен үйлестірілген моменттік жақтаулы қаңқаларды жобалау қағидалары.....	71
7.2.1	Бетонды ұйшықтары немесе бетонды қабырғалары бар құрылыстар...	71
7.2.2	Шоғырланған байланыстармен үйлестірілген моменттік жақтаулы қаңқалар.....	71
7.2.3	Толтырулармен үйлестірілген моменттік жақтаулы қаңқалар.....	72
8	ЖОБАЛАУДЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫСТЫ БАҚЫЛАУ.....	72
А Қосымша	(ақпараттық) Қазақстандағы көп қабатты ғимараттардың сейсмикалық төзімді болат қаңқасын жобалау тәжірибесі.....	74
Б Қосымша	(ақпараттық) Сындарлы нысандар мен энергияны сіңіретін элементтерді есептеу.....	95
В Қосымша	(ақпараттық) Кезеңдік рамалық каркасы бар ғимараттың сейсмикалық әсерге төтеп беруін есептеу мысалы.....	111
Г Қосымша	(ақпараттық) Концентрлес байланыстарымен тіректі ғимаратты сейсмикалық әсерлерге есептеу мысалы.....	157
Д Қосымша	(ақпараттық) Бір бағыттағы моменттік жақтаулары мен өзге бағыттағы эксцентрлік байланыстары бар ғимарат қаңқасының сейсмикалық ықпалын есептеу үлгісі .....	196
Е Қосымша	(ақпараттық) Еврокодта белгіленген, бірақ толық түсіндірмеге ие болмаған, параметрлер туралы қосымша ақпарат.....	251
	БИБЛИОГРАФИЯ.....	256



## КІРІСПЕ

Осы нормативтік-техникалық құралды Қазақстан Республикасындағы сейсмикалық төзімді құрылыстың нормативтік базасын жетілдіру және оны еуропалық нормалармен үйлестіру мақсатында «ҚазНИИСА» АҚ дайындаған.

Алғаш рет әзірленіп отырған осы нормативтік-техникалық құралда сейсмикалық аймақтарда құрылыс жүрізуге арналған болат ғимараттарды жобалауға қойылатын приведены требования ҚР ҚН EN 1998-1 талаптары, осы талаптарды зерделейтін және дамытатын ережелер, жобалаудың баламалы қағидалары, жобалау тәжірибесіндегі ҚР ҚН EN 1998-1 қолдану ұсыныстары мен үлгілері келтірілген.

Осы нормативтік-техникалық құралды әзірлеу кезінде, ҚР ҚН EN 1998-1 ережелері мен ҚР ҚН EN басқа да нормативтік құжаттарынан тысқары, Қазақстанда және сейсмикалық төзімді құрылыс саласында мамандандырылған шетелдік ұйымдар орындаған сейсмикалық төзімді ғимараттарды эксперименталдық және теориялық зерттеулердің сынамаланған нәтижелері есепке алынды.

Мәтіні осы нормативтік-техникалық құралдың тиісті бөлімдерінде толық келтірілген ҚР ҚН EN 1998-1 тармақтарының нөмірлері құрал тармақтарының нөмірлерімен қатар шаршылы жақшалардың ішінде көрсетілген.

Мәтіні нормативтік-техникалық құралдың бөлімдерінде ішінара келтірілген ҚР ҚН EN 1998-1 тармақтарының нөмірлері құралдың осы тармақтары мәтінінің соңында шаршылы жақшалардың ішінде көрсетілген.

Мәтіні толық сақталған ҚР ҚН EN басқа құжаттары тармақтарының нөмірлері құрал тармақтарының нөмірлерімен қатар шаршылы жақшалардың ішінде ҚР ҚН EN сол құжатына сілтеме жасалып көрсетілген.

Осы құралды қолдану кезінде құралдың барлық ережелері бірдей ҚР ҚН EN 1998-1 ережелеріне ұқсас емес екенін ескерген жөн. Бұл тұрғыда осы нормативтік-техникалық құралды ҚР ҚН EN 1998-1 қатар дамытын нормативтік-техникалық құжат ретінде қарастырған жөн.

Осы нормативтік-техникалық құрал Қазақстан Республикасының нормативтік құжаты ретінде ерікті негізде қолданысқа енгізіледі және жобалау ұйымдарының инженерлік-техникалық қызметкерлеріне, ғылыми қызметкерлерге, жобалау өнімінің тапсырыс берушілеріне және жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне арналған.

Осы құралда келтірілген есептеу үлгілерін осы конструкциялардың техникалық шешімдерінің үлгілері ретінде емес, ҚР ҚН EN нормаларының материалдарын пайдалану үлгілері ретінде қарастыру қажет.



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ  
НОРМАТИВНО-ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

---

**СЕЙСМИКАҒА ТӨЗІМДІ ҒИМАРАТТАРДЫ  
ЖОБАЛАУ. 1-БӨЛІМ. ҒИМАРАТТАРДЫ БОЛАТ КОНСТРУКЦИЯЛАРДАН  
ЖОБАЛАУ**

**ПРОЕКТИРОВАНИЕ СЕЙСМОСТОЙКИХ ЗДАНИЙ.  
ЧАСТЬ 1. ПРОЕКТИРОВАНИЕ ЗДАНИЙ ИЗ СТАЛЬНЫХ КОНСТРУКЦИЙ**

---

Енгізілген күні 2015–07–01

**1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

**1.1 Қолдану саласы**

1.1.1 Осы нормативтік-техникалық құрал (бұдан былай - НТҚ) «Болат ғимараттарға арналған арнайы қағидалар» ҚР ҚН EN 1998-1 6-тарауында келтірілген және сейсмикалық аймақтарға салынатын тұрғын үй және қоғамдық болат ғимараттарды жобалау кезінде қолдануға арналған қағидалар мен қаидаттардан тұрады және дамытады.

1.1.2 Осы нормативтік-техникалық құралдың ережелері ғимараттарға таралмайды:

а) топырақ ауытқуларының есептік жылдамдықтары  $0,6g$  асатын, топырақ жағдайларын есепке ала отырып анықталған алаңшалардағы немесе жер бетіндегі жарылулардың болы мүмкін аймақтарда орналасқан;

б) көлденең толқындардың таралу жылдамдығы кем дегенде  $100$  м/с құрайтын, қалыңдығы  $10$  м артық топырақ қабатынан тұратын немесе сиреуге бейім топырақ түзілімі бар алаңдарда орналасқан;

в) жоспарда және/немесе биіктігі бойынша шамадан тыс реттелмеген конструктивті жүйелері бар және тік-берілгіш болып табылатын конструктивті жүйелері бар («Сейсмикалық төзімді ғимараттарды жобалау. Азаматтық ғимараттарды жобалау. Жалпы талаптар» НТҚ қар.);

г) жоспарда және биіктігі бойынша осы құралдың 2.6. және 2.7.-кестелерінде көрсетілген мөлшердерден асатын өлшемдері бар;

д) объектіден тыс шығатын төтенше жағдайлардың туындауына қабілетті зақымдалулар мен бұзылулар (мысалы, қоршаған ортаға түсуі салдарынан адамдардың денсаулығына зиян келтіруі және сейсмикалық кезеңнен кейін халықтың тіршілік етуін бұзатын химиялық және/немесе биологиялық материалдарды дайындауға және/немесе сақтауға арналған ғимараттар);

и) өндірістік мақсаттағы ғимараттарға қолданылмайды..

1.1.3 ҚР ҚН EN 1998-1 және осы құралда айтылмаған талаптар қойылатын болат конструкциялы ғимараттарды жобалауды тиісті нормативтер әзірленгенше, арнайы техникалық шарттар негізінде жүзеге асырған жөн.

## **1.2 Құралдың мақсаты**

Осы құрал болат ғимараттарды жобалау кезінде қолданылатын, сондай-ақ:

- жер сілкіну кезінде адамдардың өмірін қорғауға;
- сейсмикалық әрекеттердің залалдарын шектеуге;

– сейсмикалық оқиғалардан кейін халықты қорғауға қажетті деп табылатын ғимараттардың пайдалну қасиеттерінің сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған (1.1.1(1)Р ҚР ҚН EN 1998-1 қар.) EN 1998-1:2004 «Сейсмикалық төзімді конструкцияларды жобалау. 1 бөлім: Жалпы қағидалар, сейсмикалық ықпалдар және ғимараттарға арналған қағидалар» еуропалық стандартының қағидаттары мен қағидаларын игеру және практикада қолдану үшін жобалау ұйымдарының инженерлік-техникалық қызметкерлеріне, ғылыми қызметкерлерге, жобалау өнімінің тапсырыс берушілеріне және жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне ықпал ету мақсатында әзірленген.

## **1.3 Қолдану бойынша нұсқаулар**

1.3.1 Осы құрал, ҚР ҚН EN 1998-1 сияқты, сейсмикалық аймақтардағы ғимараттарды жобалау кезінде сақталуға тиіс ережелерден ғана тұрады. Осы тұрғыда олар ҚР ҚН EN 1993-1-1 [1.1.1(3)Р] мазмұндалатын ережелерді толықтырады.

1.3.2 ҚР ҚН EN 1998-1 ережелеріне және осы құралға сәйкес жобаланатын ғимараттар, сонымен қатар олардың жекелеген элементтері ҚР ҚН EN 1990, ҚР ҚН EN 1991, ҚР ҚН EN 1993 және оларға сәйкес келетін құралдарда айтылған барлық қағидаттар мен қағидаларды қанағаттандыруы тиіс, егер ҚР ҚН EN 1998-1, осы құралда және/немесе арнайы техникалық шарттарда өзге жай көзделмесе.

1.3.3 Осы құралда келтірілген қағидаларды «Сейсмикалық төзімді ғимараттар мен құрылыстарды жобалау. Жалпы ережелер. Сейсмикалық ықпалдар» құралы мен «Сейсмикалық төзімді ғимараттарды жобалау. Азаматтық ғимараттарды жобалау. Жалпы талаптар» құралының ережелерімен бірлестіре қолданған жөн.

1.3.4 Осы құрал, ҚР ҚН EN 1998-1 6-тарауының ережелерінен тысқары:

а) ҚР ҚН EN 1998-1 Ұлттық Ережесінде келтірілген және Қазақстан Республикасының сейсмикалық аймақтарында ғимараттар мен құрылыстарды жобалауға қажетті ұлттық негізде белгіленген параметрлерден;

б) ҚР ҚН EN 1998-1 ережелерін бірмағыналы түсіндіруге және құралды практикада ыңғайлы қолдануға мүмкіндік беретін басқа ҚР ҚН EN кейбір ережелерінен;

в) баламалы және қосымша тұжырымдардан, анықтамалардан, талдау модельдерінен, талаптар мен қағидалардан;

г) ҚР ҚН EN 1998-1 және осы құралдың кейбір ережелерін түсіндіретін немесе негіздеме беретін ескертулерден;

д) ғимараттар мен құрылыстарды жобалау кезінде ҚР ҚН EN 1998-1 қатар қолданылатын нормативтік құжаттарға берілетін сілтемелерден;

е) практикада осы құрал ережелерінің қолданылуын суреттейтін үлгілерден тұрады.

1.3.5 Осы құралда келтірілген баламалы және қосымша тұжырымдар, анықтамалар, талдау модельдері, талаптар мен қағидалар екі түрге бөлінеді:

а) ҚР ҚН EN 1998-1 қалыс қалғандар және мұндай мүмкіндік көзделген ҚР ҚН EN 1998-1 сол ережелердің дамуы және толықтырылуы үшін құралдың құрамына енгізілгендер;

б) ҚР ҚН EN 1998-1 кейбір ережелерінің орнына құралдың құрамына енгізілгендер.

1.3.6 ҚР ҚН EN 1990 1.4(5) ескертуіне сәйкес ғимараттар мен құрылыстарды жобалау кезінде ҚР ҚН EN ережелерінен айырмашылығы бар, бірақ ғимараттар мен құрылыстардың, кем дегенде, ҚР ҚН EN көзделген құжаттарына тең мәні бар сенімділікті, пайдалану жарамдылығын және ұзақ мерзімге төзімділігін қамтамасыз ететін қосымша және баламалы ережелерді пайдалануына рұқсат беріледі.

ЕСКЕРТУ 1.3.5 а) көрсетілген қосымша және баламалы ережелер, ҚР ҚН EN 1998-1 сәйкес келеді, тиісті зерттеу нәтижелеріне негізделеді және, кем дегенде, ҚР ҚН EN 1998-1 ғимараттар мен құрылыстардың сейсмикалыққа қарсы сенімділігін қамтамасыз ету бөлігіндегі ережелермен тең мағыналас болып табылады.

1.3.7 Осы құралды қолдану кезінде, егер ғимараттар мен құрылыстардың жобалары ҚР ҚН EN 1998-1 қағидаларынан ерекшеленетін ережелердің қолданылуы арқылы орындалатын болса, онда бұл жобалар, тіпті олар ҚР ҚН EN 1998-1 қағидаларына сәйкес болған жағдайдың өзінде, еуропалық нормалардың тиісті талаптарына толық сәйкес келетін жоба ретінде қарастырыла алмайтынын ескеру қажет (ҚР ҚН EN 1990 1.4(5) ескертуді қар.).

1.3.8 Болат конструкциялы ғимараттарды жобалау кезінде есептеу мен жобалаудың осы құралдың ережелерінен ерекшеленетін қосымша және баламалы ережелерін қолдануға, бұл ережелердің ҚР ҚН EN 1998-1 қағидаттарына толық сәйкестігі дәлелденген жағдайда ғана жол беріледі.

Дәлелдер мойындалған ғылыми ережелерге, сынамаланған ғылыми-техникалық шешімдерге негізделуі және ғимараттар мен құрылыстардың ҚР ҚН EN 1998-1 және осы құралда көзделген, кем дегенде, тең мағыналас сенімділігін қамтамасыз етуі тиіс.

ЕСКЕРТУ ҚР ҚН EN 1998-1 және/немесе осы құралдың ережелерінен ерекшеленетін қосымша және баламалы ережелер тапсырыс берушінің және Қазақстан Республикасының сәулет, қала салу және құрылыс істері жөніндегі органымен аккредиттелген ұйымның келісімі бойынша ғана қолданылуы мүмкін.

1.3.9 ҚР ҚН EN 1998-1 және осы құралды дамытуға жасалатын құжаттардың ережелері (аумақтық құрылыс нормалары, оқу құралдары, ұсынымдар, стандарттар, арнайы техникалық шарттар және басқалар):

– ҚР ҚН EN 1998-1 және осы құралдың қағидаттары мен қағидаларына қайшылық келтірмеуі тиіс;

– ғимараттардың ҚР ҚН EN 1998-1 және осы құралда көзделген, кем дегенде, тең мағыналас сенімділігін қамтамасыз етуі тиіс.

1.3.10 ҚР ҚН EN 1998-1 және тиісті нормативтік-техникалық құралдарда сипаттамалары, қасиеттері, габариттері мен конструктивтік шешімдері бойынша талаптары қарастырылмаған ғимараттарды жобалауға арналған арнайы техникалық шарттардың атаулы сипаты болуы тиіс және арнайы ғылыми-зерттеу және/немесе

жобалау ұйымдарын тарту арқылы әзірленуі тиіс.

Арнайы техникалық шарттарды жасау үшін тартылған ұйымдар Қазақстан Республикасының сәулет, қала салу және құрылыс істері жөніндегі органымен аккредиттелуі тиіс.

ЕСКЕРТУ Арнайы техникалық шарттардың мазмұнына, келісу тәртібіне және бекітуге қойылатын талаптар ҚБҚ 1.02-00-2012 ережелеріне сәйкес келуі тиіс.

1.3.11 Болат конструкциялы ғимараттарды жобалау және салу кезінде олардың сейсмикалық төзімділігінің мынадай іс-шаралар кешенімен қамтамасыз етілуі қажеттігін ескерген жөн:

- сейсмикалық тұрғыда неғұрлым қолайлы жағдайдағы құрылыс алаңын таңдау;
- сейсмикалық есептеу жағдайларын, құрылыс алаңының топырақ жағдайларын конструктивтік шешімдер мен объектінің жауапкершілігін есепке ала отырып, сейсмикалық ықпалдардың параметрлерін анықтау;
- тиісті көлемдік-жоспарлау және конструктивтік шешімдерді қолдану;
- тиісті құрылыс материалдары мен технологияларын қолдану;
- есептеулер нәтижесіне сәйкес салмақ түсетін және салмақ түспейтін элементтерді құрастыру;
- есептеу нәтижелеріне тәуелсіз тағайындалған арнайы конструктивтік талаптарды қадағалау;
- жобалар мен құрылыс жұмыстарын тиісті сапада орындау;
- жобалар мен құрылыс жұмыстарының сапасын жүйелі бақылау.

1.3.12 Құрылыс алаңын оның сейсмикалық қасиеттері, топырақ жағдайларының жіктелуі бойынша таңдау және сейсмикалық есептеу жағдайларына сәйкес сейсмикалық ықпалдар параметрлерін анықтау және ғимараттардың бұзылуларының болмауын, сондай-ақ зақымдалуларын шектеу бойынша талаптардың назарға алынуын тексеру кезінде «Сейсмикалық төзімді ғимараттар мен құрылыстарды жобалау. Жалпы ережелер. Сейсмикалық ықпалдар» құралының ережелерін басшылыққа алу қажет.

1.3.13 Ғимараттардың конструктивтік-жобалау шешімдерін таңдау, олардың жауапкершілік сыныптарын анықтау, сонымен қатар ғимараттардың есептеу модельдерін таңдау, сейсмикалық ықпалдардың әсерлерін есептеу және ғимараттардың конструктивтік шешімдерінің «бұзылулардың болмауы» және «зақымдануларды шектеу» бойынша қойылатын талаптарға сәйкестігін тексеру кезінде «Сейсмикалық төзімді ғимараттарды жобалау. Азаматтық ғимараттарды жобалау. Жалпы талаптар» құралы мен осы құралдың ережелерін басшылыққа алу қажет.

1.3.14 Осы құралдың 1.2 айтылған жобалау мақсатына 1.3(2) ҚР ҚН EN 1990 баяндалған жалпы жағдайларды және 1.3(2)Р ҚР ҚН EN 1998-1 («Сейсмикалық төзімді ғимараттар мен құрылыстарды жобалау. Жалпы ережелер. Сейсмикалық ықпалдар» құралының 1.4 қар.) келтірілген алғышарттарды сақтау арқылы қол жеткізіледі.

1.3.15 Ғимараттардың жаңа конструктивтік жүйелерін әзірлеу және жаңа материалдарды, конструкциялар мен бұйымдарды әзірлеу кезінде «Сейсмикалық төзімді ғимараттар мен құрылыстарды жобалау. Жалпы ережелер. Сейсмикалық ықпалдар» құралының 1.2.11 талабын ескеру қажет.

1.3.16 [6.1.1(2)Р] Болаттемірбетонды конструкциялардан жасалған ғимараттар үшін

ҚР ҚН EN 1998-1 7-тарауында және оның құралында келтірілген қағидаларды қолданған жөн.

#### 1.4 Нормативтік сілтемелер

1.4.1 Осы нормативтік-техникалық құралды қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 «Күш түсетін конструкцияларды жобалаудың негіздері».

ҚР ҚН EN 1991-1-1:2002/2011 «Салмақ түсетін конструкцияларға ықпалдар. 1-1 бөлім. Ғимараттың жеке салмағы, тұрақты және қоса берілген жүктемелер».

ҚР ҚН EN 1991-1-3:2003/2011 «Күш түсетін конструкцияларға әсер ету. 1-3 бөлімі. Жалпы әсер ету. Қар жүктемелері».

ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 «Болат конструкцияларды жобалау. 1-1 бөлім. Жалпы қағидалар және ғимараттарға арналған қағидалар».

ҚР ҚН EN 1993-1-3:2006/2011 «Болат конструкцияларды жобалау. 1-3 бөлімі. Жалпы ережелер. Суықтай калыпталған элементтер мен кескінделген табақтарға арналған қосымша ережелер».

ҚР ҚН EN 1993-1-5:2006/2011 «Болат конструкцияларды жобалау. 1-5 бөлім. Табақ болаттан жасалған конструкциялардың элементтері».

ҚР ҚН EN 1993-1-8:2005/2011 «Болат конструкцияларды жобалау. 1-8 бөлім. Қосылыстар есебі».

ҚР ҚН EN 1993-1-9:2005/2011 «Болат конструкцияларды жобалау. 1-9 бөлімі. Қажу беріктігі».

ҚР ҚН EN 1993-1-10:2005/2011 «Болат конструкцияларды жобалау. 1-10 бөлім. Материалдың екпінді тұтқырлығы және илемнің қалыңдық бағытындағы беріктілік қасиеттері».

ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 «Сейсмикалық төзімді конструкцияларды жобалау. 1 бөлім. Жалпы қағидалар, сейсмикалық ықпалдар және ғимараттарға арналған қағидалар».

НТП РК 08-01.1-2012 Пособие «Проектирование сейсмостойких зданий и сооружений. Общие положения. Сейсмические воздействия».

НТП РК 08-01.2-2012 Пособие «Проектирование сейсмостойких зданий. Проектирование гражданских зданий. Общие требования».

НТП РК 01-01.3-2012 Пособие «Нагрузки и воздействия на здания. Снеговые нагрузки. Ветровые воздействия».

СТ РК EN 10025-2012 (части 2 - 6) «Изделия горячекатаные из конструкционных сталей».

СН РК EN 1992-1-1 «Проектирование железобетонных конструкций. Часть 1-1. Общие правила и правила для зданий».

СТ РК EN 1090-2-2011 «Болат және алюминий конструкцияларды дайындау. 2 бөлім. Болат конструкцияларға қойылатын техникалық талаптар».

ҚР ҚБҚ 1.02-00-2012 «Құрылыстың жобалау құжаттамасын әзірлеу, келісу, бекіту тәртібі және құрамы».

EN 10210-1 «Профили конструкционные полые горячеформованные из нелегированных и мелкозернистых сталей. Часть 1. Технические условия поставки».

EN 10219-1 «Профили конструкционные полые сварные холодноформованные из нелегированных и мелкозернистых сталей. Часть 1. Технические условия поставки».

EN 10164 «Изделия из стали с улучшенной деформируемостью перпендикулярно поверхности изделия. Технические условия поставки».

СТ РК EN 10080-2011 «Арматура для железобетонных конструкций. Сварная арматура. Общие положения».

EN 14399-8 «Высокопрочный сболченный конструктивный узел для предварительной нагрузки. Часть 8. Система HV. Шестигранный подогнанный болт и гаечные узлы».

ISO 5817 «Сварка. Сварные швы при сварке плавлением стали, никеля, титана и других сплавов (лучевая сварка исключена). Уровни качества в зависимости от дефектов шва».

### **1.5 Терминдер және анықтамалар**

1.5.1 Осы құралда «Сейсмикалық төзімді ғимараттар мен құрылыстарды жобалау. Жалпы ережелер. Сейсмикалық ықпалдар» құралының 1.5 және «Сейсмикалық төзімді ғимараттарды жобалау. Азаматтық ғимараттарды жобалау. Жалпы талаптар» құралының 1.3 келтірілген терминдер мен анықтамалар қолданылады.

Төменде бұл құралдардың осы оқу құралында мейлінше көп қолданылған терминдері мен анықтамалары келтірілген.

**1.5.2 Конструктивті жүйе (structural system):** Бірлесіп жұмыс істеу үшін белгіленген тәсіл арқылы біріктірілген ғимараттың немесе инженерлік құрылыстың салмақ түсетін элементтері.

**1.5.3 Конструктивтік элемент (structural member):** Конструкцияның физикалық тұрғыдағы ажырамас бөлігі, мысалы, колонна, арқалық, плита, байланыс.

**1.5.4 Конструктивтік емес салмақ түспейтін элемент (non-structural element):** Өзінің жеткіліксіз беріктігі немесе құрылыстағы қосылыс үшін қабылданға тәсілі жобалау кезінде конструктивтік жүйеге келетін сейсмикалық жүктемені қабылдайтын элемент ретінде қарастырылмайтын сәулеттік, механикалық немесе электрлік элемент, жүйе немесе компонент.

**1.5.5 Бастапқы конструктивтік элемент (primary seismic structural member):** Сейсмикалық ықпалдарға қарсы тұру үшін ғимараттың конструктивтік жүйесіне қабілеттілігі тәуелді конструктивтік элемент; бастапқы конструктивтік элементтердің беріктігі мен қаттылығын сейсмикалық ықпалдарды есептеу кезінде есепке алу қажет.

**1.5.6 Қайталама конструктивтік элемент (secondary seismic structural member):** Сейсмикалық ықпалдарға қарсы тұру үшін ғимараттың конструктивтік жүйесіне әсер етпейтін конструктивтік элемент; қайталама конструктивтік элементтердің беріктігі мен қаттылығын сейсмикалық ықпалдарды есептеу кезінде есепке алмауға болады.

ЕСКЕРТУ Осы құралда қайталама конструктивтік элементтерді жобалаудың қағидаттары мен қағидалары қарастырылмайды. Бұл элементтер үшін ҚР ҚН EN 1998 барлық қағидаларына сәйкестік талап етілмейді, бірақ олар тиісті сейсмикалық есептеу жағдайларында гравитациялық жүктемені ұстауға мүмкіндігі жететіндей жобаланады және құрасырылады.

**1.5.7 Сейсмикалық ықпал ( $A_E$ ) (seismic action ( $A_E$ )):** Жер сілкінісі кезінде топырақтың қозғалысынан туындаған ықпал.

**1.5.8 Сейсмикалық жүктер (seismic loads):** Әсерлі имаратқа сейсмикалық әсер еткенде пайда болатын инерциялық күштер.

**1.5.9 Сейсмикалық есептік жағдай (seismic design situation):** Сейсмикалық



ықпалдар кезіндегі құрылыстарға арналған ерекше жағдайларды ескеретін есептік жағдай.

**1.5.10 Тұрақты есептік жағдай** (persistent design situation): Құрылысты пайдаланудың барлық кезеңінде анықтаушы болып табылатын жағдай.

**1.5.11 Қатерлі шекті жағдай** (ultimate limit state): Конструкцияның (ғимараттың) бұзылуымен немесе істен шығуының өзге де нысандарымен байланысты жағдай.

**1.5.12 Шекті жағдай** (limit state): Құрылыс конструкцияларының жобалау нормаларының талаптарына жауап бермейтін кездегі жағдайы.

**1.5.13 Салмақ түсетін қабілеттілік (кедергі)** (resistance): Конструктивтік элементтің немесе оның көлденең қимасының механикалық бұзылыстарсыз ықпалдарға қарсы тұру қабілеттілігі, мысалы, иілуі кедергісі, тұрақтылықтың жоғалу кедергісі, созылу кедергісі.

**1.5.14 Жалпы есеп** (global analysis): Конструктивтік шешімдердің және материалдық қасиеттердің геометриялық өлшемдеріне қарай және салмақ түсетін конструкцияға ықпалды тепе-теңдіктегі моменттердің және күштердің, конструкциядағы күш шамаларының арасындағы келісілген анықтама.

**1.5.15 Модельді анализ** (modal analysis): Теориялық анализдің нәтижесі бойынша Теориялық есептік сейсмикалық жүктің анықтауы.

**1.5.16 Ықпалдардың әсері (E)** (effect of action (E)): Конструкциялардың элементтеріне (мысалы, ішкі күштер, моменттер, кернеулер, деформациялар) ықпал ету нәтижесі немесе ықпалдардан туындаған барлық құрылыстың реакциясы (мысалы, майысулар, бұрылулар).

**1.5.17 Тәртіп коэффициенті** (behaviour factor): Материалдың, конструктивтік жүйенің ерекшеліктерімен шарттастырылған және жобалау әдістемесімен қабылданған құрылыстың сызықтық емес реакциясын есепке алу мақсатында, сызықтық есептеу нәтижесінде алынған күштерді азайту үшін жобалау кезінде қолданылатын коэффициент.

**1.5.18 Салмақ түсетін қабілеттілік бойынша жобалау әдісі** (capacity design method): Конструктивтік жүйедегі үлкен деформациялар кезіндегі энергияны диссипациялауға арналған элементтерді тиісті тәсілмен таңдайтын және құрастыратын жобалау әдісі, сол уақытта өзге де конструктивтік элементтер жұмысқа қабілетті калпында қалу үшін энергияны диссипирлеуге таңдалған элементтер жеткілікті беріктікке ие болуы.

**1.5.19 Диссипативтік энергия** (energy dissipation): Сейсмических тербелістің энергия шашырап таратылуы.

**1.5.20 Диссипативтік конструкция** (dissipative structure): Пластикалық гистерезистік тәртіп нәтижесінде және/немесе өзге де тетіктердің көмегі арқылы энергияны диссипациялауға қабілетті конструкция.

**1.5.21 Диссипативтік аймақтар** (dissipative zones): Энергия тәртібіне қабілеттілігі басты тәсілмен іске асырылатын диссипативтік конструкцияның алдан ала анықталған жергілікті учаскелері.

**1.5.22 Жауапкершілік коэффициенті** (importance factor): Құрылыстың істен шығу салдарын есепке алатын коэффициент.

**1.5.23 Референті мағына** (reference value): Ақиқаттық мағынаға деген ең әмпейлік қарастырылатын мағына.

**1.5.24 Диссипативтік емес құрылыс** (non-dissipative structure): Материалдың сызықтық емес тәртібі есепке алынбай, сейсмикалық есептік жағдайды анықту үшін жобаланған құрылыс.

**1.5.25 Пластикалық (ductility):** Серпімді емес деформацияның қиратылуысыз қабілеті.

**1.5.26 Пластикалық конструктивтік жүйе (ductile structural system):** Морт бұзылу нысандарының көрінісіңіз және ауытқу энергиясының елеусіз таралуымен сүйемелденетін, деформациялануы беріктіктің нақты шығынынсыз коллапсқа дейін жететін жүйе.

**1.5.27 Пластикалық деформациялар (plastic deformation):** Кернеудің өзгерінен туындаған және жұмсалған шығындардың әрекеті аяқталғаннан кейін (толық немесе ішінара) жоғалмайтын тұрақты дене деформациялары.

**1.5.28 Пластикалық шарнир (plastic hinge):** Болаттың пластикалық сатыда деформацияланатын шегіндегі элементтің қимасы немесе учаскесі.

**1.5.29 Қарсы тұрушылық (resistibility):** Конструкцияның немесе конструктивтік элементтің статикалық және динамикалық (сейсмикалық) жүктемелерге қарсы тұру қабілеттілігін сипаттаушы көрсеткіш.

**1.5.30 Екінші текті әсер (P-Δ әсер) (second order effect (P-Δ effect)):** Конструктивтік жүйеде оның геометриялық сұлбасының өзгеруіне байланысты пайда болған қосымша күштердің туындауына байланысты әсер.

## 1.6 Символдар

### 1.6.1 Жалпы мәліметтер

Осы құралда ҚР ҚН EN 1990 1.6, ҚР ҚН EN 1993-1-1 1.6-қосалқы тарауында және ҚР ҚН EN 1993-1-8 1.5 келтірілген символдар қолданылады. Сонымен қатар «Сейсмикалық төзімді ғимараттар мен құрылыстарды жобалау. Жалпы ережелер. Сейсмикалық ықпалдар» құралының 1.6 және «Сейсмикалық төзімді ғимараттарды жобалау. Азаматтық ғимараттарды жобалау. Жалпы талаптар» құралының 1.4 келтірілген символдар қолданылады.

1.6.2 сол құралдардың осы құралда неғұрлым көп қолданылған символдары, сондай-ақ ҚР ҚН EN 1998-1 6-тарауына сәйкес болат конструкциялардың сейсмикалық ықпалдарын есептеу кезінде қолданылатын қосымша символдар келтірілген.

### 1.6.2 Осы құралда қолданылатын символдар

$A_{Ed}$  – сейсмикалық ықпалдың есептік мәні ( $= \gamma_I \cdot A_{Ek}$ );

$A_{Ek}$  – қайталаушылықтың референттік кезеңіне арналған сейсмикалық ықпалдың сипаттамалық мәні;

$E_d$  – ықпалдар әсерінің есептік мәні;

$G$  – тұрақты ықпал;

$Q$  – ауыспалы ықпал;

$S_d(T)$  – реакцияны есептеу спектрі (серпімді есептеу үшін);

$S$  – топырақ жағдайының әсерін сипаттаушы коэффициент;

$T$  – бір дәрежелі еркіндіктің сызықтық жүйесінің ауытқу кезеңі;

$a_{gR}$  – IА тұрпатты топыраққа арналған референттік шындық үдеуі;

$a_g$  – IА тұрпатты топыраққа арналған есептік үдеуі;

$a_{vg}$  – тік бағыттағы топырақтың есептік үдеуі;

$g$  – еркін түсу үдеуі;

- $q$  – тәртіп коэффициенті;  
 $\gamma_1$  – жауапкершілік коэффициенті;  
 $\psi_{2,i}$  – ауыспалы ықпалдың  $i$  квазитұрақты мәніне арналған араласу коэффициенті;  
 $\psi_E$  – есептік сейсмикалық ықпалдың әсерін анықтау кезінде қолданылатын ауыспалы ықпалға  $i$  арналған араласу коэффициенті;  
 $E_E$  – сейсмикалық ықпалдың әсері;  
 $F_i$  – қабаттағы көлденең сейсмикалық күш  $i$ ;  
 $L_{\max}, L_{\min}$  – ортгоналдық бағыттардағы ғимараттың ең үлкен және ең кіші өлшемдері;  
 $T_1$  – ғимараттың негізгі тоны бойынша ауытқулар кезеңі;  
 $d_s$  – есептік сейсмикалық ықпалдан туындаған конструктивтік жүйе нүктесінің алмасуы;  
 $d_r$  – орташа көлденең алмасулардың  $d_s$  қарастырылатын қабаттың жоғарғы және төменгі аражабындарының айырмасы;  
 $d_{rs}$  – қабаттың есептік қисаюы;  
 $e_a$  – қабаттың номиналдық орналасуына қатысты салмағының оқыс эксцентриситеті;  
 $m_i$  –  $i$ -ші қабаттың салмағы;  
 $n$  – іргетастан жоғары немесе қатты жерасты бөлігінің үстіндегі қабаттар саны.  
 $q_d$  – алмасуға арналған тәртіп коэффициенті;  
 $\theta$  – қабаттың қисаю сезімталдығының коэффициенті;  
 $L$  – арқалықтың өткіні;  
 $M_{Ed}$  – сейсмикалық есептеу жағдайына сәйкес келетін есептік иілу моменті;  
 $M_{pl,RdA}$  – А элементінің соңындағы кедергінің пластикалық сәтінің есептік мәні (кедергілер);  
 $M_{pl,RdB}$  – В элементінің соңындағы кедергінің пластикалық сәтінің есептік мәні (кедергілер);  
 $N_{Ed}$  – сейсмикалық есептік жағдайға сәйкес келетін есептік өзектік күш;  
 $N_{Ed,E}$  – тек қана есептік сейсмикалық ықпалға сәйкес келетін өзектік күш;  
 $N_{Ed,G}$  – сейсмикалық есептік жағдайға арналған ықпалдардың араласуына енгізілген сейсмикалық емес ықпалдарға сәйкес келетін өзектік күш;  
 $N_{pl,Rd}$  – ҚР ҚН EN 1993-1-1 сәйкес элементтің толық көлденең қиманың пластикалық кедергісінің есептік мәні;  
 $N_{Rd}(M_{Ed}, V_{Ed})$  – сейсмикалық есептік жағдайдағы  $M_{Ed}$  иілу моменті мен көлденең күштің  $V_{Ed}$  өзара іс-қимылын назарға ала отырып, ҚР ҚН EN 1993-1-1 сәйкес колоннаның өзектік кедергісі мен диагоналының мәні;  
 $R_d$  – ҚР ҚН EN 1993-1-1 сәйкес қосылыстардың кедергісі;  
 $R_{fy}$  – ҚР ҚН EN 1993-1-1 анықталғандай, қосылған диссипативтік элементтер материалының аққыштық шегінің есептік мәніне негізделген пластикалық кедергі (салмақ түсетін қабілеттілігі);  
 $V_{Ed}$  – сейсмикалық есептік жағдайға сәйкес келетін көлденең күштің есептік мәні;  
 $V_{Ed,G}$  – сейсмикалық есептік жағдайға арналған ықпалдарды араластыруға енгізілген сейсмикалық емес ықпалға сәйкес келетін көлденең күш ;  
 $V_{Ed,M}$  – арқылықтың екі шетінде кедергінің пластикалық сәттерінің туындауы салдарынан болатын көлденең күш;  
 $V_{pl,Rd}$  – ҚР ҚН EN 1993-1-1 сәйкес элементтің ығысу кедергісінің есептік мәні;

$V_{wp,Ed}$  – есептік сейсмикалық жағдай әсерінің салдарынан болатын панель қабырғасындағы есептік көлденең күш;

$V_{wp,Rd}$  – ҚР ҚН EN 1993-1-1 сәйкес панель ығысуының есептік кедергісі;

$e$  – сейсмикаға қарсы звеноның ұзындығы;

$f_y$  – болаттың аққыштығының номиналдық шегі;

$f_{y,max}$  – болат аққыштығы шегінің максималды рауалы мәні;

$t_w$  – сейсмикаға қарсы звено қабырғасының қалыңдығы;

$t_f$  – сейсмикаға қарсы звено сөресінің қалыңдығы;

$\Omega$  – шоғырланған немесе эксцентрлік байланыстары бар қаңқалардағы диссипативті емес элементтерді жобалауға арналған және есептік сейсмикалық ықпалды ескере отырып орындалған есептеу нәтижелері бойынша алынған өзектік күшке ( $N_E$ ,  $M_E$ ,  $V_E$ ) арналған коэффициент;

$\alpha$  – сейсмикаға қарсы звеноның бір шетіндегі кіші есептік иілу моментінің  $M_{Ed,A}$  пластикалық шарнир қалыптасатын сейсмикаға қарсы звеноның екінші шетіндегі үлкен иілу моментіне  $M_{Ed,B}$  қатынасы, моменттердің екеуі де абсолюттік мәнде қабылданады;

$\alpha_1$  – конструктивтік жүйеде бірінші пластикалық шарнирді қалыптастыру кезінде көлденең есептік сейсмикалық ықпалға қойылатын көтеру коэффициенті;

$\alpha_u$  – конструктивтік жүйеде жалпы пластикалық механизмді қалыптастыру кезінде көлденең есептік сейсмикалық ықпалға қойылатын көтеру коэффициенті;

$\gamma_M$  – материалдың қасиетіне арналған жеке коэффициент;

$\gamma_{ov}$  – материал беріктігі резервінің коэффициенті;

$\delta$  – арқалықтың шетіндегі арқалық өзегіне қатысты өткіннің орта бөлігіндегі арқалықтың майысуы (4.2-сур.қар.);

$\gamma_{pb}$  – байланыс бекітілген арқалыққа сейсмикалық ықпалдың теңгерілмеген әсерін бағалауға арналған V-тәріздес байланыстар элементін сығылу кезіндегі аққыштық кедергісінің есептік мәніне  $N_{pl,Rd}$  қойылатын коэффициент;

$\gamma_s$  – болатқа арналған жеке коэффициент;

$\theta_p$  – пластикалық шарнир аймағының айналу қабілеттілігі (пластикалық шарнир саласындағы қима бұрылысының шекті бұрышы);

$\bar{\lambda}$  – ҚР ҚН EN 1993-1-1 бойынша анықталған элементтің шартты (өлшемсіз) иілгіштігі.

## 1.7 Элементтердің осьтерінің шартты белгілері

Элемент осьтерінің шартты белгілері мынадай:

$x - x$  – элементтің бойлық осі;  $y - y$  – элементтің көлденең осі;  $z - z$  – элементтің көлденең осі.

Болат элементтердің көлденең осьтері үшін қолданылатын шартты белгілер:

а) ортақ жағдайда:

–  $y - y$  – параллель сөрелерге көлденең қиманың осі;

–  $z - z$  – перпендикуляр сөрелерге көлденең қиманың осі;

б) бұрыштық профиль үшін:

–  $y - y$  – кіші қабырғаға параллель қиманың осі;

- $z - z$  – кіші қабырғаға перпендикуляр қиманың осі;
- в) қажетті жағдайларда:
  - $u - u$  – негізгі басты ось ( $y - y$  осіне сәйкес келмейді);
  - $v - v$  – екінші дәрежелі басты ось ( $z - z$  осіне сәйкес келмейді).

Илемдік профильдердің өлшемдері мен осьтерін белгілеу үшін қолданылатын символдар 1.1-суретте көрсетілген.

Құралда келтірілген теңеулерде моментті белгілеу индексін моменттің қолданылуына қарай ось белгілейді.

ЕСКЕРТУ Осы құралда  $y - y$  және  $z - z$  сияқты белгіленетін, сондай-ақ  $u - u$  және  $v - v$  сияқты белгіленетін бұрыштар сияқты қималар үшін басты осьтерге қатысты қималардың геометриялық сипаттамалары қолданылады.

### 1.8 СИ бірліктерінің халықаралық жүйесі

Құралда ISO 1000 сәйкес СИ бірліктері қолданылады.


Есептеп шығару кезінде төмендегідей өлшем бірліктерін қолдану ұсынылады:

- күштер мен жүктемелер: кН, кН/м, кН/м<sup>2</sup>;
- сыбағалы масса: кг/м<sup>3</sup>, т/м<sup>3</sup>;

Құралда ISO 1000 сәйкес СИ бірліктері қолданылады.

Есептеп шығару кезінде төмендегідей өлшем бірліктерін қолдану ұсынылады:

- |                                 |  |
|---------------------------------|--|
| – күштер мен жүктемелер:        | кН, кН/м, кН/м <sup>2</sup> ;  |
| – сыбағалы масса:               | кг/м <sup>3</sup> , т/м <sup>3</sup> ;   |
| – масса:                        | кг, т;   |
| – сыбағалы салмақ:              | кН/м <sup>3</sup> ;  |
| – кернеу және беріктік:         | Н/мм <sup>2</sup> (= МН/м <sup>2</sup> немесе МПа), кН/м <sup>2</sup> (= кПа); |
| – моменттер (иілгіш және т.б.): | кН·м;  |
| – үдеу:                         | м/с <sup>2</sup> ( $g = 9,81 \text{ м/с}^2$ ).                                 |



1.1-сурет Размеры и оси сечений

## 2 БОЛАТ КОНСТРУКЦИЯЛЫ ҒИМАРАТТАРДЫ ЖОБАЛАУ ҚАҒИДАЛАРЫ

### 2.1 Жалпы мәліметтер

#### 2.1.1 Жобалау тұжырымдамалары

2.1.1.1 [6.1.1(1)P] Болат конструкциялы ғимараттарды жобалау кезінде ҚР ҚН EN 1993 келтірілген қағидаларды басшылыққа алған жөн. Осы құралда келтірілген қағидаларды ҚР ҚН EN 1993 қағидаларына қосымша қолданған жөн.

2.1.1.2 [6.1.2(1)P] Сейсмикалық төзімді болат конструкциялы ғимараттарды төмендегі тұжырымдамалардың біріне сәйкес жобалаған жөн (2.1 кестені қар.):

- а) тұжырымдамасы: Төмен диссипативті конструктивтік тәртіп;
- б) тұжырымдамасы: Диссипативті конструктивтік тәртіп.

**2.1 – кесте. Жобалау тұжырымдамалары, иілімділіктің конструктивтік сыныптары және тәртіп коэффициенттері референттік мәндерінің жоғарғы шектері**

Жобалау тұжырымдамалары	Иілімділіктің конструктивтік сыныбы	Тәртіп коэффициентінің референттік мәндерінің диапазоны $q$
а) тұжырымдамасы: Төмен диссипативті конструктивтік тәртіп	DCL (төмен)	$\leq 1,5 - 2$
б) тұжырымдамасы: Диссипативті конструктивтік тәртіп	DCM (орташа)	$\leq 4$ сондай-ақ 2.5.-кестедегі мәндермен шектеледі
	DCH (жоғары)	Тек қана 2.5.-кестедегі мәндермен шектеледі
ЕСКЕРТУ 2.1.-кестедегі диапазон шегіндегі төмен диссипативті тәртіпке арналған жоғары шекке жазылған мән $q$ Ұлттық қосымшаға сәйкес 1,5-ға тең деп қабылдауға ұсыныс жасалынады.		

2.1.1.2 [6.1.2(2)P] а) тұжырымдамасында ықпалдар әсерін материалдардың нақты сызықтық емес тәртібін назарға алмай-ақ, ортақ серпінді есептеу негізінде анықтауға рұқсат беріледі. «Сейсмикалық төзімді ғимараттар мен құрылыстарды жобалау. Жалпы ережелер. Сейсмикалық ықпалдар» құралының 3.3.2.5 сәйкес анықталатын есептеу спектрін пайдалану кезінде тәртіп коэффициентінің референттік мәнінің жоғарғы шегі  $q$  1,5-тен 2,0 дейін қабылдануы мүмкін (2.1-кестедегі Ескертуді қар.). Орташа реттелмеген Биіктігі бойынша реттелмеген ғимараттар үшін тәртіп коэффициентін  $q$  ҚР ҚН EN 1998-1 4.2.3.1 (7) сәйкес түзеткен жөн, бірақ 1,5 кем болмайтындай қабылдануы тиіс.

2.1.1.3 [6.1.2(3)] а) тұжырымдамасында егер референттік мәнің жоғарғы шегі  $q$  1,5 артық қабылданатын болса, онда ғимараттың бастапқы элементтері көлденең қиманың 1, 2 немесе 3 сыныптарынан болуы тиіс.

2.1.1.4 [6.1.2(4)] а) тұжырымдамасында элементтер мен қосылыстардың кедергісін ҚР ҚН EN 1993 сәйкес қандай да бір қосымша талаптарсыз анықтаған жөн. Сейсмикалық оқшауландырылған болып табылмайтын ғимараттар үшін (ҚР ҚН EN 1998-1 10-тарауын қар.), сейсмикалылығы төмен болған жағдайда ғана а) тұжырымдамасына сәйкес жобалау ұсынылады. «Сейсмикалық төзімді ғимараттар мен құрылыстарды жобалау. Жалпы ережелер. Сейсмикалық ықпалдар» құралының 3.3.1.3 сәйкес, сейсмикалылығы төмен жағдай ретінде  $a_g \cdot S$  көбейтіндісі  $0,1g$  ( $0,98 \text{ м/с}^2$ ) аспайтын жағдайларды қарастырған жөн.

2.1.1.5 [6.1.2(5)P] б) тұжырымдамасында құрылыс бөліктерінің (диссипативтік аймақтардың) серпінді тәртібінің арқасында сейсмикалық ықпалға қарсы тұру қабілеттілігін назарға алған жөн. «Сейсмикалық төзімді ғимараттар мен құрылыстарды жобалау. Жалпы ережелер. Сейсмикалық ықпалдар» құралының 3.3.2.5 бойынша анықталатын есептеу спектрін қолдану кезінде, төмен диссипативті конструктивтік тәртіпке арналған тәртіп коэффициентінің есептік мәні  $q$  2.1-кестеде және и 2.1-кестенің

Ескертуінде белгіленген жоғарғы шекті мәннен артық қабылдануы мүмкін. Коэффициенттің жоғарғы шекті мәні  $q$  конструктивтік жүйенің иілімділік сыныбы мен тұрпатына тәуелді (2.3 қар.). Егер б) тұжырымдамасы қабылданатын болса, 2.2 - 2.4 және 3 - 8 тарауларда келтірілген талаптарды орындаған жөн.

2.1.1.6 [6.1.2(6)P] Жобалау б) тұжырымдамасына сәйкес орындалатын құрылыстар DCM немесе DCH иілімділігінің конструктивтік сыныптарына сәйкес келуі тиіс. Бұл сыныптар пластикалық тетіктердегі энергияны диссипирлеу құрылыстарының жоғары қабілеттілігіне сәйкес келеді. Иілімділік сыныбына қарай, бір немесе одан көп мынадай аспектілерге: болат профильдер сыныбына және бұрылу қосылыстарының қабілеттілігіне жататын арнайы талаптар орындалуы тиіс.

### **2.1.2 Қауіпсіздіктерді тексеру**

2.1.2.1 [6.1.3(1)P] Қатерлі өтпелі жағдайларды тексеру кезінде, болатқа арналған жеке коэффициент  $\gamma_s = \gamma_M$  циклдық өзгерістердің салдарынан беріктіктің төмендеуі мүмкін екендігін ескеру қажет.

1 ЕСКЕРТУ Жергілікті иілімділік салдарынан, оның төмендегеннен кейінгі қалдық беріктігі мен бастапқы беріктігінің арасындағы қатынастың шамамен апаттық және негізгі жүктеме комбинацияларына арналған мәндердің  $\gamma_M$  арасындағы қатынасқа тең екенін болжай отырып, тұрақты және ауыспалы есептік жағдайлар үшін қабылданған жеке коэффициентті  $\gamma_s$  қолдану ұсынылады.

2 ЕСКЕРТУ  $\gamma_M$  жеке коэффициенттерінің белгісі 2.1.2.3 келтірілген.

2.1.2.2 [6.1.3(2)]  $3 \div 6$  бөлімдерде көрсетілген есептік салмақ түсетін қабілеттілікті тексеру кезінде, болаттың аққыштық нақты шегінің аққыштықтың номиналды шегіне қарағанда жоғары болуының сенімділігіне қарай материал беріктігі резервінің коэффициентімен  $\gamma_{ov}$  ескеру қажет (2.2.2 қар.).

2.1.2.3 [6.1 ҚР ҚН EN 1993-1-1] Әр түрлі сипаттамалық мәндерге қойылатын салмақ түсетін қабілеттіліктің (кедергінің) есептік мәндерін анықтау үшін қауіпсіздіктің төмендегі:

- сыныбына қарамастан, көлденең қималардың беріктігі бойынша салмақ түсетін қабілеттілігінің –  $\gamma_{M0}$ ;
- элементтің төзімділігі бойынша салмақ түсетін қабілеттілігінің –  $\gamma_{M1}$ ;
- болаттың уақытша кедергісін қолдану арқылы анықталатын көлденең қималардың беріктігі бойынша салмақ түсетін қабілеттілігінің –  $\gamma_{M2}$ ;
- қосылыстардың салмақ түсетін қабілеттілігінің – коэффициенттерін  $\gamma_M$  қолданады, ҚР ҚН EN 1993-1-8 қар.

ЕСКЕРТУ ҚР ҚН EN 1993-1-1 Ұлттық Қосымшасында анықталған ғимараттарға арналған қауіпсіздіктің жеке коэффициенттері  $\gamma_{Mi}$  төмендегідей:

$$\gamma_{M0} = 1,00; \gamma_{M1} = 1,00; \gamma_{M2} = 1,25.$$

### **2.2 Материалдар**



### 2.2.1 Конструкциялық болат

2.2.1.1 Осы құралда келтірілген нұсқауларға арналған конструкциялық болат үшін ҚР ҚН EN 1993-1-1 [6.2(1)P] 3.1.-кестесіне сәйкес келетін 2.2-кестеде келтірілген стандарттарға сәйкес келуі тиіс. ҚР ҚН EN 1993-1-1 3.1 сәйкес, есептеулерді орындау кезінде, 2.2.-кестеде келтірілген материалдардың қасиеттері параметрлерінің номиналдық мәндерін сипаттамалық ретінде қабылдаған жөн.

**2.2 – кесте Ыстықтай иленген конструкциялық болаттың аққыштық шегінің  $f_y$  және уақытша созылу кедергісінің  $f_u$  номиналдық мәндері**

Болаттың стандарты және таңбасы	Элементтің номиналдық қалыңдығы			
	$t \leq 40$ мм		$40 \text{ мм} < t \leq 80$ мм	
	$f_y, \text{ Н/мм}^2$	$f_u, \text{ Н/мм}^2$	$f_y, \text{ Н/мм}^2$	$f_u, \text{ Н/мм}^2$
<b>EN 10025-2</b> S 235 S 275 S 355 S 450	235 275 355 440	360 430 490 550	215 255 335 410	360 410 470 550
<b>EN 10025-3</b> S 275 N/NL S 355 N/NL S 420 N/NL S 460 N/NL	275 355 420 460	390 490 520 540	255 335 390 430	370 470 520 540
<b>EN 10025-4</b> S 275 M/ML S 355 M/ML S 420 M/ML S 460 M/ML	275 355 420 460	370 470 520 540	255 335 390 430	360 450 500 530
<b>EN 10025-5</b> S 235 W S 355 W	235 355	360 490	215 335	340 490
<b>EN 10025-6</b> S 460 Q/QL/QL1	460	570	440	550

**2.2 – кесте. Ыстықтай иленген конструкциялық болаттың аққыштық шегінің  $f_y$  және уақытша созылу кедергісінің  $f_u$  номиналдық мәндері (жалғасы)**

Болаттың стандарты және таңбасы	Элементтің номиналдық қалыңдығы			
	$t \leq 40$ мм		$40 \text{ мм} < t \leq 80$ мм	
	$f_y, \text{Н/мм}^2$	$f_u, \text{Н/мм}^2$	$f_y, \text{Н/мм}^2$	$f_u, \text{Н/мм}^2$
<b>EN 10210-1</b>				
S 235 H	235	360	215	340
S 275 H	275	430	255	410
S 355 H	355	510	335	490
S 275 NH/NLH	275	390	255	370
S355 NH/NLH	355	490	335	470
S420 NH/NLH	420	540	390	520
S460 NH/NLH	460	560	430	550
<b>EN 10219-1</b>				
S 235 H	235	360		
S 275 H	275	430		
S 355 H	355	510		
S 275 NH/NLH	275	370		
S 355 NH/NLH	355	470		
S 460 NH/NLH	460	550		
S 275 MH/MLH	275	360		
S 355 MH/MLH	355	470		
S 420 MH/MLH	420	500		
S 460 MH/MLH	460	530		

1 ЕСКЕРТУ EN 10025 стандарты конструкциялық жалаңаш профильдер мен құбырлардан басқа, ыстықтай иленген конструкциялық болаттан жасалған тегіс және ұзынөлшемді өнімдерді жеткізуге қойылатын техникалық шарттарды анықтайды.

2 ЕСКЕРТУ EN 10210-1 стандарты дөңгелек, шаршы және тіктөртбұрыштықималарды ыстықтай қалыптау әдісімен дайындалған жалаңаш конструкциялық профильдерді жеткізуге қойылатын техникалық шарттарды белгілейді және кейін термоөндеуден өткізілетін және онсыз ыстықтай қалыптау әдісімен дайындалған жалаңаш профильдерге, сондай-ақ ыстықтай қалыптау әдісімен дайындалған бұйымдардың қасиеттеріне теңелетін металлургиялық қасиеттерді қамтамасыз ету үшін дайындалғаннан кейін термоөндеуден өткізілетін суықтай қалыптау әдісімен дайындалған жалаңаш профильдерге қолданылады.

3 ЕСКЕРТУ EN 10219-1 стандарты дөңгелек, шаршы және тіктөртбұрыштықималарды суықтай қалыптау әдісімен дайындалған жалаңаш пісірілетін конструкциялық профильдерді жеткізуге қойылатын техникалық шарттарды белгілейді және кейін термоөндеуден өткізусіз суықтай қалыптау әдісімен дайындалған жалаңаш профильдерге қолданылады.

4 ЕСКЕРТУ 2.2-кестеде келтірілген болаттардың белгілері:

- 1) конструкциялық болатты белгілейтін - S символынан;
- 2) МПа ( $\text{Н/мм}^2$ ) алғанда аққыштықтың берілген ең кіші шегінен;
- 3) піспектеу арқылы қалыпқа келтірілгеннен кейінгі және илемді қалыпқа келтіруші жағдайдағы болатты белгілеуге арналған - N символынан;
- 4) термомеханикалық өндеуден кейінгі жағдайдағы болатты белгілеуге арналған - M символынан;
- 5)  $50^\circ$  температура кезінде соққылы беріктіктің белгіленген мәні бар болаттың сапасын белгілеуге арналған - L символынан, L болмағанда  $-20^\circ$  төмен болмайтын температурада;
- 6) тұйық (жалаңаш) профильді белгілеуге арналған - H символынан;
- 7) атмосфералық тоттануға қарсы төзімділігін белгілеуге арналған - W символынан;
- 8) жіберілгеннен кейінгі жағдайдағы шындалған болатты белгілеуге арналған - Q символынан тұрады.

5 ЕСКЕРТУ EN 10025-2 стандартында болаттың қасиеттері параметрлерінің мәндері 16 мм дейінгі

және 16 мм -ден 40 мм-ге дейінгі қалыңдық үшін келтіріледі.

2.2.1.2 Конструкциялық болатқа арналған аққыштық шегі  $f_y$  мен уақытша кедергінің  $f_u$  номиналдық мәндері тең қабылданады:

- а)  $f_y = R_{ch}$  и  $f_u = R_m$  тікелей илем стандарты бойынша, немесе;
- б) осы құралдың 2.2.-кестесі бойынша [3.2.1 ҚР ҚН EN 1993-1-1].

2.2.1.3 Болат иілімділік талаптарын қанағаттандыруы тиіс. Болаттардың ең аз иілімділігі келесі шамалардың шекті мәндерімен бейнеленуі тиіс:

–  $f_u/f_y$  – уақытша созылу кедергісінің  $f_u$  ең аз мәнінің аққыштық шегінің  $f_y$  ең аз мәніне қатынасы;

– ұзындығы  $5,65 \sqrt{A_0}$  үлгісінің үзілгеннен кейінгі салыстырмалы ұзаруы (мұндағы  $A_0$  – көлденең қиманың бастапқы ауданы);

– уақытша кедергіге сәйкес келетін  $f_u$  шекті өзгеріс  $\varepsilon_u$ .

ЕСКЕРТУ Ұлттық Қосымшада ҚР ҚН EN 1993-1-1 сәйкес үзілу кезіндегі салыстырмалы ұзарудың  $f_u/f_y$  және шекті өзгерістің  $\varepsilon_u$  төмендегідей шекті мәндері қабылданған:

- $f_u/f_y > 1,10$ ;
- үзілуден кейінгі салыстырмалы ұзару 15 % кем емес;
- $\varepsilon_u > 15\varepsilon_y$ , мұндағы  $\varepsilon_y$  – серпінді өзгеріс ( $\varepsilon_y = f_y/E$ ).

2.2-кестеде келтірілген болат таңбаларының біреуіне сәйкес келетін болат бұл талаптарды қанағаттандыруы тиіс [3.2.2 ҚР ҚН EN 1993-1-1].

2.2.1.4 Морт бұзылу. Болат пайдаланудың ең төменгі температурасының өзінде созылған элементтерінің морт бұзылуын болдырмас үшін, жеткілікті дәрежеде құрылыс қызметінің есептік мерзімінде соққылы тұтқырлыққа ие болуы тиіс .

Егер ҚР ҚН EN 1993-1-10 келтірілген шарттар ең төменгі температурада орындалатын болса, онда морт бұзылу есепке алынатын элементтің беріктігін тексеру талап етілмейді.

Сығылуға жұмыс істейтін элементтерге арналған соққылы тұтқырлықтың ең төменгі мәнін  $\sigma_{Ed} = 0,25 \cdot f_y(t)$  [3.2.3 ҚР ҚН EN 1993-1-1] үшін ҚР ҚН EN 1993-1-10 2.1.-кестесі бойынша қабылдау ұсынылады.

2.2.1.5 Илем қалыңдығының бағытындағы болаттың қасиеттері. Егер ҚР ҚН EN 1993-1-10 нсәйкес илем қалыңдығының бағытындағы жақсартылған қасиеттері бар болатты пайдалану қажет болса, онда EN 10164 бойынша талап етілетін сапа сыныбына сәйкес болатты қолданған жөн.

1 ЕСКЕРТУ Илем қалыңдығының бағытындағы болаттың қасиеттерін таңдау бойынша нұсқаулар ҚР ҚН EN 1993-1-10 келтіріледі.

2 ЕСКЕРТУ Қалыңдық бағытында созылуға жұмыс істейтін ернеметтік қосылыстардың беттеріне, арқылықтар мен колонналардың жіктеріне ерекше назар аудару қажет.

Майысудың жазық нысанының орнықтылығы бойынша арқалықтың салмақ түсетін қабілеттілігінің есептік мәні (2.40) формула бойынша анықталады:

$$M_{b,Rd} = \chi_{LT} \cdot W_{pl,y} \cdot \frac{f_y}{\gamma_{M1}} = 0,827 \cdot 848,9 \cdot \frac{27500}{1,0} = 19306000 \text{ Н} \cdot \text{см} = 193060 \text{ Н} \cdot \text{м}$$

мұндағы  $\gamma_{M1} = 1,0$  – орнықтылық бойынша салмақ түсетін қабілеттілікті анықтау кезіндегі жеке қауіпсіздік коэффициенті.

Майысудың жазық нысанының орнықтылығына арналған (2.39) формуланың шарттарын тексеру:

$$\frac{M_{Ed,y}}{M_{b,Rd}} = \frac{177600}{193060} = 0,92 < 1,0$$

Сайысу кезінде арқалықтың орнықтылық шарты орындалады.

Қарастырылып отырған арқалықтағы осьтік күш  $N_{Ed}$  аз болғандықтан, сығылу-майысу элементі ретінде арқалықтың орнықтылығын тексеру 2.5.4.3 сәйкес орындалған жоқ.

Арқалық-ригельдің осы тармақта келтірілген есептеулері арқалықтың колоннамен қосылған жеріндегі диссипативтік аймақтарды қалыптастыру болжамында орындалды, себебі ҚР ҚН EN 1998-1 арқалықты қарастыратын 6.6.2-тармағында пластикалық топсалардың орындарын тағайындау бойынша ұсынымдар бермейді.

В.13.2 тармағында шетелдегі және Қазақстандағы жобалау тәжірибесінен қабылданған колонналары бар арқалықтардың қосылу желілерінің нұсқалары берілген және диссипативтік аймақтарды тағайындау бойынша негізделген пластикалық топсаларды қалыптастырудың нақты орындарының тағайындалуы ескеріле отырып, оның қимасын нақтылайтын арқалықтың есебі келтірілген.

### В.13.2 Білік-ригельдердің бағанмен біріктірілуі

В.13.2.1 Берілген мысалда біліктерді біріктіру бағанмен тікелей байланыстырылған дәнекер бойынша қарастырылған. Есептеу жағдайлары біріктіру типтерінің нұсқаларының (В. 16 сурет) бірінде келтірілген, бұл жерде пластикалық шарнир білік-ригельдің бағанмен біріктірілген тұсынан біршама белгілі қашықтықта құрылады В.13.2.2. келтірілген. Мұндай шешімнің негізі төменде көрсетілген. Тағы да екі осы біріктірілу жағдайына байланысты келтірілген конструктивті шешім нұсқалары қарастырылып отыр (В. 17 және В. 18 суреттерін қараңыз).

В.16 және В.17 суреттерде көрсетілген қосылыстар, сонымен қатар SAC Joint Venture (2001) Report 350 [12] сілтемелерінің бірінде келтірілген есептеу жағдайдарының бірі қарастырылып отыр (В.1.13.2.3 қараңыз).

В.18 суретте көрсетілген қосылыс нұсқасы (В.1.13.2.4 қараңыз) Қазақстанда 1977 жылы әзірленген және сол уақыттан бастап қолданылып келеді.

В.13.2.2 Біліктердің бағандармен қосылған жеріндегі дәнекерленген қосылыстар орналастырылған жердегі білік-ригельдерге байланысты тірек бағандары орналастырылған бөлік сейсмикалық күш әсері кезінде максималды иілу жағдайында болады, ол біліктердің қосылған

жерінде тірек қозғаушы күшінің айтарлықтай мәніне тең болуы мүмкін. Дәнекерленген қосылыстардың және оларға жанасып жатқан дәнекер тігістер үстіндегі металлдың осал болып келетіндігіне байланысты, ригельдердің басқа осал бөліктері бойынша салыстырмалы түрде жанасымды болып келеді, олар арқылы кейбір бұзылу көріністері өтуі мүмкін және оларда ешқандай деформациялық әрекет жағдайлары қарастырылмайды. Біліктердің бағандармен біріккен тұстарындағы осал бөліктердің қауіптілік жағдайларының мөлшерін азайту үшін білік қосылыстарын айтарлықтай мөлшерде ұлғайту қажет болады, яғни олардың максималды қысым көрсеткіштері берілген оқу құралының 3.5 қарастырылған жағдайларды толығымен қанағаттандыра алады. Ригельдер қиылысының тірек нүктелерін кеңіту әрекетін төменде көрсетілген суреттерде берілгендей жалпақ болаттан тұратын қосымша элементтерді дәнекерлеп жалға уарқылы жүзеге асыру туралы ұсыныс жасалады.

ЕСКЕРТУ В.16 – В.18 суреттерде көрсетілгендей, табақ болаттан жасалған қсымша элементтерді ерітіп пісіру арқылы сөрелердің енін кеңейту есебінен ригельдердің тіреуіш қималарын дамытуды жүзеге асыру ұсынылады.

Осылайша, пластикалық топса колонналы арқалықтың тіреуішті пісіру қосылысын морт қираулардан сақтандырғыш ролін орындайтын болады.

ЕСКЕРТУ КСРО жиыrmасыншы ғасырдың 70-жылдарында анықталған колонналы арқалықтың пісірмелі қосылыс орындарындағы , ал кейінірек Нортридждегі Northridge (1994) және Кобэдегі Kobe (1995) жер сілкіністерінің салдарын шетелдік мамандардың талдауы кезіндегі морт қираулар.

Төменде көрсетілген тармақтардың шешіміне байланысты сенімділік көрсеткіштері дәнекердің көмегімен білікті бағанмен қосуға негізделеді, оның арасында сөрелер мен пластикалық шарнирдің түйіскен тұстары ЦНИИП тарапынан жобалық конструкция ретінде (Мэскеу) [10] қайта қарастырылады. Дәл осы сынақтар ригель сөрелерінің бағандармен накладкалар арқылы қосылу әрекеттерінің тіпті анағұрлым сенімсіз деп танылған қысымдалған тұстарының өзіндегі тармақтарының оншалықты деңгеде сенімді емес екендігін анықтап отыр. Бұл тармақтардағы бұзылу жағдайлары дәнекерленген қосылыстардың тұсында жүзеге асырылады және қалай болғанда да жүктемелердің аз мөлшері көрсеткіші нәтижесінде жүзеге асырылады.

Жоғарыда көрсетілгендерді есепке ала отырып, типтік тармақтық қосылыстың бір түрі ғана қарастырылатын болып отыр.

В.13.2.3 Біліктің бағанмен қосылу тармағының нұсқаларын есептеу

В.13.2.1 көрсетілгендей, желінің конструктивтік шешімінің бұл нұсқасы мен есебі Federal Emergency Management Agency FEMA-350 [12] құжатының нұсқаулығындағы ережелерге негізделген. Арқалықта пластикалық топсаның пайда болуы, колоннаның сөресімен қосылған едәуір қашықтықта арқалық сөрелерінің дөңгелек ойықтары (әлсіреуі) есебінен орындалады (В.16 сурет).

ЕСКЕРТУ Шетелдік әдебиетте арқалықтағы мұндай аймақтар «reduced beam sections – RBS» немесе «‘dogbone’ design» деп аталады.


RBS аймағы бағаннан белгілі бір қашықтықта болатындықтан, оған бағанның сөрелерінен ойыққа дейінгі ара қашықтық («a» өлшем), ойықтық тереңдігі («b» өлшем) және ойықтың ұзындығы («c» өлшем) және ойықтың радиусы («R» өлшем) болатындай етіп қарастырылады. Біліктің тар бөлігіндегі және баған сөрелерінің арасындағы айырмашылық көрсеткіштерін азайту мақсатында «a» және «b» өлшемдерін аз-аздан ғана қабылдау қажет, бұл жерде аталған өлшемдерді бағанның сөрелерінің жоғары көрсеткіш мәні және RBS аймағы ретінде

қарастырылады. FEMA-350 нұсқаулығында берілген қашықтықта және кесімдер бойынша келесі мөлшерлер ұсынылады:

$$a = (0,5 \div 0,75) \cdot b_f; \quad b = (0,65 \div 0,85) \cdot d_b; \quad c = (0,2 \div 0,25) \cdot b_f; \quad R = \frac{4 \cdot c^2 + b^2}{8 \cdot c},$$

мұндағы  $b_f$  – білік сөресіндегі ені;

$d_b$  – біліктің биіктігі.



**В.16-сурет – Біліктердегі RBS аймақтары және біліктің қосылған жеріндегі тармақ**

Берілген мысалда келесі мәндер есепке алынады:

$$a = 0,705 \cdot b_f = 0,705 \cdot 170,0 = 120,0 \text{ мм}; \quad b = 0,685 \cdot d_b = 0,685 \cdot 350,0 = 240,0 \text{ мм};$$

$$c = 0,205 \cdot b_f = 0,205 \cdot 170,0 = 35,0 \text{ мм}; \quad R = (4 \cdot 35,0^2 + 240,0^2) / 8 \cdot 35,0 = 223,0 \text{ мм}$$

Кесім аймағының орталығындағы кедергі  $W_{pl,RBS}$  көрсеткішінің пластикалық кезеңі төмендегі мәндерге тең болып табылады:

$$W_{pl,RBS} = W_{pl,b} - 2 \cdot c \cdot t_f \cdot (d_b - t_f) = 8489 - 2 \cdot 35 \cdot 1,2 \cdot (35 - 1,2) = 5650 \text{ см}^3$$

RBS аймағының орталығындағы біліктің мүмкін болатын пластикалық кезеңі мынаған тең болады:

$$M_{pl,Rd,RBS} = W_{pl,RBS} \cdot f_y = 5650 \cdot 27500 = 15537000 \text{ Н} \cdot \text{см} = 155370 \text{ Н} \cdot \text{м},$$

Жалпы есеп көрсеткіші бойынша қарастырылған 131 элемент бойынша алынған кезеңдердің эпюраларына сәйкес, ара қашықтықтағы аймақ орталығының есептік кезеңдері бойынша  $M_{Ed,RBS}$  келесі мәндері қарастырылады  $\ell$ , оның мәні мынаған тең:  
 $\ell = d_k / 2 + a + b / 2 = 420 / 2 + 120 + 240 / 2 = 450 \text{ мм}$

$$M_{Ed,RBS} = 177600 \cdot (2400 - 450) / 2400 = 144300 \text{ Н} \cdot \text{м},$$

Мұндағы 2400 мм – кезеңдердің эпюраларының иілу нүктелеріне (нөлдік нүкте) дейінгі ара қашықтығы.



Берілген оқу құралы бойынша (4.1) Мәні шарттарының орындалуын тексеру пластикалық шарнирдің келесі мәндері бойынша қарастырылады:

$$\frac{M_{Ed,RBS}}{M_{pl,Rd,RBS}} = \frac{144300}{155370} = 0,93 < 1,0$$

Біліктің мықтылық мәнінің шарттары келесі жағдайда жүзеге асырылады.

Пластикалық шарнирдің тұсындағы  $V_{Ed}$  көлденең есептік суммарлы күш көрсеткіші берілген оқу құралының 4.4.1 бойынша анықталады:

$$V_{Ed,RBS} = V_{Ed,G} + 1,1 \cdot \gamma_{ov} \cdot V_{Ed,M,RBS} = 64760 + 1,1 \cdot 1,25 \cdot 60930 = 148540 \text{ Н},$$

Мұндағы  $V_{Ed,M,RBS}$  - иілу кезіндегі орнықтылықты жоғалту кезінде анықтау үшін басында серпімді критикалық моментті  $M_{cr}$  есептеп шығару қажет, ол осы құралдың Е Қосымшасы формулалары бойынша анықталады:  $V_{Ed,M,RBS} = 2 \cdot M_{pl,Rd,RBS} / L_1 = 2 \cdot 155370 / 5,1 = 60930 \text{ Н},$

Мұндағы  $L_1$  – біліктердің екі басындағы пластикалық шарнирлердің аралығындағы қашықтық:

$$L_1 = 6000 - 420 - 2 \cdot (120 + 240 / 2) = 5100 \text{ мм} = 5,1 \text{ м};$$

$\gamma_{ov} = 1,25$  – оқу құралының 2.2.2.2 сәйкес мықтылық резервінің коэффициенті.

Жалпы есеп бойынша қабылданған сейсмикалық емес әсер ету жағдайларынан туындайтын көлденең күш мәні:  $V_{Ed,G} = 64760 \text{ Н}$

Пластикалық кезеңге байланысты көлденең қиылыс әрекетінің тасымалдау қабілетінің есептік мәні жоғарыда В.1.13.1.3.3 көрсетілген, мұнда біліктердің көрсеткіштері есепке алынады:  $V_{pl,Rd} = 310560 \text{ Н}.$

Оқу құралындағы тасымал кезіндегі мықтылыққа негізделген әрекет күшін тексеру мәні (4.3) бойынша:

$$\frac{V_{Ed,RBS}}{V_{pl,Rd}} = \frac{148540}{310560} = 0,478 < 0,5$$

Қозғалыс барысында мықтылық шарттары орындалады.

Бұл жерде ҚР ҚН EN 1993-1-1 егер осы пункттің көрсетілім (5.7) жағдайы орындалса, көлденең ауытқу түріндегі каркас үшін жалпы рама есептеріндегі жеткіліксіздікті есепке алмауға болады:

$$\frac{h_w}{t_w} = \frac{326}{6} = 54,3 < 72 \cdot \frac{\varepsilon}{\eta} = 72 \cdot \frac{0,92}{1,0} = 66,2$$

Бұл жерде,  $M_{y,Rd}$  и  $M_{z,Rd}$  – салмақ түсіру мүмкіндігінің көлденең қима класына байланысты және барлық төмендетуші мүмкін болатын факторларды қосатын, мерзімді көлденең күш әсерінен болатын өзгерістермен бірге есептеу мәні.

Орталық күштің  $N_{Ed}$  төмен мәніне байланысты, осы құралдың 2.5.3.6 бойынша салмақ түсіру мүмкіндігіне орталық күш иілуінің әсері орындалған жоқ:

$$M_{Ed,connection} = 1,1 \cdot \gamma_{ov} \cdot M_{pl,Rd,RBS} + V_{Ed,RBS} \cdot (a + b / 2) = 1,1 \cdot 1,25 \cdot 155370 + 148540 \cdot (0,12 + 0,24 / 2) = 249290 \text{ Н} \cdot \text{м}$$

Біліктің иіндісі бойынша оның тасымалдау қабілеттілігі жағдайларының есептік мәні жоғарыда В.1.13.1.3.2 көрсетуілген:  $M_{pl,Rd,y} = 233450 \text{ Н} \cdot \text{м}$

$M_{Ed,connection} = 249290 \text{ Н} \cdot \text{м} > M_{pl,Rd,y} = 233450 \text{ Н} \cdot \text{м}$  мәнінде болғандықтан, бағанның сөрелеріндегі біліктің қиылыс нүктелерін күшейту қажет болады, бұл оқу құралының В.1.13.2.2 көрсетілген, ол жалпақ болат беттерден тұратын қосылыстарды дәнекерлеу жолымен жасалады.

Баған сөрелерінің кедергіге ұшырау көрсеткіштерінің байланысты талап етілетін кезеі мына мәндерге тең:

$$W_{pl, tp} = M_{Ed, connection} \cdot \gamma_{M0} / f_y = 24929000 \cdot 1,0 / 27500 = 907,0 \text{ см}^3$$

Қосылыс орынында сөрелері 200 x 12 мм және қабырғасы 326 x 6 мм коставр қимасы талап етіледі  $W_{pl} = 997,0 \text{ см}^3$ . Бірақ Қазақстанда орындалған осындай желілердің зерттеу нәтижелеріне сәйкес, қосымша элементтерді В.16-суретте көрсетілгендей, колоннаның жиектеріне шығару қажет. Бұл ретте колонна сөресінің қырындағы арқалықтың күшейтілген қимасының салмақ түсетін қабілеттілігі:

$$M_{pl, Rd, con} = W_{pl, con} \cdot f_y = 18630 \cdot 27500 = 51232000 \text{ Н} \cdot \text{см} = 512320 \text{ Н} \cdot \text{м} > M_{Ed, connection} = 249290 \text{ Н} \cdot \text{м}$$

тең.

Колонна сөресінің қырындағы арқалықтың беріктік шарты орындалады.

Берілген үлгіде колонналы арқалықтың қосылысы толық ерітіп пісіру арқылы жапсарлас жіктерді пісіру арқылы, жиектемелердің тиісті дайындығымен және оқу құралының 3.5.2 сәйкес жіктердің сапасына физикалық бақылау жасай отырып орындалады, сондықтан бұл қосылысты беріктік резерві бойынша критерийді қанағаттандырады деп есептеуге болады.

ЕСКЕРТУ Конструкциялардың пластикалық резервтерін қолдануға кедергі болуы мүмкін факторлардың бірі кернеу ақыштық шегіне жеткен кездегі сатыдан ертерек басталуы мүмкін конструкцияның орнықтылық шығынының қауіптілігі болып табылады. Арқалықтың орнықтылық шығынынан тысқары, жоғарыда келтірілген есептеулердің нәтижелеріне сәйкес толық қамтамасыз етілетін жергілікті орнықтылық шығынының қауіптілігі пайда болады.

[13] келтірілген, AISC (American Institute of Steel Construction) қабылдаған ережелерде, I-8-1 кестеде арқалықтың сөрелері мен қабырғалары үшін енінің қалыңдығына шекті қатынастары көрсетілген.

Көбінесе, майысу және сығылу кезінде илемдік және пісіру элементтерінің сөрелерінде шекті қатынас көрсетілген:  $b/t \leq 0,3 \sqrt{E/f_y}$ , мұндағы  $b$  – сөренің салбырауы.

Тексеріліп отырған арқалық үшін бұл шарт орындалады:

$$b/t = (170 - 6)/(2 \cdot 12) = 6,8 < 0,3 \cdot \sqrt{E/f_y} = 0,3 \cdot \sqrt{210000/275} = 8,3$$

Қабырғалар үшін майысып сығыюу кезінде шекті қатынас көрсетілген:  $h/t_w \leq 2,45 \sqrt{E/f_y}$ .

Тексеріліп отырған арқалық үшін бұл шарт та орындалады:

$$h/t_w = 326/6 = 54,3 < 2,45 \cdot \sqrt{E/f_y} = 2,45 \cdot \sqrt{210000/275} = 67,7$$


Бұл тексерулер сығылып-майысатын диссипативтік элементтер үшін көлденең қималардың сыныптарына (1 және 2 сыныптар) қойылатын осы оқу құралының 333.3 келтірілген талаптармен расталады.

В.13.2.4 Колонналы арқалықтың қосылу желісінің конструктивтік шешімдерінің нұсқалары

Төменде колоннаның арқалық-ригельге ерітіп пісрген жерінен едәуір қашықтықтағы ойықтармен сөрелердің қимасын азайту арқылы пластикалық топса қалыптастырылатын колонналы арқалық-ригельдің қосылу желісі шешімінің өзге де мүмкін нұсқалары көрсетілген.

В.17 суретте В.13.2.3 келтірілген нұсқаулар мен есептеулерге ұқсас шетелдік әдебиеттен алынған [14] конструктивтік шешім көрсетілген. Айырмашылығы пластикалық топсаны қалыптастыру орнының ойық нысаны мен арқалық сөрелеріндегі дөңгелек ойықтардың орнына конустық ойықтардың болуы ғана.


ЕСКЕРТУ Осы әдебиетте [14] сөрелердің қирауына әкеліп соғуы мүмкін аталған конструктивтік шешімнің ойықтарындағы кіріс бұрыштары көрсетілген. Практикада, бұл бұрыштарды радиусы бойынша орындауға болады (В.17 суретте көрсетілгендей) және онда қирауға әкелетін кернеудің көтерілген шоғырлануы да болмайды.



**В.17-сурет – RBS аймақтарында бағанның білікпен қосылған тармақтарының нұсқасы**

Білік-ригельдердің жұмысы негізінен пластикалық кезеңде жүзеге асырылатын болғандықтан, ригельдің тасымалдылық қабілетінің анағұрлым қауіп тудыарлық жағдайлары қабырғаның жергілікті тұрақтылығының жоғалуына әкеліп соғуы мүмкін. Бұл жағдай Қазақстандағы сараптамалық зерттеулер нәтижесімен расталып отыр. Жүргізілген зерттеу жұмыстарының қорытындысы бойынша, бұл қабырғалардың мықтылық деңгейін арттыру жағдайлары олардың қалыңдығын арттыру және вертикалды қаттылық қойылымына негізделіп жасалады, ал гофрирлеу арқылы жүзеге асырылатын әрекет түрлері қабырғаның жергілікті және жалпы тұрақтылығының деңгейін көтереді [1].

В.18 суретте жұқа көлденең-гофрирленген қабырғасы бар қоставрлы дәнекерленген біліктердің желілері бойынша конструктивті шешім көрсеткіштері қарастырылған, оларда шамадан тыс жүк түсу жағдайларының пластикалық деформациялануының шектік мәндері беріледі, олар «тең кедергі аймақтарында» жүргізіледі және білік-ригельдің сөрелерінде тікелей жүзеге асырылады [2, 3].



**В.18 сурет –Қазақстанда қолданылатын тең кедергі аймақтары бар бағандармен біріктірілген біліктердің қосылу тармақтарының нұсқасы**

ЕСКЕРТУ Мұндай тармақты конструкциялау және есептеу берілген оқу құралының Б қосымшасының Б.3 сәйкес орындалады.

### **В.13.3 Бірінші, екінші және үшінші қабаттар бағаны**

#### **В.13.3.1 Қиыстырудың негізгі есебі (В.8 суреттің 27 элементі) ықпалының әсері**

Бағанның төменгі бөлігіне түсетін сейсмикалық емес жүктің ықпалының әсері:

Сығудың өстік күші:  $N_{Ed,G} = 1244000 \text{ Н}$ ;

Иілу кезі:  $M_{Ed,G,z} = -213,0 \text{ Нм}$ ;

Көлденең күш:  $V_{Ed,G,y} = 120 \text{ Н}$ .

Бағанның түбіне түсетін сейсмикалық жүктің ықпалының әсері:

Сығудың өстік күші:  $N_{Ed,E} = 5940 \text{ Н}$ ;

Иілу кезі:  $M_{Ed,E,z} = -138400 \text{ Н·м}$ ;  $M_{Ed,E,y} = 524800 \text{ Н·м}$ ;

Көлденең күш:  $V_{Ed,E,y} = 62140 \text{ Н}$ ;  $V_{Ed,E,z} = 235200 \text{ Н}$ .

Бағанның үстіне түсетін сейсмикалық емес жүктің ықпалының әсері:

Сығудың өстік күші:  $N_{Ed,G} = 1237000 \text{ Н}$ ;

Иілу кезі:  $M_{Ed,G,z} = 187 \text{ Нм}$ ;

Көлденең күш:  $V_{Ed,G,y} = 120 \text{ Н}$ .

Бағанның үстіне түсетін сейсмикалық жүктің ықпалының әсері:

Сығудың өстік күші:  $N_{Ed,E} = 5940 \text{ Н}$ ;

Иілу кезі:  $M_{Ed,E,z} = 66720 \text{ Н·м}$ ;  $M_{Ed,E,y} = -251500 \text{ Н·м}$ ;

Көлденең күш:  $V_{Ed,E,y} = 62140 \text{ Н}$ ;  $V_{Ed,E,z} = 235200 \text{ Н}$ .

### В.13.3.2 Геометриалық сипаттама:

Бағанның төрт рет дәнекермен қиғандағы шаршы пішінді қиманың геометриялық сипаттамалары:

- қиманың өлшемдері –  $h \times b = 420,0 \times 420,0 \text{ мм}$ ;

- қиманың қалыңдығы –  $t = 18,0 \text{ мм}$ ;

- қиманың ауданы –  $A = 28940 \text{ мм}^2$ ;

- инерция кезі –  $I_y = I_z = 78114,0 \text{ см}^4$ ;

- инерция радиусы –  $i_y = i_z = 16,4 \text{ см}$ ;

- кедергінің пластикалық кезі –  $W_{pl,y} = W_{pl,z} = 4366,2 \text{ см}^3$ ;

- айналдырудың инерция кезі –  $I_t = 312,6 \text{ см}^4$ ;

Құрыш бағанның ақыштығының номиналдық шегі –  $f_y = 275 \text{ Н/мм}^2 = 27500 \text{ Н/см}^2$ .

### В.13.3.3 Әсердің есептік нәтижесін анықтау

Бағандардың есептік ісерлер ықпалы қиыстыруға, осы оқу құралының 4.3.1 (4.5) өрнекпен тексеріледі.

Бағанның түбі үшін:

$$N_{Ed} = N_{Ed,G} + 1,1 \cdot \gamma_{ov} \cdot \Omega \cdot N_{Ed,E} = 1244000 + 1,1 \cdot 1,25 \cdot 1,08 \cdot 5940 = 1252820 \text{ Н} ;$$

$$M_{Ed,y} = M_{Ed,G,z} + 1,1 \cdot \gamma_{ov} \cdot \Omega \cdot M_{Ed,E,y} = 1,1 \cdot 1,25 \cdot 1,08 \cdot 524800 = 779330 \text{ Н·м} ;$$

$$V_{Ed,z} = V_{Ed,G,z} + 1,1 \cdot \gamma_{ov} \cdot \Omega \cdot V_{Ed,E,z} = 1,1 \cdot 1,25 \cdot 1,08 \cdot 235200 = 349270 \text{ Н}$$

$$M_{Ed,z} = M_{Ed,G,z} + 1,1 \cdot \gamma_{ov} \cdot \Omega \cdot M_{Ed,E,z} = (-213) + 1,1 \cdot 1,25 \cdot 1,08 \cdot (-138400) = -205740 \text{ Н·м} ;$$

$$V_{Ed,y} = V_{Ed,G,y} + 1,1 \cdot \gamma_{ov} \cdot \Omega \cdot V_{Ed,E,y} = 120 + 1,1 \cdot 1,25 \cdot 1,08 \cdot 62140 = 92400 \text{ Н} .$$

Мұнда  $N_{Ed,G}$ ,  $M_{Ed,G}$  и  $V_{Ed,G}$  – әсердің нәтижесі бағандағы сейсмикалық емес күштің ықпалының әсері, сейсмикалық есептік жағдай үшін қиыстыру әсеріне кіргізілген. Тұрақты жүктен басқа қиыстыру коэффициенті  $\gamma_2 = 0,3$ . болатын ауыспалы жүк кірістірілген.

$N_{Ed,E}$ ,  $M_{Ed,E}$  и  $V_{Ed,E}$  – бағанға есептік сейсмикалық әрекеттің салдарының әсері.

$$\Omega = M_{pl,Rd,RBS} / M_{Ed,RBS} = 155370 / 144300 = 1,08$$

Коэффициент – диссипативтік зоналар орналасқан барлық арқалықтың ең кіші мәні. Бұл мысалда диссипативтік зоналар екінші, үшінші және бесінші қабаттардағы арқалық ригелдерде орналасқан.

$\gamma_{ov} = 1,25$  – оқулықтың 2.2.2.2 сәйкес, беріктілік резервінің коэффициенті, ал 1,1 – қауіпсіздіктің жеке коэффициенті. материал беріктігіне.

### В.13.3.4 Бағанның қимасының тасмалдауыш қабілеттілігін тексеру

В.13.3.4.1 Осьтық сығу күші әрекеті кезіндегі тасмалдауыш қабілеттілігі.

Бірінші сыныпты көлденең қима үшін сығу кезіндегі тасмалдауыш қабілетінің есептік мәні осы оқу құралының (2.8) өрнегімен анықталады.

$$N_{c,Rd} = N_{pl,Rd} = \frac{A \cdot f_y}{\gamma_{M0}} = \frac{28940 \cdot 275}{1,0} = 7958500 \text{ Н}$$

Мұндағы  $\gamma_{M0}=1,0$  – тасмалдауыш қабілетінің беріктігін анықтайтын жеке қауіпсіздік коэффициенті.

Сығу кезіндегі беріктілік осы оқу құралының (2.7) өрнегінің шарттары бойынша тексеріледі:

$$\frac{N_{Ed}}{N_{c,Rd}} = \frac{1252820}{7958500} = 0,158 < 1,0$$

Сығу кезіндегі беріктілік шарты орындалады

В.13.3.4.2 Иілу кездегі тасмалдауыш қабілеті

Бірінші сыныпты көлденең қиу кезіндегі иелу тасмалдауыш қабілетінің есептік мәні осы оқулықтың (2.10) өрнегі арқылы анықталады.

$$M_{c,Rd} = M_{pl,Rd,y} = M_{pl,Rd,z} = \frac{W_{pl,y} \cdot f_y}{\gamma_{M0}} = \frac{4366,2 \cdot 27500}{1,0} = 120070000 \text{ Н} \cdot \text{см} = 1200700 \text{ Н} \cdot \text{м}$$

Бағанның иілу кезіндегі беріктігі осы оқулықтың (2.9) өрнегінің шартымен тексеріледі:

$$\frac{M_{Ed,y}}{M_{c,Rd}} = \frac{M_{Ed,y}}{M_{pl,Rd,y}} = \frac{779330}{1200700} = 0,650 < 1,0$$

$$\frac{M_{Ed,z}}{M_{c,Rd}} = \frac{M_{Ed,z}}{M_{pl,Rd,z}} = \frac{205740}{1200700} = 0,172 < 1,0$$

Иілу кезіндегі беріктік шарты орындалады.

В.13.3.4.3 көлденең күштің әсері кезіндегі тасмалдауыш қабілеті

Көлденең қиманың пластикалық кезеңге жылжуының тасмалдауыш қабілетінің есептік мәні осы оқулықтың (2.14) өрнегі арқылы анықталады.

$$V_{pl,Rd,z} = \frac{A_v \cdot (f_y / \sqrt{3})}{\gamma_{M0}} = \frac{13824 \cdot (275 / \sqrt{3})}{1,0} = 2194900 \text{ Н}$$

мұндағы  $A_v$  – дәнекерленген қораптық қималар үшін қабырғаға параллель жүкпен мына өрнекпен анықталатын жылжу ауданы. (2.5.3.4 құралды қара):

$$A_v = \eta \cdot \sum (h_w \cdot t_w) = 1,0 \cdot 2 \cdot (420 - 2 \cdot 18) \cdot 18 = 13824 \text{ мм}^2$$

мұндағы  $\eta=1,0$  – 2.5.3.4 тарау бөліміндегі ескерту бойынша артық алынған.

Ұлттық қосымшада ҚР ҚН EN 1993-1-5 S460-қа дейінгі құрыш үшін 1,2 алынуы ұсынылған.

Бағанның жылжу мықтылығы осы оқу құралының (2.13) өрнегінің шартымен тексеріледі:

$$\frac{V_{Ed,z}}{V_{pl,Rd,z}} = \frac{349270}{2194900} = 0,160 < 1,0$$

Жылжу ауданы  $A_v$  дәнекерленген қораптық қима үшін сөреге параллель жүк түскенде, мынау өрнек арқылы анықталады (оқу құралының 2.5.3.4 тарау бөлімін қара):

$$A_v = A - \sum (h_w \cdot t_w) = 28940 - 2 \cdot (420 - 2 \cdot 18) \cdot 18 = 15116 \text{ мм}^2$$

Көлденең қиманың жылжуына тасмалдауыш қабілеттілігінің есептік мәні тең :

$$V_{pl,Rd,y} = \frac{A_v \cdot (f_y / \sqrt{3})}{\gamma_{M0}} = \frac{15116 \cdot (275 / \sqrt{3})}{1,0} = 2400000 \text{ Н}$$

Оқу құралындағы (2.13) өрнегінің шарттарын тексеру бағанның жылжу беріктігі үшін:

$$\frac{V_{Ed,y}}{V_{pl,Rd,y}} = \frac{92400}{2400000} = 0,040 < 1,0$$

Жылжу кезіндегі беріктілік шарты орындалады.

Жылжу кезіндегі тасмалдауыш қабілеттілігін есептеуге қабырғалардың жергілікті беріктілігінің жоғалу мүмкіндігі есепке алынбаған, қырлары қатты бекітілмеген. Өйткені оқу құралындағы (2.18) өрнегіне сәйкес және ҚР ҚН EN 1993-1-5 5 бөліміне байланысты келесі шарт орындалады:

$$\frac{h_w}{t_w} = \frac{(420 - 2 \cdot 18)}{18} = 21,3 < 72 \cdot \frac{\varepsilon}{\eta} = 72 \cdot \frac{0,92}{1,0} = 66,2$$

мұндағы оқу құралының 2.5.3.4 тарау бөліміне сәйкес 1,0.

В.13.3.4.4 Иілту кезімен көлденең күштің қатар әрекеті кезіндегі тасмалдауыш қабілеті.

Оқу құралының 2.5.3.5 тарау бөлімі бойынша келесі шарттар орындалады:

$$V_{Ed,z} = 349270 \text{ Н} < 0,5 \cdot V_{pl,Rd,z} = 0,5 \cdot 2194900 = 1097450 \text{ Н}$$

$$V_{Ed,y} = 92400 \text{ Н} < 0,5 \cdot V_{pl,Rd,y} = 0,5 \cdot 2400000 = 1200000 \text{ Н}$$

Көлденең күштің есебі пластикалық кезеңдегі қиманың жылжу тасмалдауыш қабілетінің жартысынан кем болғандықтан олардың иілу кезіндегі қиманың тасмалдауыш қабілеттілігін ескермеуге болады.

В.13.3.4.5 Иілу кезімен осьтік сығу күшінің біріккен әсерінің тасмалдауыш қабілеті.

Осы оқу құралының 2.5.3.6.1 тарау бөліміне сәйкес осьтік күштің иілу тасмалдауыш қабілетіне әсерін есепке алмауға болады, егер (2.23) және (2.24) өрнектерінің шарттары орындалатын болса:

$$N_{Ed} \leq 0,25 \cdot N_{pl,Rd} \quad \text{және} \quad N_{Ed} \leq \frac{0,5 \cdot h_w \cdot t_w \cdot f_y}{\gamma_{M0}}$$

Осы мысалда:

$$N_{Ed} = 1252820 \text{ Н} < 0,25 \cdot N_{pl,Rd} = 0,25 \cdot 7958500 = 1989600 \text{ Н}$$

$$N_{Ed} = 1252820 \text{ Н} > \frac{0,5 \cdot h_w \cdot t_w \cdot f_y}{\gamma_{M0}} = \frac{0,5 \cdot (420 - 2 \cdot 18) \cdot 18 \cdot 275}{1,0} = 950400 \text{ Н}$$

(2.24) өрнегінің шарты орындалмағандықтан тексеру жүргізілуі керек.

Осьтік күштің дәнекерленген 1 сыныпты қораптық көлденең қимаға әсері кезіндегі иілуге тасмалдауыш қабілетінің есептік мәні оқу құралының (2.29) және (2.30) өрнектерімен орындалады:

$$M_{N,Rd,y} = M_{pl,Rd,y} \cdot (1 - n) / (1 - 0,5 \cdot a_w) = 1200700 \cdot (1 - 0,158) / (1 - 0,5 \cdot 0,478) = 1328500 \text{ Н} \cdot \text{м} > M_{pl,Rd,y}$$

$$\text{Мұндағы } a_w = (A - 2 \cdot b \cdot t_f) / A = (28940 - 2 \cdot 420 \cdot 18) / 28940 = 0,478 < a_w = 0,5;$$

$$n = N_{Ed} / N_{pl,Rd} = 1252820 / 7958500 = 0,158$$

$$M_{N,Rd,z} = M_{pl,Rd,z} \cdot (1 - n) / (1 - 0,5 \cdot a_f) = 1200700 \cdot (1 - 0,158) / (1 - 0,5 \cdot 0,5) = 1348000 \text{ Н} \cdot \text{м} > M_{pl,Rd,z}$$

$$\text{мұндағы } a_f = (A - 2 \cdot h \cdot t_w) / A = [28940 - 2 \cdot (420 - 2 \cdot 18) \cdot 18] / 28940 = 0,522 > a_f = 0,5,$$

Сондықтан -  $a_f = 0,5$  қолданылады.

Оқу құралының (2.29) және (2.30) өрнектерінің шарттары орындалмағандықтан, яғни

$$M_{N,Rd,y} > M_{pl,Rd,y} \quad \text{және} \quad M_{N,Rd,z} > M_{pl,Rd,z} \quad \text{келесі есептеулерде } M_{N,Rd,y} = M_{N,Rd,z} = M_{c,Rd} = 1200700 \text{ Нм.}$$

алынады.

Қимада екі кезең әсер екендіктен, екіосьтік иілудің беріктігін тексеру осы оқу құралындағы (2.31) өрнегіне сәйкес жүргізіледі:

$$\left(\frac{M_{Ed,y}}{M_{N,Rd,y}}\right)^{\alpha} + \left(\frac{M_{Ed,z}}{M_{N,Rd,z}}\right)^{\beta} = \left(\frac{779330}{1200700}\right)^{1,708} + \left(\frac{205740}{1200700}\right)^{1,708} = 0,530 < 1,0$$

мұнда тікборышты бос қима үшін 2.5.3.6.1 сәйкес есептеледі:

$$\alpha = \beta = \frac{1,66}{1 - 1,13 \cdot n^2} = \frac{1,66}{1 - 1,13 \cdot 0,158^2} = 1,708 < 6,0$$

Коэффициенттері 2.5.3.6.1 тарау бөліміне сәйкес, ежелгі дәстүрлі сызықтық озара байланысқа орала отыра, артығымен бірге тең деп алуға болады:

$$\left(\frac{M_{Ed,y}}{M_{N,Rd,y}}\right)^{\alpha} + \left(\frac{M_{Ed,z}}{M_{N,Rd,z}}\right)^{\beta} = \left(\frac{779330}{1200700}\right)^1 + \left(\frac{205740}{1200700}\right)^1 = 0,820 < 1,0$$

Осы тік күшпен екі осьтік иілудің біріккен әсерінің беріктік шарты орындалады.

Оқу құралының 2.5.3.6 тарау бөлімінде айтылғандай әдістерге альтернативтік дәстүрлі тәсіл ретінде барлық қималар үшін тексеруге болады. Көлденең қиманың беріктігі әр әрекет үшін қатынастардың сызықтық қосылуымен бағаланады. 1,2,3 сыныпты көлденең қима үшін сыртқы  $N_{Ed}$ ,  $M_{Ed,y}$  и  $M_{Ed,z}$  әрекеттердің әсеріне ілігуі, бұл әдісті келесі критерийді қолдану ҚР ҚН EN 1993-1-1 6.2.1(7) тарауына сәйкес пайдалануға болады.

$$\frac{N_{Ed}}{N_{Rd}} + \frac{M_{Ed,y}}{M_{Rd,y}} + \frac{M_{Ed,z}}{M_{Rd,z}} = \frac{1252820}{7958500} + \frac{779330}{1200700} + \frac{205740}{1200700} = 0,978 < 1,0$$

Бұл критерийдің қолданылуы себебі, қауіпсіз және өте жақын тез шешім алу, мысалы, элементтің қимасының өлшемдерін алғаш анықтау үшін, ақтың нәтиже алуға есептеулерді түзете алу мүмкіндігі алынды.

Беріктіктің барлық шарттары орындалғандықтан, қабылданған қима қалады.

### **В.13.3.5 Бағанның тасымалдық қабілеті (кедергі) орнықтылығы бойынша бойынша тексеру**

В.13.3.5.1 Ұзына бойлай сығу кезіндегі бағанның тасымалдық қабілетінің орнықтылығы.

Осы оқу құралының 2.5.4.1.2. тарау бөлімдеріне сәйкес, орнықтылығы төмендеген  $\bar{\lambda} \leq 0,2$

немесе иілгіштігі  $\frac{N_{Ed}}{N_{cr}} \leq 0,04$  болған жағдайда қиманың тек беріктігін тексеру қажет.

1 сыныпты көлденең қиманың иілгіштігі  $\bar{\lambda}$  оқу құралының (2.37) өрнегімен анықталады:

$$\bar{\lambda}_y = \bar{\lambda}_z = \sqrt{\frac{A \cdot f_y}{N_{cr}}} = \frac{L_{cr}}{i} \cdot \frac{1}{\lambda_1} = \frac{230}{16,4} \cdot \frac{1}{86,8} = 0,162 < 0,2$$

мұндағы  $L_{cr} = 0,7 \cdot L = 0,7 \cdot 330 = 230$  см - бағанның екі осьтері үшін алынған есептік ұзындылығы. Бұл мысалда оқу құралының Е қосымшасы, бағанның ұштары қатаң бекітілгендігі есепке алынып қолданылған.

Шартты иілгіштікті анықтайтын иілгіштік тең:

$$\lambda_1 = \pi \cdot \sqrt{\frac{E}{f_y}} = 93,9 \cdot \varepsilon = 93,9 \cdot \sqrt{\frac{235}{f_y}} = 93,9 \cdot \sqrt{\frac{235}{275}} = 86,8$$

$$N_{cr} = \frac{\pi^2 \cdot E \cdot I_y}{L_{cr}^2} = \frac{3,142^2 \cdot 21000000 \cdot 78114}{230^2} = 306130000 \text{ Н}$$

$$\frac{N_{Ed}}{N_{cr}} = \frac{1252820}{306130000} = 0,004 < 0,04$$

Сондықтан, орнықтылықтың жойылуын тексеру қажет етілмейді. Бірақ осы мысалда бұл тексеру орындалды.

Орнықтылықтың төмендету коэффициентін анықтау үшін? шамасы осы оқу құралының 2.5.4.1.2. бөлімдеріне сәйкес анықталады:

$$\Phi = 0,5 \cdot \left[ 1 + \alpha \cdot (\bar{\lambda} - 0,2) + \bar{\lambda}^2 \right] = 0,5 \cdot \left[ 1 + 0,49 \cdot (0,162 - 0,2) + 0,162^2 \right] = 0,504$$

мұндағы  $\alpha = 0,49$  коэффициент, бастапқы жетілмегендігі ескерілген, оқу құралының 2.9 кестесінен «с» орнықтылығын жоғалту қисығы үшін алынған, дәнекерленген қорапты қима үшін 2.10 кестесінен қабылданған  $b / t_f = 420 / 18 = 23,3 < 30$  и  $h / t_w < 30$  қатынастарымен.

Сығу әсерінен орнықтылықтың жоғалуы кезіндегі төмендету коэффициенті ?? оқу құралының (2.36) өрнегімен анықталады:

$$\chi = \frac{1}{\Phi + \sqrt{\Phi^2 - \bar{\lambda}^2}} = \frac{1}{0,504 + \sqrt{0,504^2 - 0,162^2}} = 1,019 > 1,0$$

мәні қабылданған.

Сығу кезіндегі орнықтылықтың тасымалдауыш қабілетінің есептік мәні оқу құралының (2.35) өрнегімен анықталады:

$$N_{b,Rd} = \frac{\chi \cdot A \cdot f_y}{\gamma_{M1}} = \frac{1,0 \cdot 28940 \cdot 275}{1,0} = 7958500 \text{ Н}$$

мұндағы  $\gamma_{M1} = 1,0$  орнықтылықтың қауіпсіздік жеке коэффициенті.

Сығу кезіндегі бағанның орнықтылығы үшін тексеру шарты оқу құралының (2.34) өрнегінің шарттарын тексеру:

$$\frac{N_{Ed}}{N_{b,Rd}} = \frac{1252820}{7958500} = 0,158 < 1,0$$

Ұзына бойлай сығымдау кезіндегі бағанның орнықтылық шарты орындалады.

#### **В.13.3.5.2 Бағанның иілу кезіндегі орнықтылығын бойынша тасымалдауыш қабілеті.**

Бағанның бүйір беті де, айналдыру кезінде де бекітулер болмағандықтан иілу кезінде орнықтылықтың жоғалу мүмкіншілігі бойынша бағанның толық ұзындығын  $L = 330$  см тексеру керек.

Бағанға әсер ететін жағдайлар:

Бағанның түбіне (төмен жағына):  $M_{Ed,y} = 779330 \text{ Н·м}$  и  $M_{Ed,z} = -205740 \text{ Н·м}$

Колоннаның жоғарғы жағында:

$$M_{Ed,y} = M_{Ed,G,y} + 1,1 \cdot \gamma_{ov} \cdot \Omega \cdot M_{Ed,E,y} = 1,1 \cdot 1,25 \cdot 1,08 \cdot (-251500) = -373480 \text{ Н·м};$$

$$M_{Ed,z} = M_{Ed,G,z} + 1,1 \cdot \gamma_{ov} \cdot \Omega \cdot M_{Ed,E,z} = 187 + 1,1 \cdot 1,25 \cdot 1,08 \cdot 66720 = 99270 \text{ Н·м}.$$

Иілу кезіндегі орнықтылықтың жоғалуының шартты иілуін  $\bar{\lambda}_{LT}$  анықтау үшін алдымен осы оқу құралындағы Е қосымшасындағы формулалармен анықталатын  $M_{cr}$  қатты қиын кезін есептеу талап қойылады.

Ұштық иілу кездерінің мәндерінің қатынастары у осі үшін:

$$\psi = (-373480) / 779330 = -0,479$$

С-дің жуық мәні осы оқу құралының (Е.3) өрнегімен анықталады:

$$C_1 = 1,88 - 1,4 \cdot \psi + 0,52 \cdot \psi^2 = 1,88 - 1,4 \cdot (-0,479) + 0,52 \cdot (-0,479)^2 = 2,670 < 2,7$$

Бұл мән осы оқу құралының Е1 кестесіндегі С-дің мәніне сәйкес келеді.

Бағанның қимасы тұйық, айналдыру кезінде қаттылығы өте жоғары болғандықтан, ығыстырылған айналуы қарастырмауға және қиын кезін анықтағанда бұмалаудың ықпалы қажет емес, яғни қиын кез өрнегінде  $I / I_z = 0$  деп қабылданады.



Жазық пішінді иілудің  $M_{cr}$  орнықтылығының жоғалуының қатты қиын кезі, осы оқу құралының (Е.2) өрнегімен анықталады.

$$M_{cr} = C_1 \cdot \frac{\pi^2 \cdot E \cdot I_z}{L^2} \cdot \left( \frac{I_\omega}{I_z} + \frac{L^2 \cdot G \cdot I_t}{\pi^2 \cdot E \cdot I_z} \right)^{0,5} = 2,670 \cdot \frac{3,142^2 \cdot 21000000 \cdot 78114,0}{330^2} \cdot \left( \frac{330^2 \cdot 8100000 \cdot 312,6}{3,142^2 \cdot 21000000 \cdot 78114,0} \right)^{0,5} = 163838000 \text{ Н} \cdot \text{см}$$

Мұндағы  $E = 21000000 \text{ Н/см}^2$  -құрыштың серпімділік модулі

$G = 8100000 \text{ Н/см}^2$  құрыштың жылжу модулі

Орнықтылықтың жоғалуының иілмелі түрі үшін шартты иілу, оқу құралының 2.5.4.2.2. бөліміне сәйкес анықталады:

$$\bar{\lambda}_{LT} = \sqrt{\frac{W_y \cdot f_y}{M_{cr}}} = \sqrt{\frac{4366,2 \cdot 27500}{163838000}} = 0,271$$

Осы оқу құралының 2.12 кестесі бойынша, дәнекерленген қораптық қима үшін қисық орнықтылық «d»жолданылған, бұл үшін оқу құралының 2.11 кестесіне сәйкес бастапқы жетілмегендікті ескеретін коэффициент  $\chi_{LT} = 0,76$  қабылданған.

Орнықтылықтың төмендеткіш коэффициентін анықтау шамасы

$$\Phi_{LT} = 0,5 \cdot \left[ 1 + \alpha_{LT} \cdot (\bar{\lambda}_{LT} - 0,2) + \bar{\lambda}_{LT}^2 \right] = 0,5 \cdot \left[ 1 + 0,76 \cdot (0,271 - 0,2) + 0,271^2 \right] = 0,564$$

Жазық пішінді иілудің орнықтылықты жоғалту кезіндегі төмендету коэффициенті

$$\chi_{LT} = \frac{1}{\Phi_{LT} + \sqrt{\Phi_{LT}^2 - \bar{\lambda}_{LT}^2}} = \frac{1}{0,564 + \sqrt{0,564^2 - 0,271^2}} = 0,944$$

Жазық пішінді иілудің орнықтылығы бойынша бағанның тасымалдау қабілетінің есептік мәні осы оқу құралының (2.40) формуласы бойынша анықталады:

$$M_{b,Rd,y} = \chi_{LT} \cdot W_{pl,y} \cdot \frac{f_y}{\gamma_{M1}} = 0,944 \cdot 4366,2 \cdot \frac{27500}{1,0} = 113346000 \text{ Н} \cdot \text{см} = 1133460 \text{ Н} \cdot \text{м}$$

Майысудың жазық нысаны орнықтылығына арналған (2.39) формуланың шартын тексеру (y осі үшін):

$$\frac{M_{Ed,y}}{M_{b,Rd,y}} = \frac{779330}{1133460} = 0,690 < 1,0$$

z осіне арналған соңғы майысу моменттерінің мәндерінің қатынасы:

$$\psi = 99270 / (-205740) = -0,482$$

Шеттік иілу кезіндегі мәндер қатынасы z осі үшін  $C_1$  жуық мәні осы оқу құралдың (Е.3) өрнегімен анықталады.

$$C_1 = 1,88 - 1,4 \cdot \psi + 0,52 \cdot \psi^2 = 1,88 - 1,4 \cdot (-0,482) + 0,52 \cdot (-0,482)^2 = 2,675 < 2,7$$

Жазық пішінді иілудің  $M_{cr}$  орнықтылықты жоғалту қиын кезі:

$$M_{cr} = 2,675 \cdot \frac{3,142^2 \cdot 21000000 \cdot 78114,0}{330^2} \cdot \left( \frac{330^2 \cdot 8100000 \cdot 312,6}{3,142^2 \cdot 21000000 \cdot 78114,0} \right)^{0,5} = 1641448000 \text{ Н} \cdot \text{см}$$

Иілім

пішінді орнықтылықты жоғалтудың шартты иілгіштігі:

$$\bar{\lambda}_{LT} = \sqrt{\frac{W_z \cdot f_y}{M_{cr}}} = \sqrt{\frac{4366,2 \cdot 27500}{1641448000}} = 0,27$$

Орнықтылықтың төмендеткіш коэффициентін анықтау шамасы

$$\Phi_{LT} = 0,5 \cdot \left[ 1 + \alpha_{LT} \cdot (\bar{\lambda}_{LT} - 0,2) + \bar{\lambda}_{LT}^2 \right] = 0,5 \cdot \left[ 1 + 0,76 \cdot (0,27 - 0,2) + 0,27^2 \right] = 0,563$$

Жазық пішінді иілудің орнықтылықты жоғалту кезіндегі төмендету коэффициенті

$$\chi_{LT} = \frac{1}{\Phi_{LT} + \sqrt{\Phi_{LT}^2 - \bar{\lambda}_{LT}^2}} = \frac{1}{0,563 + \sqrt{0,563^2 - 0,27^2}} = 0,946$$

Жазық пішінді иілудің орнықтылығы бойынша бағанның тасымалдау қабілетінің есептік мәні:

$$M_{b,Rd,z} = \chi_{LT} \cdot W_{pl,z} \cdot \frac{f_y}{\gamma_{M1}} = 0,946 \cdot 4366,2 \cdot \frac{27500}{1,0} = 113587000 \text{ Н} \cdot \text{см} = 1135870 \text{ Н} \cdot \text{м}$$

Жазық пішінді иілудің орнықтылық шартын тексеру (z осі үшін):

$$\frac{M_{Ed,z}}{M_{b,Rd,z}} = \frac{205740}{1135870} = 0,181 < 1,0$$

Бағанның жазық пішінді иілудің орнықтылық шарты орындалады ( қиманың әрбір осі қатысты).

Оқу құралдың 2.5.4.2.2 тарау бөліміне сәйкес  $\bar{\lambda}_{LT} = 0,271 \leq \bar{\lambda}_{LT,0} = 0,4$  шарттың орындалуына байланысты жазық пішінді иілудің орнықтылығын баған үшін тексерудің қажеті жоқ.

В.13.3.5.3 Бағанның тасымалдауыш қабілеті орнықтылығы бойынша иілім мен остік сығудың біріккен әсері үшін.

Ию кезі мен остік сығудың біріккен ықпалы 1 сыныпты қиманың, осы оқу құралдың (2.46), (2.47) өрнектерінің шарттарын қанағаттандырулары тиіс.

$$\frac{N_{Ed}}{\chi_y \cdot N_{Rk} / \gamma_{M1}} + k_{yy} \cdot \frac{M_{Ed,y}}{\chi_{LT} \cdot M_{Rk,y} / \gamma_{M1}} + k_{yz} \cdot \frac{M_{Ed,z}}{M_{Rk,z} / \gamma_{M1}} \leq 1,0$$

$$\frac{N_{Ed}}{\chi_z \cdot N_{Rk} / \gamma_{M1}} + k_{zy} \cdot \frac{M_{Ed,y}}{\chi_{LT} \cdot M_{Rk,y} / \gamma_{M1}} + k_{zz} \cdot \frac{M_{Ed,z}}{M_{Rk,z} / \gamma_{M1}} \leq 1,0$$

$$N_{Rk} = f_y \cdot A \quad \text{және} \quad M_{Rk,i} = f_y \cdot W_{pl,i}$$

$k_{yy}$ ,  $k_{yz}$ ,  $k_{zy}$ ,  $k_{zz}$  – өзара байланыс коэффициенті, осы оқу құралдың 2.5.4.3.2 тарау бөлімінің нұсқасымен анықталады, ҚР ҚН EN 1993-1-1 қосымшаның 2 альтернативті әдістің ережелеріне сәйкес келеді.

Қос ості иілген осьтік сығымдау кезінде көрсетілген өзара байланыс коэффициентінің төртеуін де анықтау талап етіледі.

Мысалда бағанның тұйық шаршы пішінді қимасы алынғандықтан, оқу құралының 2.5.4.3.1 тарау бөліміне сәйкес, айналу өзгерісіне ұшырамаған. Сондықтан, өзара байланыс коэффициентін оқу құралының 2.15 кестесі бойынша анықтауға болады.

Осы оқу құралдың 2.17 кестесі бойынша  $C_{mi}$  тұрақты кезге эквивалентті ауысу коэффициенті анықталады. Бекіту нүктелерінің арасында түсетін жүк болмағандықтан, эквивалентті тұрақты кезі үшін барлық үш коэффициент  $C_{my}$ ,  $C_{mz}$  и  $C_{mLT}$  берілген кестенің бірінші жолындағы өрнектің көмегімен анықталады.

У-у осінің айналасына ию және z-z жазықтығына бекіту кездерде:

$$\text{для } \psi = (-373480) / 779330 = -0,479; \quad C_{my} = 0,6 + 0,4 \cdot \psi = 0,6 + 0,4 \cdot (-0,479) = 0,408 > 0,4$$

z-z осінің айналдыра ию және у-у жазықтығына бекіту кездерде:

$$\text{для } \psi = (-99270) / 205740 = -0,483; \quad C_{mz} = 0,6 + 0,4 \cdot \psi = 0,6 + 0,4 \cdot (-0,483) = 0,407 > 0,4$$

у-у осінің айналдыра ию және у-у жазықтығына бекіту кездерде:

для  $\psi = -0,479$ ;  $C_{mLT} = 0,6 + 0,4 \cdot \psi = 0,6 + 0,4 \cdot (-0,479) = 0,408 > 0,4$

1,2 сыныптық ұзына бойлаған қима үшін өзара байланыс коэффициенті  $k_{yy}$  (пластикалық қасиетін ескере отырып) тең:

$$k_{yy} = C_{my} \cdot \left[ 1 + (\bar{\lambda}_y - 0,2) \cdot \frac{N_{Ed}}{\chi_y \cdot N_{Rk} / \gamma_{M1}} \right] = 0,408 \cdot \left[ 1 + (0,162 - 0,2) \cdot \frac{1252820}{1,0 \cdot 28940 \cdot 275 / 1,0} \right] = 0,406 <$$

$$< C_{my} \cdot \left( 1 + 0,8 \cdot \frac{N_{Ed}}{\chi_y \cdot f_y \cdot A / \gamma_{M1}} \right) = 0,408 \cdot \left( 1 + 0,8 \cdot \frac{1252820}{1,0 \cdot 28940 \cdot 275 / 1,0} \right) = 0,459.$$

Өзара байланыс коэффициенті  $k_{zz}$  тең:

$$k_{zz} = C_{mz} \cdot \left[ 1 + (\bar{\lambda}_z - 0,2) \cdot \frac{N_{Ed}}{\chi_z \cdot N_{Rk} / \gamma_{M1}} \right] = 0,407 \cdot \left[ 1 + (0,162 - 0,2) \cdot \frac{1252820}{1,0 \cdot 28940 \cdot 275 / 1,0} \right] = 0,405 <$$

$$< C_{mz} \cdot \left( 1 + 0,8 \cdot \frac{N_{Ed}}{\chi_z \cdot f_y \cdot A / \gamma_{M1}} \right) = 0,407 \cdot \left( 1 + 0,8 \cdot \frac{1252820}{1,0 \cdot 28940 \cdot 275 / 1,0} \right) = 0,458.$$

Өзара байланыс коэффициенті  $k_{yz}$  тең:

$$k_{yz} = 0,6 \cdot k_{zz} = 0,6 \cdot 0,405 = 0,243$$

Өзара байланыс коэффициенті  $k_{zy}$  тең:

$$k_{zy} = 0,6 \cdot k_{yy} = 0,6 \cdot 0,406 = 0,244$$

Орнықтылықтың шарттарын сыға-иілген элементтер үшін өзара байланыс формулалары (2.46) және (2.47) арқылы тексеру:

$$\frac{N_{Ed}}{\chi_y \cdot N_{Rk} / \gamma_{M1}} + k_{yy} \cdot \frac{M_{Ed,y}}{\chi_{LT} \cdot M_{Rk,y} / \gamma_{M1}} + k_{yz} \cdot \frac{M_{Ed,z}}{M_{Rk,z} / \gamma_{M1}} = \frac{1252820}{1,0 \cdot 28940 \cdot 275 / 1,0} +$$

$$+ 0,406 \cdot \frac{779330}{0,944 \cdot 4366,2 \cdot 275 / 1,0} + 0,243 \cdot \frac{205740}{4366,2 \cdot 275 / 1,0} = 0,480 < 1,0;$$

$$\frac{N_{Ed}}{\chi_z \cdot N_{Rk} / \gamma_{M1}} + k_{zy} \cdot \frac{M_{Ed,y}}{\chi_{LT} \cdot M_{Rk,y} / \gamma_{M1}} + k_{zz} \cdot \frac{M_{Ed,z}}{M_{Rk,z} / \gamma_{M1}} = \frac{1252820}{1,0 \cdot 28940 \cdot 275 / 1,0} +$$

$$+ 0,244 \cdot \frac{779330}{0,944 \cdot 4366,2 \cdot 275 / 1,0} + 0,405 \cdot \frac{205740}{4366,2 \cdot 275 / 1,0} = 0,395 < 1,0.$$

Бағанның орнықтылығының шарттары сығымдау-иілу элементі ретінде орындалады.

1-ші, 2-ші, 3-ші қабаттардағы бағандардың қимасы беріктіктің және орнықтылықтың барлық шарттарына сәйкес болғандықтан қалыңдығы 18 мм беттерден жасалған өлшемдері 420\*420 мм болатын шаршы көлденең қима қабылданады.

#### В.13.4 Негізгі қанқа элементтерін есептеу нәтижесі

Осы мысалда қаралған ғимараттың қанқа элементтеріне барлық тексеру есептері жасалды. Жасалған есептеулердің нәтижесі В.1.1 тарауында көрсетілген, алдын ала қабылданған қима тасымалдаушы қабілетінің беріктігі мен орнықтылығына қойылатын барлық талаптарға сай екенін көрсетеді.

#### В.14 Пластикалық өзгеру механизмінің қалыптасу шартын тексеру

Жақтаудың пластикалық өзгеру механизміне қолайлы жағдай жасау үшін бағанның иілу беріктігі арқалықтың иілу беріктігінен артық болуы керек. Егер бағанның иілу беріктігі осы оқу құралының 4.1.4 болса, бұл талап орындалды деп есептеуге болады.

$$M_{Rc} \geq 1,3 M_{Rb}, (B.26)$$

мұндағы  $M_{Rc}$  кезендердің есептік мәндерінің қосындасы басты жалғанудағы бағанның иілуінің ең төмен тасымалдауыш қабілетін анықтайтын, осьтік күштің әрекетін ескере отырып анықталған.

$M_{Rb}$  басты жалғанудағы арқалықтың иілу тасымалдауыш қабілетін анықтайтын кезендердің есептік мәндерінің қосындысы.

ЕСКЕРТУ Әдебиеттерде бұл шарт “strong column – weak beam” деп аталады.

Мысалда иімділік шарты 2 қабаттың ортаңғы торабы жақтауының 2 осі бойынша анықталады. Баған мен арқалық жалғанған, есептеуі жоғарыда келтірілген.

1 ден 2 қабаттардың жақтаулар бағандары дәнекерленген қораптық қимамен қалыңдығы 18 мм, өлшемдері 420\*420 мм листтармен жасалған.

Бағанның тасымалдауыш қабілеті, иілу кезі мен осьтік сығу күші біріккен кездегі, B.13.3.4.5 анықталған:

$$M_{Rc,N} = 1200700 \text{ Нм.}$$

Жақтаудың арқалық- ригелі дәнекерленген қос тавриі қима сөрелері 7,0\*12 мм листтен және қабырғалары 326\*6 мм листтен жасалған. Баған мен арқалықтың жалғану тараптың есебі, арқалықтағы пластикалық шарнирдің қалыптасуы бағанның сөрелерінен қашықтығы отыра, B.1.13.2.3- те келтірілген. Есептің нәтижесі бойынша, бағанның қырындағы арқалықтың қимасы жақсартылған нәтиже көрсеткішін көрсетіп отыр. Арқалықтың жақсартылған қимасының тасымалдауыш қабілеттілігі мынаған тең:

$$M_{Rb,con} = 512320 \text{ Н} \cdot \text{м}$$

Бұл тасымалдауыш қабілеті бағанның сөрелерінің қырындағы арқалықтың жалғанған жерінің пластикалық кезеңнің, B.13.2.3 пластикалық шарнирдің пайда болуы ескеріле отырыла анықталған, ең жоғары мүмкіншілігінен үлкен:

$$M_{Ed,connection} = 249290 \text{ Н} \cdot \text{м}$$

Торапта бір қиманың екі бағаны және қосылуға тасымалдауыш қабілеттері бірдей 2 арқалық жалғанған. (B.26) өрнегінің шарттарын тексеру:

$$\Sigma M_{Rc,N} = 2 \cdot 1200700 = 2401400 \text{ Н} \cdot \text{м} > 1,3 \cdot M_{Rb,con} = 1,3 \cdot 2 \cdot 512320 = 1332030 \text{ Н} \cdot \text{м}$$

Пластикалық өзгерудің қалыптасу шарттары орындалған.

### B.15 Бұзылудың шектеуді тексеру талаптары

Егер ғимараттың қабаттар арасындағы қисықтығы «Жер сілкінуге тұрақты ғимараттарды салуды жобалау. Азаматтық ғимараттарды салуды жобалау. Негізгі талаптар» оқу құралының (7.7) өрнегіне сәйкес келгенде, ғимарат үшін қолданылған, құрылымдық емес элементтері, конструкцияның бұзылуына әсер етпейтіндей етіп, бекітілген болса, бұзылудың шектеудің талаптары орындалды деп есептеледі.

$$d_{ts} \cdot v \leq 0,01 \cdot h \quad (B.27)$$

мұндағы  $d_{ts}$  - есеп жасалған сейсмикалық әрекеттен пайда болған және «Жер сілкінуге тұрақты ғимараттарды салуды жобалау. Азаматтық ғимараттарды салуды жобалау. Негізгі талаптар» оқу құралының 7.3.2.1 және 7.3.2.2 бөлімдерінің сәйкес есептелген қабат ауытқуы.

Бұл мысалға алынған ғимарат үшін, жоғарыда көрсетілген оқу құралының (7.8) өрнегіне сәйкес, қабаттардың ауытқуларының есептік мәні  $d_{rs} = d_r$  және осы оқу құралының (B.24) өрнегімен есептелетін, қабаттардың орталық көлденең ауысуын  $d_s$  қолданып анықталады.

$h$  - ғимараттың биіктігі.

$\nu$  - бұзылуды шектеудің талаптарына сай, сейсмикалық әрекеттердің ең аз қайталану периодын есепке алатын, редукция коэффициенті.

Коэффициенті жоғарыда көрсетілген оқу құралының 7.3.2.3 бөлімдері бойынша қабылданады.

Бұл мысалдағы жауапкершілігі 2 классты ғимарат үшін коэффициенттің мәні 0,5-ке тең деп алынған.

SCAD бағдарлама есептеуі бойынша есептелінген ең жоғары әсермен жүктеу комбинациясы үшін (B.3 кестесі бойынша 38 комбинация) қабатаралық жабулардың деңгейіндегі қанқаның ауытқу мәні ( $d_s$ ) және қанқаның қабаттарындағы ауытқуы (қисаюы) мәні ( $d_{rs}$ ) B.6. кестесінде келтірілген.

Осы үлгідегі қабаттың биіктігі  $h = 3300$  мм, олай болса, қабат қиғаштығының ең жоғары рауалы мәні:  $0,01 \cdot h = 0,01 \cdot 3300 = 33$  мм тең.

**B.6 кестесі - қабатаралық жабулардың деңгейіндегі қанқаның ауысуы ( $d_s$ ) және қабаттардың ауытқуы ( $d_{rs}$ )**

биіктігі бойынша жабу №	сейсмикалық әрекеттердің комбинациялары үшін ауысу мәні $d_s$ (мм)		биіктігі бойынша қабат №	сейсмикалық әрекеттердің комбинациялары үшін ауытқу мәні ( $d_{rs}$ ) мм	
	көлденең бағыты осімен) (y	ұзына бойлау бағыты осімен) (z		көлденең бағыты осімен) (y	ұзына бойлау бағыты осімен) (z
5	240	194	5	28	22
4	212	172	4	48	38
3	164	134	3	60	50
2	104	84	2	64	52
1	40	32	1	40	32

B.6 кестеде көрсетілгендей, 2 қабат үшін ауытқудың ең жоғарғы мәні  $d_{rs, \max} = d_{rs} = 64 \cdot 0,5 = 32$  мм шектелген мәннен кіші.

B.6 кестеде келтірілген мәліметтер анализі, қарастырылған ғимараттың қабаттарының ауытқулары (B.27) өрнегінің шарттарын қанағаттандырып отыр, сондықтан ҚР ҚН EN 1998-1 нормасының талаптары бұзылуды шектеу бойынша орындалады.

**Г Қосымшасы**  
(ақпараттық)

**Концентрлес байланыстарымен тіректі ғимаратты сейсмикалық әсерлерге есептеу  
мысалы**

**Г мысалы Концентрлес диагоналды байланыстарымен тіректі ДСМ созымдылығы  
сыныбының бес қабатты болат констукциялы ғимаратын сейсмикалық әсерлерге есептеу**

**Г.1 Бастапқы деректер**

Х - тәрізді диагоналды концентрлес байланыстарымен болат тірегімен бес қабатты ғимаратты сейсмикалық әсерлерге есептеуді орындау қажет. Белгіленуі бойынша қарастырылатын ғимарат қоғамдық ғимараттар санатына жатады.

Ғимараттың жауапкершілік сыныбы «Сейсмикалық төзімді ғимараттарды жобалау. Азаматтық ғимараттарды жобалау. Жалпы талаптар» Құралының 5.1 Кестесіне сәйкес, II қабылданған.

Қарастырылатын ғимараттың ұстындардың осьтері бойынша 18,0 × 18,0 м габаритті өлшемдермен, жоспарда квадрат пішіні бар. Ұстындардың қадамы 6,0 м екі бағытта. Барлық қабаттардың биіктігі 3,3 м.

Қарастырылатын ғимараттар көлденең сейсмикалық әсерлерге осьтік күштерге ұшыраған басым элементтер ұшырайтындықтан, онда бойлық (Х осімен) және көлденең (У осімен) бағыттарда ғимараттың құрылымдық типі, бұл құралдың 2.3.1 сәйкес, концентрлес байланыстарымен тіректерге жатады. Байланыстар барлық қабаттарда орта аралықтарда ғимарат периметрі бойынша, 1 және 4 осьтер бойынша, және А және Г қатарлары бойынша орналасқан. Тіректің ұстындары арқалықтармен және аражабын тақтайларымен қосылған.

Схемалық жоспары мен кесінділер Г.1 суретінде берілген, ал тіректің жалпы түрі - Г.2 суретінде.

Бұл мысалда алдын ала есеп бойынша алынған ғимарат тірегінің құрылымдық элементтерінің қималары келесідей:

а) Ұстындар –НЕА профилінен прокатты болат екітаврлы қималар:

– байланыстық жүйеге кіретін Б, В қатарлары және 2,3 осьтер бойынша бірінші және екінші қабаттардың колонналары үшін НЕА 360 профилі қабылданды;

– Б, В қатарлары және 2,3 осьтер бойынша бірінші және екінші қабаттардың орташа колонналары үшін НЕА 280 профилі қабылданды;

– Б, В қатарлары және 2,3 осьтер бойынша үшіншіден бесіншіге дейінгі қабаттардың колонналары үшін НЕА 320 профилі қабылданды;

– Б, В қатарлары және 2,3 осьтер бойынша үшіншіден бесіншіге дейінгі қабаттардың орташа колонналары үшін НЕА 240 профилі қабылданды;

– А, Г қатарлары және 1,4 осьтер бойынша біріншіден бесіншіге дейінгі қабаттардың бұрыфштық колонналары үшін НЕА 180 профилі қабылданды.

б) Арқалықтар – IPN профилінен прокатты болат екі таврлы қималар:

– бірінші, екінші, үшінші және төртінші қабаттардың үстінде аражабындарда А, Г шеткі қатарлары бойынша және 1, 4 осьтері бойынша арқалықтар үшін IPN 260 профилі алынған;

– бесінші қабаттың үстінде аражабында А, Г шеткі қатарлары бойынша және 1, 4 осьтері бойынша арқалықтар үшін IPN 240 профилі алынған;


– бірінші, екінші, үшінші және төртінші қабаттардың үстінде аражабындарда Б, В орта қатарлар бойынша және 2, 3 осьтері бойынша арқалықтар үшін IPN 320 профилі алынған;

– бесінші қабаттың үстінде аражабында Б, В орта қатарлар бойынша және 2, 3 осьтері бойынша арқалықтар үшін IPN 280 профилі алынған.

в) Концентрлес байланыстар– тік бұрышты қиманың тұйық профильдерінен:

- бірінші қабатта –□ 160×80×10 мм, болат S355H осы құралдың 2.2 Кестесі бойынша;
- екінші және үшінші қабаттарда –□ 140×70×8 мм, S355H болат;
- төртінші қабатта –□ 120×60×8 мм, болат S235H осы құралдың 2.2 Кестесі бойынша;
- бесінші қабатта –□ 100×60×3,6 мм, болат S235H.

#### ТИПТІК ҚАБАТТЫҢ ЖОСПАРЫ



Г.1 сурет – Ғимараттың сызбалық жоспары және каркас кесімдері

Аражабындары мен жабын қалыңдығы 180 мм тұтасқұйма темірбетон алынған.


Аражабындары жеңіл тиімді материалдардан тіректі құрылымнан алынған.

Сыртқы қабырғалық қоршаулар шыны пакеттермен толтырумен алюминий профильдерден сөрелік түптемелерден алынған.

Ғимараттың төбесі – біріктірілген, орамдық материалдардан.

Ғимараттың құрылымдық элементтерінің материалы:

- тіректің барлық ұстындары – S355 болат осы құралдың 2.2 Кестесі бойынша;
- тіректің барлық арқалықтары – S275 болат осы құралдың 2.2 Кестесі бойынша;
- концентрлес байланыстар – болат жоғарыда көрсетілген;
- аражабындар мен жабынның тақтайлары – C25/30 сыныпты бетон.



Г.2 сурет– Ғимарат каркасының жалпы көрінісі

Бұл ғимарат жоспарда және биіктігі бойынша реттеуші ретінде жіктеледі, себебі келесі талаптар орындалады:

- ғимараттың құрылымдық жүйесінде массалар мен көлденең сұйықтықтарды екі ортогоналды осьтерге қатысты жоспарда симметриялы бөлу;
- жоспарда ғимараттың конфигурациясы жинақы, шығыңқыларсыз алынған;
- жоспарда аражабындардың қаттылығы тік құрылымдық элементтердің (ұстындардың) көлденең қаттылығынан асады;

–  $\lambda = L_{\max} / L_{\min} = 18,0/18,0 = 1,0$  тең жоспардағы ғимараттың иілгіштігі, 4,0 – жоспарда реттеуші деп жіктелген ғимараттарға бұл құралдың 2.4 Бөлімшесінде көрсетілген шамадан аспайды. Бұл жерде  $L_{\max}$  және  $L_{\min}$  – ортогоналды бағыттардағы жоспардағы ғимараттың өлшемдері;

– көлденең жүктемелерді қабылдайтын тіректің барлық құрылымдары ғимараттың үстіне дейін іргетастан үзілмейтін;

– көлденең қаттылықтар және жекелеген қабаттардың массалары тұрақты немесе ғимараттың үстіне негізден кішірейеді.

Өрнектер шарты орындалатындықтан, бұл құралдың 2.5.3.6 бойынша иілумен осьтік күштің әсері кезінде көтергіш қасиетті тексеру қажет емес.

ҚР ҚН EN 1993-1-1 6.2.1(7) сәйкес,  $N_{Ed}$ ,  $M_{y,Ed}$  және  $M_{z,Ed}$  сыртқы әсерлермен күштердің комбинациясына ұшыраған 1, 2 немесе 3 сыныпты бойлық кималар үшін, беріктікті тексеру үшін ҚР ҚН EN 1993-1-1 (6.2) Өрнегі қолданылуы мүмкін, онда бойлық кималардың беріктігі әрбір күш үшін «әсер етуші күш/көтергіш қасиет» қатынастарын сызықтық қосумен бағаланады. Негізгі комбинация үшін беріктік тең:

$$\frac{N_{Ed}}{N_{Rd}} + \frac{M_{y,Ed}}{M_{y,Rd}} + \frac{M_{z,Ed}}{M_{z,Rd}} = \frac{7700}{1465750} + \frac{123200}{141350} = 0,878 < 1,0$$

мұндағы  $N_{Rd}$ ,  $M_{y,Rd}$  және  $M_{z,Rd}$  – бойлық қималар сыныбына байланысты және қозғалыстың бойлық күшінің әсерімен себепші болған, барлық мүмкін төмендетуші факторларды қамтитын көтергіш қасиетінің есептік мәндері.

Сейсмикалық комбинация үшін беріктік тең:

$$\frac{N_{Ed}}{N_{Rd}} + \frac{M_{y,Ed}}{M_{y,Rd}} = \frac{108510}{1465750} + \frac{76000}{141350} = 0,612 < 1,0$$

Бірінші және екінші қабаттардың IPN 260 қима арқалығының беріктігі қамтамасыз етілді.

**Г.13.3.4 Орнықтылық бойынша арқалықтың көтергіш қасиетін (кедергілесуін)**

**тексеру**

Г.13.3.4.1 Сығу кезінде орнықтылық бойынша арқалықтың көтергіш қасиеті

Бұл құралдың 2.5.4.1.2 сәйкес,  $\bar{\lambda} \leq 0,2$  иілгіштік кезінде немесе  $\frac{N_{Ed}}{N_{cr}} \leq 0,04$  кезінде,

арқалықтың орнықтылықты жоғалтуын елемуге және қиманы тек беріктікке тексеруге болады.

1 сыныпты бойлық қималар үшін шартты иілгіштік  $\bar{\lambda}$  бұл құралдың (2.37) Өрнегі бойынша анықталады:

$$\bar{\lambda} = \frac{L_{cr}}{i} \cdot \frac{1}{\lambda_1} = \frac{600}{10,38} \cdot \frac{1}{86,8} = 0,665 > 0,2, \quad \text{мұндағы } L_{cr} = 600 \text{ см} - \text{арқалықтың есептік}$$

ұзындығы;

$$\lambda_1 = \pi \cdot \sqrt{\frac{E}{f_y}} = 93,9 \cdot \varepsilon = 93,9 \cdot \sqrt{\frac{235}{f_y}} = 93,9 \cdot \sqrt{\frac{235}{275}} = 86,8.$$

$$N_{cr} = \frac{\pi^2 \cdot E \cdot I_y}{L_{cr}^2} = \frac{3,142^2 \cdot 21000000 \cdot 5740}{600^2} = 3305530 \text{ Н};$$

$$\frac{N_{Ed}}{N_{cr}} = \frac{108510}{3305530} = 0,033 < 0,04$$

Сәйкесінше, арқалықты сығу кезінде кезінде орнықтылықты жоғалтуға тексеру қажет емес.

Г.13.3.4.2 Иілу кезінде орнықтылық бойынша арқалықтың көтергіш қасиеті

Құралдың 2.5.4.2.1 сәйкес, сығылған сөренің жеткілікті бекітуімен арқалықтар иілудің жазық пішін орнықтылығын жоғалтады. Бұл мысалда арқалықтың жоғарғы сөресі аражабынның темірбетон тақтайымен қосылғанын болжайды (құралдың 2.15 суретінде көрсетілген қосылыс типі бойынша), бұл оның сығылған сөресі үшін жеткілікті бекіту болып табылады және сондықтан иілу кезінде орнықтылыққа тексеру және иілетін- сығылатын элемент ретінде тексеруді орындау қажет емес.

**Г.13.3.5 Пайдалану жарамдылығы бойынша арқалықтың шекті күйін тексеру**

Арқалықтың иілулері мен динамикалық әсерлерін тексеруді ҚР ҚН EN 1993-1-1 7.2 Бөлімшесінің талаптарына сәйкес орындау қажет.

**Г.13.4 Байланыс жүйесіне кіретін Б, В қатарлары және 2, 3 осьтері бойынша бірінші және екінші қабаттардың ұстындары****Г.13.4.1 Әсер ету нәтижелері (В.8 Суреті бойынша 5 элемент)**

Ұстынның түбі үшін сейсмикалық емес жүктемелердің ықпалынан әсер ету нәтижелері (күштер):

осьтік сығу күші:  $N_{Ed,G} = 725900 \text{ Н};$

иілу моменттері:  $M_{Ed,G,y} = 0; M_{Ed,G,z} = 0;$

көлденең күштер:  $V_{Ed,G,z} = 1100 \text{ Н}; V_{Ed,G,y} = 700 \text{ Н}$

Ұстынның түбі үшін сейсмикалық емес жүктемелердің ықпалынан әсер ету нәтижелері:

осьтік сығу күші:  $N_{Ed,E} = 1571600 \text{ Н};$

иілу моменттері:  $M_{Ed,E,y} = 0; M_{Ed,E,z} = 0;$

көлденең күштер:  $V_{Ed,E,z} = 19580 \text{ Н}; V_{Ed,E,y} = 4550 \text{ Н}.$

Ұстынның жоғарғысы үшін сейсмикалық емес жүктемелердің ықпалынан әсер ету нәтижелері:

осьтік сығу күші:  $N_{Ed,G} = 723100 \text{ Н};$

иілу моменттері:  $M_{Ed,G,y} = 3500 \text{ Н} \cdot \text{м}; M_{Ed,G,z} = 2300 \text{ Н} \cdot \text{м};$

көлденең күштер:  $V_{Ed,G,z} = 1100 \text{ Н}; V_{Ed,G,y} = 700 \text{ Н}.$

Ұстынның жоғарғысы үшін сейсмикалық жүктемелердің ықпалынан әсер ету нәтижелері:  
осьтік сығу күші:  $N_{Ed,E} = 1571600 \text{ Н}$ ;  
иілу моменттері:  $M_{Ed,E,y} = 63100 \text{ Н·м}$ ;  $M_{Ed,E,z} = 14950 \text{ Н·м}$ ;  
көлденең күштер:  $V_{Ed,E,z} = 19580 \text{ Н}$ ;  $V_{Ed,E,y} = 4550 \text{ Н}$ .

#### Г.13.4.2 Геометриялық сипаттамалары

Ұстынның екітаврлы қимасының геометриялық сипаттамалары:

- ұстынның қимасы – HEA 360, S355 болат EN 10025-2 бойынша;
- қиманың ауданы –  $A = 14280 \text{ мм}^2$ ;
- инерция моменттері –  $I_y = 33090,0 \text{ см}^4$ ;  $I_z = 7887,0 \text{ см}^4$ ;
- инерция радиустары –  $i_y = 15,22 \text{ см}$ ;  $i_z = 7,43 \text{ см}$ ;
- кедергінің пластикалық моменттері –  $W_{pl,y} = 2088,0 \text{ см}^3$ ;  $W_{pl,z} = 802,3 \text{ см}^3$ ;
- айнарудың инерция сәті –  $I_t = 148,8 \text{ см}^4$ ;
- секториалдық инерция моменті (бұрмалау) –  $I_\omega = 2177000,0 \text{ см}^6$ .

Ұстын болатының аққыштығының номиналды шегі –  $f_y = 355 \text{ Н/мм}^2 = 35500 \text{ Н/см}^2$ .

#### Г.13.4.3 Әсер етудің есептік нәтижелерін анықтау

Ұстынның тіректің созылымдық деформациялану тетігін қамтамасыз ету үшін беріктік резерві болуы тиіс, сондықтан бұл құралдың 5.4 Бөлімшесіне сәйкес, сейсмикалық есептік жағдайда күштердің мәндері шетелдік әдебиетте келтірілген және (5.2) Өрнегінің мәніне тең төменде келтірілген мәндер бойынша анықталады:

$\Omega = 1,107$  – бұл мысалдың Г.1.13.2.3 анықталған минималды мән;

$\gamma_{ov} = 1,25$  – құралдың 2.2.2.2 сәйкес беріктік резервінің коэффициенті, а 1,1 – жеке қауіпсіздік коэффициенті.

Ұстынның үсті үшін әсер етулердің есептік әсерлері:

$$N_{Ed} = N_{Ed,G} + 1,1 \cdot \gamma_{ov} \cdot \Omega \cdot N_{Ed,E} = 723100 + 1,1 \cdot 1,25 \cdot 1,107 \cdot 1571600 = 3115270 \text{ Н};$$

$$M_{Ed,y} = M_{Ed,G,z} + 1,1 \cdot \gamma_{ov} \cdot \Omega \cdot M_{Ed,E,y} = 3500 + 1,1 \cdot 1,25 \cdot 1,107 \cdot 63100 = 99550 \text{ Н·м};$$

$$V_{Ed,z} = V_{Ed,G,z} + 1,1 \cdot \gamma_{ov} \cdot \Omega \cdot V_{Ed,E,z} = 1100 + 1,1 \cdot 1,25 \cdot 1,107 \cdot 19580 = 30900 \text{ Н};$$

$$M_{Ed,z} = M_{Ed,G,z} + 1,1 \cdot \gamma_{ov} \cdot \Omega \cdot M_{Ed,E,z} = 2300 + 1,1 \cdot 1,25 \cdot 1,107 \cdot 14950 = 25060 \text{ Н·м};$$

$$V_{Ed,y} = V_{Ed,G,y} + 1,1 \cdot \gamma_{ov} \cdot \Omega \cdot V_{Ed,E,y} = 700 + 1,1 \cdot 1,25 \cdot 1,107 \cdot 4550 = 7630 \text{ Н}.$$

Ұстынның төмені үшін әсер етулердің есептік әсерлері:

$$N_{Ed} = 725900 + 1,1 \cdot 1,25 \cdot 1,107 \cdot 1571600 = 3118070 \text{ Н};$$

$$M_{Ed,y} = 0; V_{Ed,z} = 30900 \text{ Н};$$

$$M_{Ed,z} = 0; V_{Ed,y} = 7630 \text{ Н}.$$

#### Г.13.4.4 Ұстын қимасының беріктік бойынша көтергіш қасиетін (кедергілесуін)

тексеру

Г.13.4.4.1 Осьтік сығушы күш кезінде көтергіш қасиет

Көтергіш қасиетінің есептік мәні сығу кезінде 1 сыныпты көлденең қима үшін бұл құралдың (2.8) Өрнегі бойынша анықталады:

$$N_{c,Rd} = N_{pl,Rd} = \frac{A \cdot f_y}{\gamma_{M0}} = \frac{14280 \cdot 355}{1,0} = 5069400 \text{ Н}$$

Сығу кезінде беріктік үшін құралдың (2.7) Өрнегінің шартын тексеру:

$$\frac{N_{Ed}}{N_{c,Rd}} = \frac{3115270}{5069400} = 0,615 < 1,0$$

Ұстынның беріктік шарты сығу кезінде орындалады.

Г.13.4.4.2 Иілуші сәт кезінде көтергіш қасиеті

Көтергіш қасиетінің есептік мәні иілуге У мықты осіне қатысты 1 сыныпты бойлық қима

үшін бұл құралдың (2.10) Өрнегі бойынша анықталады, ол тең:

$$M_{c,Rd} = M_{pl,Rd,y} = \frac{W_{pl,y} \cdot f_y}{\gamma_{M0}} = \frac{20880 \cdot 35500}{1,0} = 74124000 \text{ Н} \cdot \text{см} = 741240 \text{ Н} \cdot \text{м}.$$

Z әлсіз осіне қатысты иілуге көтергіш қасиетінің есептік мәні тең:

$$M_{c,Rd} = M_{pl,Rd,z} = \frac{W_{pl,z} \cdot f_y}{\gamma_{M0}} = \frac{8023 \cdot 35500}{1,0} = 28482000 \text{ Н} \cdot \text{см} = 284820 \text{ Н} \cdot \text{м}.$$

Иілу кезінде ұстынның беріктігі үшін бұл құралдың (2.9) Өрнегінің шартын тексеру:

$$\frac{M_{Ed,y}}{M_{c,Rd}} = \frac{M_{Ed,y}}{M_{pl,Rd,y}} = \frac{99550}{741240} = 0,135 < 1,0$$

$$\frac{M_{Ed,z}}{M_{c,Rd}} = \frac{M_{Ed,z}}{M_{pl,Rd,z}} = \frac{25060}{284820} = 0,088 < 1,0$$

Иілу кезінде ұстынның беріктік шарты орындалады.

Г.13.4.4.3 Бойлық күштің әсері кезінде көтергіш қасиеті

Созылымды кезеңде, бұл құралдың (2.14) Өрнегі бойынша анықталатын қозғалуға көлденең қиманың көтергіш қасиетінің есептік мәні, тең:

$$V_{pl,Rd,z} = \frac{A_v \cdot (f_y / \sqrt{3})}{\gamma_{M0}} = \frac{2660 \cdot (355 / \sqrt{3})}{1,0} = 545200 \text{ Н},$$

мұндағы  $A_v$  – келесі өрнек бойынша қабырғаға параллель жүктемемен прокаттық екітаврлық қималар үшін анықталатын қозғалыс ауданы (бұл құралдың 2.5.3.4):

$$A_v = A - 2 \cdot b \cdot t_f + (t_w + 2 \cdot r) \cdot t_f = 14280 - 2 \cdot 300 \cdot 17,5 + (10,0 + 2 \cdot 27,0) \cdot 17,5 = 2660 \text{ мм}^2,$$

но не менее  $A_v = \eta \cdot h_w \cdot t_w = 1,0 \cdot 2610 \cdot 10,0 = 2610 \text{ мм}^2,$

Қабырғаға параллель бойлық күштің әсері кезінде беріктік үшін құралдың (2.13) Өрнегінің шартын тексеру:

$$\frac{V_{Ed,z}}{V_{pl,Rd,z}} = \frac{30900}{545200} = 0,057 < 1,0.$$

ҚР ҚН EN 1993-1-1 – де сөрелерге параллель күштің әсері кезінде прокаттық екітаврлық қималар үшін қозғалыс ауданын анықтау бойынша нұсқаулар бар. Олар үшін дәнекерлеу екітаврлары үшін келтірілген ұсыныстар әділ деп қабылдауға болады. Сонда сөрелерге параллель күш кезінде  $A_v$  қозғалыс ауданы тең:

$$A_v = A - \Sigma(h_w \cdot t_w) = 14280 - 261 \cdot 10 = 11670 \text{ мм}^2$$

Сөрелерге параллель күш кезінде созылымды кезеңде қозғалуға көлденең қиманың көтергіш қасиетінің есептік мәні тең:

$$V_{pl,Rd,y} = \frac{A_v \cdot (f_y / \sqrt{3})}{\gamma_{M0}} = \frac{11670 \cdot (355 / \sqrt{3})}{1,0} = 2391950 \text{ Н}$$

Сөрелерге параллель бойлық күштің әсері беріктік шартын тексеру:

$$\frac{V_{Ed,y}}{V_{pl,Rd,y}} = \frac{7630}{2391950} = 0,003 < 1,0.$$

Бойлық күштің әсері кезінде беріктік шарты орындалады.

Бұнымен қоса қозғалуға көтергіш қасиет қаттылық қырларымен бекітілмеген қабырғаның жергілікті жағдайының жоғалтуын ескерусіз қабылданады, сондықтан құралдың (2.18) Өрнегіне сәйкес және ҚР ҚН EN 1993-1-5 5 Бөліміне сәйкес келесі шарт орындалады:

$$\frac{h_w}{t_w} = \frac{2610}{10,0} = 26,1 < 72 \cdot \frac{\varepsilon}{\eta} = 72 \cdot \frac{0,814}{1,0} = 58,6,$$

мұндағы  $\varepsilon = \sqrt{235/f_y} = \sqrt{235/355} = 0,814$ , а  $\eta = 1,0$  бұл құралдың 2.5.3.4 сәйкес

Сәйкесінше, қырды қозғалыстан орнықтылық жоғалтуына тексеру қажет емес.

Г.13.4.4.4 Иілуші сәт пен бойлық күштің бірлескен әсері кезінде көтергіш қасиет

Құралдың 2.5.3.5 сәйкес, келесі шарттар орындалады:

$$V_{Ed,z} = 30900\text{Н} < 0,5 \cdot V_{pl,Rd,z} = 0,5 \cdot 545200 = 272600\text{Н};$$

$$V_{Ed,y} = 7630\text{Н} < 0,5 \cdot V_{pl,Rd,y} = 0,5 \cdot 2391950 = 1196000\text{Н}.$$

Есептік бойлық күштер созылымды кезеңде қозғалуға қиманың көтергіш қасиетінің жартысынан аз болғандықтан, иілу кезінде қиманың көтергіш қасиетіне әсерін елемеуге болады.

Г.13.4.4.5 Иілуші сәт пен осьтік сығатын күштің бірлескен әсері кезінде көтергіш қасиет

Бұл құралдың 2.5.3.6.1 сәйкес, У мықты осіне қатысты иілуге көтергіш қасиетке осьтік күштің әсерін ескермеуге болады, егер (2.23) және (2.24) Өрнектердің шарты орындалса:

$$N_{Ed} \leq 0,25 \cdot N_{pl,Rd} \quad \text{және} \quad N_{Ed} \leq \frac{0,5 \cdot h_w \cdot t_w \cdot f_y}{\gamma_{M0}}$$

Бұл мысалда:  $N_{Ed} = 3115270\text{Н} > 0,25 \cdot N_{pl,Rd} = 0,25 \cdot 5069400 = 1267350\text{Н};$

$$N_{Ed} = 3115270\text{Н} > \frac{0,5 \cdot h_w \cdot t_w \cdot f_y}{\gamma_{M0}} = \frac{0,5 \cdot 2610 \cdot 10,0 \cdot 355}{1,0} = 463280\text{Н}.$$

Өрнек шарттары орындалмайтындықтан, тексеру қажет.

1 сыныпты прокаттық екітаврлы бойлық қималар үшін осьтік күштің әсері кезінде У мықты осіне қатысты созылымды кезеңде иілуге көтергіш қасиетінің есептік мәні құралдың (2.26) Өрнегі бойынша анықталады:

$$M_{N,Rd,y} = M_{pl,Rd,y} \cdot (1 - n) / (1 - 0,5 \cdot a) = 741240 \cdot (1 - 0,615) / (1 - 0,5 \cdot 0,265) = 328970\text{Н} \cdot \text{м} < M_{pl,Rd,y}$$

мұндағы  $a = (A - 2 \cdot b \cdot t_f) / A = (14280 - 2 \cdot 300 \cdot 17,5) / 14280 = 0,265 < a = 0,5;$

$$n = N_{Ed} / N_{pl,Rd} = 3115270 / 5069400 = 0,615.$$

$n = 0,615 > a = 0,265$  болғандықтан, көтергіш қасиетінің есептік мәні Z әлсіз осіне қатысты иілуге (2.28) Өрнегі бойынша анықталады:

$$M_{N,Rd,z} = M_{pl,Rd,z} \cdot \left[ 1 - \left( \frac{n - a}{1 - a} \right)^2 \right] = 284820 \cdot \left[ 1 - \left( \frac{0,615 - 0,265}{1 - 0,265} \right)^2 \right] = 220230\text{Н} \cdot \text{м}$$

Құралдың (2.21) Өрнегінің шарттарын орындауды тексеру:

$$M_{Ed,y} = 99550\text{Н} \cdot \text{м} < M_{N,Rd,y} = 328970\text{Н} \cdot \text{м};$$

$$M_{Ed,z} = 25060\text{Н} \cdot \text{м} < M_{N,Rd,z} = 220230\text{Н} \cdot \text{м}.$$

Иілу мен осьтік күштің бірлескен әсері кезінде ұстынның беріктік шарты орындалады.

Қимада бір уақытта екі сәт әсер еткендіктен, бұл құралдың (2.31) Өрнегіне сәйкес екі осьтік иілу кезінде беріктікті тексеру орындалады:

$$\left( \frac{M_{Ed,y}}{M_{N,Rd,y}} \right)^\alpha + \left( \frac{M_{Ed,z}}{M_{N,Rd,z}} \right)^\beta = \left( \frac{99550}{328970} \right)^{1,0} + \left( \frac{25060}{220230} \right)^{1,0} = 0,417 < 1,0,$$

мұндағы  $\alpha$  және  $\beta$  коэффициенттері, 2.5.3.6.1 сәйкес, бірге тең артықпен алуға болады, осылайша дәстүрлі сызықтық өзара әрекеттесуге оралып.

2.5.3.6.1 бойынша анықталатын беріктік шарты, осьтік күштің бірлеске әрекеті мен екі осьтік иілу кезінде орындалады.

ҚР ҚН EN 1993-1-1 6.2.1(7) сәйкес,  $N_{Ed}$ ,  $M_{y,Ed}$  және  $M_{z,Ed}$  сыртқы әсерлермен күштердің комбинациясына ұшыраған 1, 2 немесе 3 сыныпты бойлық қималар үшін, беріктікті тексеру үшін ҚР ҚН EN 1993-1-1 (6.2) Өрнегі қолданылуы мүмкін, онда бойлық қималардың беріктігі әрбір күш үшін «әсер етуші күш/көтергіш қасиет» қатынастарын сызықтық қосумен бағаланады.



Бұл өрнекке сәйкес, ұстынның беріктігі тең:

$$\frac{N_{Ed}}{N_{Rd}} + \frac{M_{Ed,y}}{M_{Rd,y}} + \frac{M_{Ed,z}}{M_{Rd,z}} = \frac{3115270}{5069400} + \frac{99550}{741240} + \frac{25060}{284820} = 0,837 < 1,0$$

Бұл тексерістің белгіленуі, соңғы нәтиже алу үшін 2.5.3.6.1 сәйкес есептеуді түзету мүмкіндігі бола отырып, мысалы, элемент қимасының бастапқы мөлшерлерін анықтау үшін, тез жақындастырылған және қауіпсіз шешім алудан тұрады.

#### Г.13.4.5 Ұстын қимасының орнықтылық бойынша көтергіш қасиетін (кедергілесуін) тексеру

Г.13.4.5.1 Бойлық сығу кезінде ұстынның орнықтылық бойынша көтергіш қасиеті

Бұл құралдың 2.5.4.1.2 сәйкес,  $\bar{\lambda} \leq 0,2$  иілгіштік кезінде немесе  $\frac{N_{Ed}}{N_{cr}} \leq 0,04$  кезінде,

арқалықтың орнықтылықты жоғалтуын елемеге және қиманы тек беріктікке тексеруге болады.

1 сыныпты бойлық қималар үшін шартты иілгіштік  $\bar{\lambda}$  бұл құралдың (2.37) Өрнегі бойынша анықталады:

$$\bar{\lambda}_y = \sqrt{\frac{A \cdot f_y}{N_{cr}}} = \frac{L_{cr}}{i_y} \cdot \frac{1}{\lambda_1} = \frac{330}{15,22} \cdot \frac{1}{76,4} = 0,284 > 0,2,$$

$$\bar{\lambda}_z = \sqrt{\frac{A \cdot f_y}{N_{cr}}} = \frac{L_{cr}}{i_z} \cdot \frac{1}{\lambda_1} = \frac{330}{7,43} \cdot \frac{1}{76,4} = 0,582 > 0,2$$

мұндағы  $L_{cr} = 1,0 \cdot L = 330$  см – құралдың Е Қосымшасы бойынша бұл мысалда қабылданған, екі осьтер үшін ұстынның есептік ұзындығы.

Шартты иілгіштікті анықтау үшін иілгіштік тең:

$$\lambda_1 = \pi \cdot \sqrt{\frac{E}{f_y}} = 93,9 \cdot \varepsilon = 93,9 \cdot \sqrt{\frac{235}{355}} = 93,9 \cdot \sqrt{\frac{235}{355}} = 76,4$$

$$N_{cr} = \frac{\pi^2 \cdot E \cdot I_y}{L_{cr}^2} = \frac{3,142^2 \cdot 21000000 \cdot 33090}{330^2} = 62994200 \text{ Н}$$

$$\frac{N_{Ed}}{N_{cr}} = \frac{3115270}{62994200} = 0,049 > 0,04$$

2.5.4.1.2 шарттары орындалмайтындықтан, сығу кезінде орнықтылықты жоғалтуға тексеру қажет.

Орнықтылықты жоғалту кезінде  $\chi$  орнықтылықты төмендетуші коэффициентін анықтау үшін  $\Phi$  шамасы  $U$  осіне қатысты құралдың 2.5.4.1.2 сәйкес анықталады:

$$\Phi = 0,5 \cdot \left[ 1 + \alpha \cdot (\bar{\lambda}_y - 0,2) + \bar{\lambda}_y^2 \right] = 0,5 \cdot \left[ 1 + 0,34 \cdot (0,284 - 0,2) + 0,284^2 \right] = 0,555,$$

мұндағы коэффициент  $\alpha = 0,34$ , бастапқы жетілмегендіктерді ескереді,  $h / b = 350 / 300 = 1,17 < 1,2$  тең дер, және  $t_f \leq 100$  мм қалыңдығы кезінде қима мөлшерлерінің қатынасымен прокаттық екітаврлық қималар үшін 2.10 Кесте бойынша қабылданған «b» орнықтылық жоғалтуының қисығы үшін құралдың 2.9 Кестесі бойынша қабылданған.

Сығу кезінде орнықтылықты жоғалту кезінде  $U$  осіне қатысты төмендетуші коэффициент  $\chi$  құралдың (2.36) Өрнегі бойынша анықталады:

$$\chi_y = \frac{1}{\Phi + \sqrt{\Phi^2 - \bar{\lambda}_y^2}} = \frac{1}{0,555 + \sqrt{0,555^2 - 0,284^2}} = 0,969$$

Көтергіш қасиетінің есептік мәні сығу кезінде орнықтылық бойынша  $U$  осіне қатысты құралдың (2.35) Өрнегі бойынша анықталады:

$$N_{b,Rd,y} = \frac{\chi_y \cdot A \cdot f_y}{\gamma_{M1}} = \frac{0,969 \cdot 14280 \cdot 355}{1,0} = 4912250 \text{ Н},$$

мұндағы  $\gamma_{M1} = 1,0$  – орнықтылық бойынша жеке қауіпсіздік коэффициенті.

У осіне қатысты сығу кезінде ұстынның орнықтылығы үшін құралдың (2.34) Өрнегінің шартын тексеру:

$$\frac{N_{Ed}}{N_{b,Rd,y}} = \frac{3115270}{4912250} = 0,634 < 1,0.$$

Орнықтылықты жоғалту кезінде Z осіне қатысты  $\chi$  коэффициенті үшін  $\Phi$  шамасы тең:

$$\Phi = 0,5 \cdot \left[ 1 + \alpha \cdot (\bar{\lambda}_z - 0,2) + \bar{\lambda}_z^2 \right] = 0,5 \cdot \left[ 1 + 0,49 \cdot (0,582 - 0,2) + 0,582^2 \right] = 0,763,$$

мұндағы  $\alpha = 0,49$  коэффициенті прокаттық екітаврлы қималар үшін 2.10 кесте бойынша алынған «с» орнықтылық жоғалтуының қисығы үшін құралдың 2.9 Кестесі бойынша қабылданған.

Сығу кезінде орнықтылықты жоғалту кезінде Z осіне қатысты  $\chi$  төмендетуші коэффициент тең:

$$\chi_z = \frac{1}{\Phi + \sqrt{\Phi^2 - \bar{\lambda}_z^2}} = \frac{1}{0,763 + \sqrt{0,763^2 - 0,582^2}} = 0,796$$

Көтергіш қасиетінің есептік мәні сығу кезінде орнықтылық бойынша Z осіне қатысты тең:

$$N_{b,Rd,z} = \frac{\chi_z \cdot A \cdot f_y}{\gamma_{M1}} = \frac{0,796 \cdot 14280 \cdot 355}{1,0} = 4035240 \text{ Н}$$

Z осіне қатысты сығу кезінде ұстынның орнықтылық шартын тексеру:

$$\frac{N_{Ed}}{N_{b,Rd,z}} = \frac{3115270}{4035240} = 0,772 < 1,0.$$

Бойлық сығу кезінде ұстынның орнықтылық шарты орындалады.

Г.13.4.5.2 Иілу кезінде ұстынның орнықтылық бойынша көтергіш қасиеті

Ұстынның бүйір бекітулері, айнарудан ашылулары болмағандықтан, иілу кезінде орнықтылық жоғалту мүмкіндігіне  $L = 3,3$  м ұстынның толық ұзындығын тексеру қажет.

Ұстынға сәттер әсер етеді:

Ұстынның астында:  $M_{Ed,y} = 0$ ;  $M_{Ed,z} = 0$

Ұстынның үстінде:  $M_{Ed,y} = 99550 \text{ Н} \cdot \text{м}$ ;  $M_{Ed,z} = 25060 \text{ Н} \cdot \text{м}$ .

Иілу кезінде орнықтылықты жоғалту кезінде  $\bar{\lambda}_{LT}$  шартты иілгіштікті анықтау үшін бұл құралдың Е Қосымшасының формулалары бойынша анықталатын  $M_{cr}$  берік сыни сәтті есептеу қажет.

У осі үшін ұштық иілуші сәттердің мәндерінің қатынасы:  $\psi = 0$ .

Бұл құралдың Е Қосымшасының Е.1 Кестесі бойынша қабылданған  $\psi = 0$  үшін  $C_1$  мәні:  $C_1 = 1,879$ .

Иілудің жалпақ пішіннің  $M_{cr}$  орнықтылықты жоғалтудың берік сыни сәті бұл құралдың Е Қосымшасының (Е.2) Өрнегі бойынша анықталады:

$$M_{cr} = C_1 \cdot \frac{\pi^2 \cdot E \cdot I_z}{L^2} \cdot \left( \frac{I_\omega}{I_z} + \frac{L^2 \cdot G \cdot I_t}{\pi^2 \cdot E \cdot I_z} \right)^{0,5} = 1,879 \cdot \frac{3,142^2 \cdot 21000000 \cdot 7887,0}{330^2} \cdot \left( \frac{21770000}{7887,0} + \frac{330^2 \cdot 8100000 \cdot 1488}{3,142^2 \cdot 21000000 \cdot 7887,0} \right)^{0,5} = 532535670 \text{ Н} \cdot \text{см}$$

мұндағы  $E = 21000000 \text{ Н/см}^2$  – болаттың беріктік модулі;

$G = 8100000 \text{ Н/см}^2$  – болаттың қозғалыс модулі.

Орнықтылық жоғалтуының иілетін пішіні үшін шартты иілгіштік құралдың 2.5.4.2.2 сәйкес анықталады:

$$\bar{\lambda}_{LT} = \sqrt{\frac{W_{pl,y} \cdot f_y}{M_{cr}}} = \sqrt{\frac{20880 \cdot 35500}{532535670}} = 0,373$$

Бұл құралдың 2.12 Кестесіне сәйкес прокаттық екітаврлы қималар үшін  $h / b = 350 / 300 = 1,17 < 2,0$  қатынасы кезінде «а» орнықтылық қисығы қолданылады, ол үшін құралдың 2.11 Кестесі бойынша бастапқы жетілмегендіктерді ескеретін коэффициент қабылданады,  $\alpha_{LT} = 0,21$ .

Орнықтылықты төмендетуші коэффициентті анықтау үшін шама:

$$\Phi_{LT} = 0,5 \cdot \left[ 1 + \alpha_{LT} \cdot (\bar{\lambda}_{LT} - 0,2) + \bar{\lambda}_{LT}^2 \right] = 0,5 \cdot \left[ 1 + 0,21 \cdot (0,373 - 0,2) + 0,373^2 \right] = 0,588$$

Иілудің жалпақ пішінінің орнықтылықты жоғалту кезіндегі төмендетуші коэффициент:

$$\chi_{LT} = \frac{1}{\Phi_{LT} + \sqrt{\Phi_{LT}^2 - \bar{\lambda}_{LT}^2}} = \frac{1}{0,588 + \sqrt{0,588^2 - 0,373^2}} = 0,959$$

Көтергіш қасиетінің есептік мәні иілудің жалпақ пішінінің орнықтылығы бойынша ұстынның Өрнегі бойынша анықталады (2.40) бұл құралдың:

$$M_{b,Rd,y} = \chi_{LT} \cdot W_{pl,y} \cdot \frac{f_y}{\gamma_{M1}} = 0,959 \cdot 20880 \cdot \frac{35500}{1,0} = 71085000 \text{ Н} \cdot \text{см} = 710850 \text{ Н} \cdot \text{м}$$

Иілудің жалпақ пішінінің орнықтылығы үшін құралдың (2.39) Өрнегінің шарты тексеру (Y осі үшін):

$$\frac{M_{Ed,y}}{M_{b,Rd,y}} = \frac{99550}{710850} = 0,140 < 1,0$$

Z осі үшін ұштық иілуші сәттердің мәндерінің қатынасы:  $\psi = 0$ .

$C_1$  мәні  $\psi = 0$  үшін Е.1 Кестесі бойынша қабылданған:  $C_1 = 1,879$ .

Иілудің жалпақ пішінінің орнықтылық жоғалтуының берік сыни сәті  $M_{cr}$ :

$$M_{cr} = 532535670 \text{ Н} \cdot \text{см}$$

Орнықтылық жоғалтуының иілуші пішіні үшін шартты иілгіштік:

$$\bar{\lambda}_{LT} = \sqrt{\frac{W_{pl,z} \cdot f_y}{M_{cr}}} = \sqrt{\frac{8023 \cdot 35500}{532535670}} = 0,231$$

Орнықтылықты төмендетуші коэффициентті анықтау үшін шама:

$$\Phi_{LT} = 0,5 \cdot \left[ 1 + 0,21 \cdot (0,231 - 0,2) + 0,231^2 \right] = 0,530$$

Иілудің жалпақ пішінінің орнықтылықты жоғалту кезіндегі төмендетуші коэффициент:

$$\chi_{LT} = \frac{1}{\Phi_{LT} + \sqrt{\Phi_{LT}^2 - \bar{\lambda}_{LT}^2}} = \frac{1}{0,530 + \sqrt{0,530^2 - 0,231^2}} = 0,993$$

Ұстынның иілуінің жалпақ пішінінің орнықтылығы бойынша көтергіш қасиетінің есептік мәні (Z осі үшін):

$$M_{b,Rd,z} = \chi_{LT} \cdot W_{pl,z} \cdot \frac{f_y}{\gamma_{M1}} = 0,993 \cdot 8023 \cdot \frac{35500}{1,0} = 28282300 \text{ Н} \cdot \text{см} = 282823 \text{ Н} \cdot \text{м}$$

Иілудің жалпақ пішінінің орнықтылық шартын тексеру (Z осі үшін):

$$\frac{M_{Ed,z}}{M_{b,Rd,z}} = \frac{25060}{282823} = 0,089 < 1,0$$

Ұстын үшін иілудің жалпақ пішінінің орнықтылық шартын (қиманың әрбір осіне қатысты) орындалады.

Құралдың 2.5.4.2.2 сәйкес,  $\bar{\lambda}_{LT} = 0,373 \leq \bar{\lambda}_{LT,0} = 0,4$  шарты орындалатындықтан, Ұстын үшін

иілудің жалпақ пішінінің орнықтылығын тексеруді елемеуге болар еді.

Г.13.4.5.3 Иілу мен осьтік сығудың бірлескен әсері кезінде ұстынның орнықтылық бойынша көтергіш қасиеті

Қималардың 1 сыныбының элементтері үшін иілу мен осьтік сығудың бірлескен әсері кезінде бұл құралдың (2.46) және (2.47) Өрнектерінің шарттарын бір уақытта қанағаттандыруы тиіс:

$$\frac{N_{Ed}}{\chi_y \cdot N_{Rk} / \gamma_{M1}} + k_{yy} \cdot \frac{M_{Ed,y}}{\chi_{LT} \cdot M_{Rk,y} / \gamma_{M1}} + k_{yz} \cdot \frac{M_{Ed,z}}{M_{Rk,z} / \gamma_{M1}} \leq 1,0 ;$$

$$\frac{N_{Ed}}{\chi_z \cdot N_{Rk} / \gamma_{M1}} + k_{zy} \cdot \frac{M_{Ed,y}}{\chi_{LT} \cdot M_{Rk,y} / \gamma_{M1}} + k_{zz} \cdot \frac{M_{Ed,z}}{M_{Rk,z} / \gamma_{M1}} \leq 1,0 ,$$

мұндағы  $N_{Rk} = f_y \cdot A$  және  $M_{Rk,i} = f_y \cdot W_{pl,i}$  ;

$k_{yy}$ ,  $k_{yz}$ ,  $k_{zy}$ ,  $k_{zz}$  – ҚР ҚН EN 1993-1-1 В Қосымшасында 2 баламады әдіс үшін нұсқауларға сәйкес келетін бұл құралдың 2.5.4.3.2 нұсқаулар бойынша анықталатын өзара әрекеттесу коэффициенттері. Осьтік сығу кезінде екіосьтік иілумен өзара әрекеттесудің барлық төрт коэффициентін анықтау қажет.

Ұстынның не бүйірлік ауысуына қарсы, не бұралуына қарсы бекітулері жоқ, және сәйкесінше бұралу деформацияларына ұшырауы мүмкін. Сәйкесінше, өзара әрекеттесу коэффициенттерін құралдың 2.16 кестесі бойынша анықтау қажет.

Бұл құралдың 2.17 Кестесі бойынша эквивалентті тұрақты сәтке өту  $C_{mi}$  коэффициенттері анықталады. Бекіту нүктелері арасында бекіту жоқ болғандықтан, эквивалентті тұрақты сәт үшін барлық үш  $C_{mi}$  коэффициенттер  $C_{my}$ ,  $C_{m\alpha}$  және  $C_{mLT}$  көрсетілген кестенің бірінші жолағынан өрнегінің көмегімен анықталады.

у-у осінің айналасында иілу және z-z жазықтығында бекітулер кезінде:

$$\psi = 0 \text{ үшін; } C_{my} = 0,6 + 0,4 \cdot \psi = 0,6 + 0,4 \cdot 0 = 0,6 > 0,4 .$$

z-z осінің айналасында иілу және у-у жазықтығында бекітулер кезінде:  $\psi = 0$  үшін;

$$C_{mz} = 0,6 .$$

у-у осінің айналасында иілу және у жазықтығында бекітулер кезінде:  $\psi = 0$  үшін;

$$C_{mLT} = 0,6 .$$

Өзара әрекеттесу коэффициенті  $k_{yy}$  1 және 2 сыныпты көлденең қима үшін (созылымдық қасиеттерін ескерумен) тең:

$$k_{yy} = C_{my} \cdot \left[ 1 + (\bar{\lambda}_y - 0,2) \cdot \frac{N_{Ed}}{\chi_y \cdot N_{Rk} / \gamma_{M1}} \right] = 0,6 \cdot \left[ 1 + (0,284 - 0,2) \cdot \frac{3115270}{0,969 \cdot 14280 \cdot 355 / 1,0} \right] = 0,632 <$$

$$< C_{my} \cdot \left( 1 + 0,8 \cdot \frac{N_{Ed}}{\chi_y \cdot f_y \cdot A / \gamma_{M1}} \right) = 0,6 \cdot \left( 1 + 0,8 \cdot \frac{3115270}{0,969 \cdot 14280 \cdot 355 / 1,0} \right) = 0,904 .$$

Өзара әрекеттесу коэффициенті  $k_{zz}$  тең:

$$k_{zz} = C_{mz} \cdot \left[ 1 + (2 \cdot \bar{\lambda}_z - 0,6) \cdot \frac{N_{Ed}}{\chi_z \cdot N_{Rk} / \gamma_{M1}} \right] = 0,6 \cdot \left[ 1 + (2 \cdot 0,582 - 0,6) \cdot \frac{3115270}{0,796 \cdot 14280 \cdot 355 / 1,0} \right] = 0,861 <$$

$$< C_{mz} \cdot \left( 1 + 1,4 \cdot \frac{N_{Ed}}{\chi_z \cdot f_y \cdot A / \gamma_{M1}} \right) = 0,6 \cdot \left( 1 + 1,4 \cdot \frac{3115270}{0,796 \cdot 14280 \cdot 355 / 1,0} \right) = 1,248 .$$

Өзара әрекеттесу коэффициенті  $k_{yz}$  тең:  $k_{yz} = 0,6 \cdot k_{zz} = 0,6 \cdot 0,861 = 0,517$ .

Өзара әрекеттесу коэффициенті  $k_{zy}$  үшін  $\bar{\lambda}_z > 0,4$  тең:

$$k_{zy} = \left[ 1 - \frac{0,1 \cdot \bar{\lambda}_z}{(C_{mLT} - 0,25)} \cdot \frac{N_{Ed}}{\chi_z \cdot N_{Rk} / \gamma_{M1}} \right] = \left[ 1 - \frac{0,1 \cdot 0,582}{(0,6 - 0,25)} \cdot \frac{3115270}{0,796 \cdot 14280 \cdot 355 / 1,0} \right] = 0,872 >$$

$$> \left[ 1 - \frac{0,1}{(C_{mLT} - 0,25)} \cdot \frac{N_{Ed}}{\chi_z \cdot N_{Rk} / \gamma_{M1}} \right] = \left[ 1 - \frac{0,1}{(0,6 - 0,25)} \cdot \frac{3115270}{0,796 \cdot 14280 \cdot 355 / 1,0} \right] = 0,779.$$

(2.46) және (2.47) өзара әрекеттесу формулалары бойынша иілетін- сығылатын элементтер үшін орнықтылық шарттарын тексеру:

$$\frac{N_{Ed}}{\chi_y \cdot N_{Rk} / \gamma_{M1}} + k_{yy} \cdot \frac{M_{Ed,y}}{\chi_{LT} \cdot M_{Rk,y} / \gamma_{M1}} + k_{yz} \cdot \frac{M_{Ed,z}}{M_{Rk,z} / \gamma_{M1}} = \frac{3115270}{0,969 \cdot 14280 \cdot 355 / 1,0} +$$

$$+ 0,632 \cdot \frac{99550}{0,959 \cdot 20880 \cdot 355 / 1,0} + 0,517 \cdot \frac{25060}{802,3 \cdot 355 / 1,0} = 0,768 < 1,0;$$

$$\frac{N_{Ed}}{\chi_z \cdot N_{Rk} / \gamma_{M1}} + k_{zy} \cdot \frac{M_{Ed,y}}{\chi_{LT} \cdot M_{Rk,y} / \gamma_{M1}} + k_{zz} \cdot \frac{M_{Ed,z}}{M_{Rk,z} / \gamma_{M1}} = \frac{3115270}{0,969 \cdot 14280 \cdot 355 / 1,0} +$$

$$+ 0,872 \cdot \frac{99550}{0,959 \cdot 20880 \cdot 355 / 1,0} + 0,861 \cdot \frac{25060}{802,3 \cdot 355 / 1,0} = 0,832 < 1,0.$$

Иілетін- сығылатын элементтер үшін орнықтылық шарты орындалады.

Байланыс жүйесіне кіретін бірінші және екінші қабаттардың ұстындарының қимасы беріктік пен орнықтылықтың барлық шарттарын қанағаттандыратындықтан, HEA 360 профильді екітаврлы қиманы қабылдау қалады.

### Г.13.5 Тірек элементтерін есептеу нәтижелері

Бұл мысалда қарастырылатын ғимарат үшін тіректің барлық элементтерін (ұстындар, аркалықтар мен диагоналды байланыстар) тексерушілік есептеулер орындалған. Есептеу нәтижелері, Г.1 қарастырылған қиманың қабылданған алдын ала қималары беріктік пен орнықтылық бойынша көтергіш қасиеттің барлық талаптарын қанағаттандыратынын көрсетті.

### Г.13.6 Бірінші қабаттың диагоналды байланыстарын бекіту торабын есептеу

Г.13.6.1 Диагоналды байланысты бірінші қабаттың қимасы (201 элемент) – жабық тік бұрышты профиль  $\square 160 \times 80 \times 10$  мм S355H болаттан EN 10210-1 бойынша аққыштықтың номиналды шегімен  $f_y = 355$  Н/мм<sup>2</sup>.

Құралдың 3.5.3 сәйкес, бұрыштық дәнекерлеу жіктері мен бұрандамалық диссипативті емес қосылыстар бұл тармақтың (3.1) Өрнегіне сәйкес анықталатын күшке есептеледі:

$$N_{соед} = 1,1 \cdot \gamma_{ov} \cdot N_{pl,Rd} = 1,1 \cdot 1,25 \cdot 1522950 = 2094000 \text{ Н},$$

мұндағы  $N_{pl,Rd}$  – Г.13.1.3 анықталған созыымды кезеңде байланыстың көлденең қимасының көтергіш қасиеті:  $N_{pl,Rd} = 1522950 \text{ Н}$ ;

$\gamma_{ov} = 1,25$  – құралдың 2.2.2.2 сәйкес беріктік резервінің коэффициенті, ал  $1,1$  – жеке қауіпсіздік коэффициенті.

Г.1.13.6.2 Бұл мысалда диагоналды Х тәрізді байланыстардың бекітілуі 10.9 сыныпты бұрандамаларда қарастырылған, ол бұл құралдың 2.2.3.2 нұсқаулары бойынша қабылданған.

Құралдың 3.5.4 сәйкес, қосылыстар үшін бұрандамалы қосылыстардың В және С санаттарын пайдалану ұсынылады (ҚР ҚН EN 1993-1-8 3.2 Кестесі). Бірақ бұл тармақта қарастырылатын торап үшін қабылданған бұрандамалармен сондай-ақ кесінді қосылыстардың да мүмкін болатыны көрсетілген (ҚР ҚН EN 1993-1-8 3.2 Кестесі бойынша А санаты).

Г.1.13.6.3 ҚР ҚН EN 1993-1-8 3.1 Кестесіне сәйкес, 10.9 беріктік сыныбының бұрандамалары үшін аққыштық шегінің номиналды мәні тең  $f_{yb} = 900$  Н/мм<sup>2</sup>, ал созылуға уақыттық кедергілесу –  $f_{ub} = 1000$  Н/мм<sup>2</sup>.

Брутто байланыс қимасы мен фасонка үшін жеке қауіпсіздік коэффициенті:  $\gamma_{M0} = 1,0$ .

Нетто фасонка қимасы үшін жеке қауіпсіздік коэффициенті:  $\gamma_{M2} = 1,25$ .

Бұрандамалар үшін жеке қауіпсіздік коэффициенті:  $\gamma_{M2} = 1,25$ .

#### Г.1.13.6.4 Тесіктердің орналасуы мен мөлшерлері

Тесіктердің мөлшерлері EN 1090-2 6.6.1 11 Кестесі бойынша қабылданады. Бұл тармаққа сәйкес, аймақаралық бұрандамалар үшін тесіктің номиналды диаметрі бұрандама өзегінің диаметріне тең болуы тиіс. EN 14399-8 сәйкес, аймақаралық бұрандамалар өзектің номиналды диаметрі бұрандамалық бөліктің номиналды диаметріне қарағанда 1 мм артық. Сондықтан бұрандамаларды бекіту торабында қабылданғандар үшін M42 диаметр тесіктердің диаметрі тең  $d_0 = 43$  мм.

Диагоналды X тәрізді байланыстардың бекіту торабының схемасы Г.15 суретте келтірілген.

Бұрандамалардың осьтері арасындағы ең үлкен қашықтық ( $p_1$  және  $p_2$  қадамдары) келесі ең аз мәндермен шектеледі:  $p_{\max} = 14 \cdot t = 14 \cdot 30 = 420$  мм және  $p_{\max} = 200$  мм. Мұндағы,  $t$  – қосылған неғұрлым жұқа элементтердің қалыңдығы.

– күштің бойымен шетке дейінгі минималды қашықтық тең:  $e_1 = 1,2 \cdot d_0 = 1,2 \cdot 43 = 51,6$  мм ;

– күштің көлденеңімен шетке дейінгі минималды қашықтық тең:  $e_2 = 1,2 \cdot d_0 = 1,2 \cdot 43 = 51,6$  мм ;

– күштің бойымен бұрандамалардың қадамы тең:  $p_1 = 2,2 \cdot d_0 = 2,2 \cdot 43 = 94,6$  мм ;

– күштің көлденеңімен бұрандамалардың қадамы тең:  $p_2 = 2,4 \cdot d_0 = 2,4 \cdot 43 = 103,2$  мм .

Бұрандамалардың осьтерінің арасындағы ( $p_1$  және  $p_2$  қадамдар) максималды қашықтық келесі мәндердің ең азымен шектеледі:  $p_{\max} = 14 \cdot t = 14 \cdot 30 = 420$  мм және  $p_{\max} = 200$  мм. Бұл жерде  $t$  – неғұрлым жіңішке қосылатын элементтердің қалыңдығы.

Қарастырылатын торап үшін қашықтықтардың келесі мәндері қабылданған:

$e_1 = 55$  мм;  $e_2 = 70$  мм;  $p_1 = 95$  мм;  $p_2 = 105$  мм  $< p_{\max} = 200$  мм.

#### Г.1.13.6.5 Бұрандамалы қосылысты есептеу


Бұл мысалда қабылданған қосылыс, ҚР ҚН EN 1993-1-8 3.4.1 сәйкес, А санатына жатады – кесінді қосылыс, онда Г.13.6.1 анықталған элементтегі есептік күш ҚР ҚН EN 1993-1-8 3.2 Кестесіне сәйкес, бұрандамалардың кесілу мен мыжылуға көтергіш қасиетінен аспауы тиіс.

Есептік кесуге бір бұрандаманың көтергіш қасиеті ҚР ҚН EN 1993-1-8 3.4 Кестесінде келтірілген өрнектер бойынша анықталады. Бұл торап үшін бұрандамалар бір жазықтықта кесіледі деп алынған (Г.15 Суретті қар.) және кесу жазықтығы бұрандаманың жазық бөлігі арқылы өтеді, сондықтан  $\alpha_v = 0,6$ .

Брутто қабылданған бұрандамалар қимасының ауданы M42:  $A = 1451$  мм<sup>2</sup>.

Кесуге бір бұрандаманың көтергіш қасиеті:

$$F_{v,Rd} = \frac{\alpha_v \cdot f_{ub} \cdot A}{\gamma_{M2}} = \frac{0,6 \cdot 1000 \cdot 1451}{1,25} = 696480 \text{ Н}.$$



Г.15 Сурет – Диагоналды X тәрізді байланыстарды бекіту торабының сұлбасы

Бір бұрандама үшін майысуға қосылыстың есептік көтергіш қасиеті ҚР ҚН EN 1993-1-8. 3.4 Кестесінде келтірілген өрнектер бойынша анықталады.

Байланыстың даигоналды элементінің кесетін фасонкасы мен арқалық фасонкасы қалыңдығы  $t = 30$  мм S355 болаттан қабылданған, аққыштықтың номиналды шегімен  $f_y = 355$  Н/мм<sup>2</sup> және уақыттық кедергімен  $f_u = 490$  Н/мм<sup>2</sup>.

М42 бір бұрандама үшін майысуға қосылыстың көтергіш қасиеті тең:

$$F_{b,Rd} = \frac{k_1 \cdot \alpha_b \cdot f_u \cdot d \cdot t}{\gamma_{M2}} = \frac{1,719 \cdot 0,426 \cdot 490 \cdot 43 \cdot 30}{1,25} = 370310 \text{ Н},$$

мұндағы  $d = 43$  мм – бұрандаманың номиналды диаметрі;

$t = 30$  мм – неғұрлым жіңішке қосылатын элементтердің қалыңдығы;

$\alpha_b$  – мәні жоғарыда аталғандардан ең аз болып қабылданған коэффициент,  $\alpha_d$ ,  $f_{ub} / f_u$  және 1,0:

– шеткі бұрандамалар үшін күштің бойымен  $\alpha_d$  коэффициенті өрнек бойынша анықталады:

$$\alpha_d = \frac{e_1}{3 \cdot d_0} = \frac{55}{3 \cdot 43} = 0,426;$$

– орта бұрандамалар үшін күштің бойымен  $\alpha_d$  коэффициенті өрнегі бойынша анықталады:

$$\alpha_d = \frac{p_1}{3 \cdot d_0} - \frac{1}{4} = \frac{95}{3 \cdot 43} - \frac{1}{4} = 0,486;$$

$$- f_{ub} / f_u = 1000 / 490 = 2,041.$$

Коэффициент  $\alpha_b$  қабылданды:  $\alpha_b = 0,426$ .

$k_1$  – күштің бойымен шеткі бұрандамалар үшін коэффициент, оның мәні 2,5 мәнінен ең аз

болып қабылданған және:

$$k_1 = 2,8 \cdot \frac{e_2}{d_0} - 1,7 = 2,8 \cdot \frac{70}{43} - 1,7 = 2,858;$$

$$k_1 = 1,4 \cdot \frac{p_2}{d_0} - 1,7 = 1,4 \cdot \frac{105}{43} - 1,7 = 1,719$$

Коэффициент  $k_1$  қабылданды:  $k_1 = 1,719$ .

Бұл құралдың 3.5.5 сәйкес, кесуге істейтін бұрандамалық қосылыстар үшін, бұрандамалар  $F_{v,Rd}$  кесігіне есептік кедергі майысуға  $F_{b,Rd}$  есептік кедергіден 1,2 есе артық болуы тиіс.

Бұл үлгіде:  $F_{v,Rd} / F_{b,Rd} = 696480 / 370310 = 1,88 > 1,2$  болғандықтан, 3.5.5 шарт орындалады.

Қосылыстағы «n» бұрандамалардың қажетті саны:

$$n = N_{соед} / F_{b,Rd} = 2094000 / 370310 = 5,7 \text{ шт}$$

Байланыстың диагоналды элементтерін бекіту екі қатарға орналасқан алты бұрандамаларда қабылданады.

Г.13.6.6 Созу кезінде беріктік бойынша фасонкалардың көтергіш қасиеті

Осы құралдың 2.5.3.1 сәйкес, бұрандамалар үшін тесіктерімен байланыстың диагоналды элементінің кесетін фасонкасының қимасы үшін созуға көтергіш қасиетінің есептік мәні  $N_{t,Rd}$  келесілерден ең кіші деп қабылданады:

– бұл құралдың (2.4) Өрнегі бойынша анықталатын созылымды кезеңде брутто фасонканың көлденең қимасының көтергіш қасиетінің есептік мәні:

$$N_{pl,Rd} = A \cdot f_y / \gamma_{M0} = 10500 \cdot 355 / 1,0 = 3727500 \text{ Н} > N_{соед} = 2094000 \text{ Н},$$

мұндағы  $A = 350 \cdot 30 = 10500 \text{ мм}^2$  – фасонка қимасының ауданы.

– бұл құралдың (2.5) Өрнегі бойынша анықталатын созылымды кезеңде нетто фасонканың көлденең қимасының көтергіш қасиетінің есептік мәні:

$$N_{u,Rd} = \frac{0,9 \cdot A_{net} \cdot f_u}{\gamma_{M2}} = \frac{0,9 \cdot 6630 \cdot 490}{1,25} = 2339060 \text{ Н} > N_{соед} = 2094000 \text{ Н},$$

мұндағы нетто фасонка қимасының ауданы тең:  $A_{net} = 350 \cdot 30 - 3 \cdot 43 \cdot 30 = 6630 \text{ мм}^2$ .

Бұл құралдың (2.3) Өрнегі бойынша анықталатын созылған фасонканың беріктік шарты орындалады:

$$N_{Ed} / N_{t,Rd} = N_{соед} / N_{u,Rd} = 2094000 / 2339060 = 0,895 < 1,0.$$


Арқалық фасонкасының қимасы артық, сондықтан ол тексерілмейді.

Г.13.6.7 Материалды жұлып алуға шеткі аймақты есептеу (соғу)

ҚР ҚН EN 1993-1-8 3.10.2 тармағына сәйкес, шеткі аймақтың материалын жұлып алу тесіктердің желісімен созатын күштердің әсерінен оның алшақтауымен болатын, тесіктер тобының қозғалыс бетінің бойымен бұрандамалар қатарының немесе тобының қозғалуы салдарынан болады.

Байланыстың диагоналды элементінің кесетін фасонка материалын жұлып алу схемасы Г.16 суретте көрсетілген.





а) Орта бөлігін жұлып алу  
 б) Шеткі бөліктерін жұлып алу  
**Г.16 Сурет – Байланыстың диагоналды элементінің кесінді фасонкасының материалын жұлып алу схемалары**

Байланыстың диагоналды элементінің кесетін фасонкасының есептік көтергіш қасиеті фасонканың орта бөлігінің материалын жұлып алу кезінде, қозғалтатын күшті эксцентриситетсіз бұрандамалардың симметриялық тобына берген кезде ҚР ҚН EN 1993-1-8 (3.9) Өрнегі бойынша анықталады:

$$V_{\text{eff},I,Rd} = f_u \cdot A_{nt} / \gamma_{M2} + (1/\sqrt{3}) \cdot f_y \cdot A_{nv} / \gamma_{M0} = 490 \cdot (2 \cdot 105 - 2 \cdot 43) \cdot 30 / 1,25 + (1/\sqrt{3}) \cdot 355 \cdot (95 + 55 - 43 - 0,5 \cdot 43) \cdot 30 \cdot 2 / 1,0 = 2509700 \text{ Н},$$

мұндағы  $A_{nt}$  – нетто созылған аймақ қимасының ауданы;

$A_{nv}$  – нетто қозғалатын аймақ қимасының ауданы.

ҚР ҚН EN 1993-1-8 (3.9) Өрнегі бойынша анықталған фасонканың шеткі бөлігінің материалын жұлып алу кезінде байланыстың диагоналды элементінің кесетін фасонкасының есептік көтергіш қасиеті:

$$V_{\text{eff},I,Rd} = f_u \cdot A_{nt} / \gamma_{M2} + (1/\sqrt{3}) \cdot f_y \cdot A_{nv} / \gamma_{M0} = 2 \cdot [490 \cdot (70 - 0,5 \cdot 43) \cdot 30 / 1,25 + (1/\sqrt{3}) \cdot 355 \cdot (95 + 55 - 43 - 0,5 \cdot 43) \cdot 30 / 1,0] = 2192190 \text{ Н}.$$

Жұлып алуға байланыстың диагоналды элементінің кесетін фасонкасының минималды көтергіш қасиеті Г.1.13.6.1 анықталған қосылыс үшін есептік күштен артық:


$$V_{\text{eff},I,Rd} = 2192190 \text{ Н} > N_{\text{соед}} = 2094000 \text{ Н}.$$

Байланыстың диагоналды элементінің фасонкасының беріктік шарты орындалады.

Г.13.6.8 Байланыстың диагоналды элементіне кесетін фасонканы бекітудің дәнекерлеу жіктерін есептеу

Қалыңдығы  $t = 30$  мм фасонканы қимасы  $\square 160 \times 80 \times 10$  мм байланыс элементінің жабық тік бұрышты профиліне бекітетін дәнекерлеу жіктері бұрыштық дәнекерлеу жіктеріне жатады.

Мысалда 10 мм тең катеттерімен дәнекерлеу жіктері алынған. Бұнымен қоса, ҚР ҚН EN 1993-1-8 4.5.2 сәйкес, дәнекерлеу бұрыштық жігінің «а» тиімді қалыңдығы, тең –  $a = 7$  мм (Г.17 суретті қараңыз). Дәнекерлеу жігінің  $\ell_{ш}$  тиімді ұзындығы, ҚР ҚН EN 1993-1-8 4.5.1 сәйкес, «а» қос тиімді биіктігін шегерумен тігістің толық ұзындығына (Г.15 суретті қараңыз) тең деп алынған:  $\ell_{ш} = 320 - 2 \cdot 7 = 306$  мм.



**Г.17 Сурет – Байланыстың диагоналды элементіне кесінді фасонканы бекітетін дәнекерлеу жіктерінің схемасы**

ҚР ҚН EN 1993-1-8 4.5.3.3 сәйкес, қабылданған бұрыштық дәнекерлеу жігінің есептік көтергіш қасиеті жеткілікті болып саналады, себебі көрсетілген (4.2) Өрнегінің шарты орындалады:

$$F_{w,Ed} = 1710 \text{ Н/мм} < F_{w,Rd} = 1760 \text{ Н/мм},$$

мұндағы  $F_{w,Ed}$  – қабылданған төрт жік үшін анықталатын дәнекерлеу жігі ұзындығының бірлігіне әсер ететін сыртқы күштердің есептік мәні (Г.17 суретті қараңыз):

$$F_{w,Ed} = \frac{N_{соед}}{4 \cdot \ell_{ш}} = \frac{2094000}{4 \cdot 306} = 1710 \text{ Н/мм};$$

$F_{w,Rd}$  – ҚР ҚН EN 1993-1-8 (4.3) Өрнегі бойынша анықталатын дәнекерлеу жігінің ұзындық бірлігіне көтергіш қасиетінің есептік мәні:

$$F_{w,Rd} = f_{vw,d} \cdot a = 251,5 \cdot 7 = 1760 \text{ Н/мм},$$

мұндағы  $f_{vw,d}$  – ҚР ҚН EN 1993-1-8 (4.4) Өрнегі бойынша анықталатын қозғалуға дәнекерлеу жігінің есептік беріктігі:

$$f_{vw,d} = \frac{f_u / \sqrt{3}}{\beta_w \cdot \gamma_{M2}} = \frac{490 / \sqrt{3}}{0,9 \cdot 1,25} = 251,5 \text{ Н/мм}^2,$$

мұндағы  $f_u$  – қосылатын элементтерден азырақ берік созылуға уақыттық кедергінің номиналды мәні;


$\beta_w = 0,9$  – ҚР ҚН EN 1993-1-8 4.1 кестесі бойынша алынатын S355 болат үшін түзету коэффициенті.

Қабылданған бұрыштық дәнекерлеу жіктері ҚР ҚН EN 1993-1-8 4.5 Бөлімшесінің барлық талаптарын қанағаттандырады. Мысалда бұрыштық дәнекерлеу жіктерінің көтергіш қасиетін анықтаудың жеңілдетілген әдісі келтірілген. Бағытталған әдіс бойынша бұрыштық дәнекерлеу жіктерінің көтергіш қасиетін анықтау ҚР ҚН EN 1993-1-8 4.5.3.2 және оған құралда келтірілген.

Аркалықтың бекітілуін есептеу кезінде, оған байланыстар қосылған жағдайда, осы байланыстардың қосымша күштерін есепке алу қажет.

Г.13.6.9 Тіректің көтергіш элементтеріне Х- тәрізді диагоналды байланыстарды бекітудің құрылымдық шешімдерінің нұсқалары

ҚР ҚН EN 1998-1 тіректің көтергіш элементтеріне (аркалықтар, ұстындар) Х- тәрізді диагоналды байланыстарды бекітудің құрылымдық шешімдер бойынша ұсыныстар жоқ. Шетелдік әдебиетте Г.18 суретте көрсетілген диссипативті элементтер секілді істейтін концентрлес диагоналды байланыстарды бекіту нұсқасы келтіріледі. Бұл торапта байланыстың диагоналды элементі мен фасонка созымдылығы топсасы желісінің арасындағы, 2t тең немесе артық қашықтық диагоналды байланыстың орнықтылығын қамтамасыз ететіні қарастырылған.



**Г.18 Сурет – Шетелдік әдебиет бойынша байланыстардың диагоналды элементтерін бекіту**

Қазақстанда келтірілген зерттеулер бойынша, Г.18 суретте көрсетілген, байланыс фасонкасын бір уақытта ұстын мен арқалыққа бекіту сенімді емес, себебі фасонканы ұстынға немесе арқалыққа бекітетін дәнекерлеу жіктері бойынша бұзылу жүреді. Байланыстарды бекіту тораптары үшін А Қосымшасында келтірілген құрылымдық шешімдерді қабылдау қажет. Байланыстарда есептеу туралы ақпараты Б қосымшасында келтірілген энергия сорғыштарды қолдану ұсынылады.

#### **Г.14 Бұзылуларды шектеу бойынша талаптарды тексеру**

Бұзылуларды шектеу бойынша талап орындалған болып саналады, егер құрылымдық емес элементтер құрылымның деформациялануына әсер етпейтіндей бекітілген ғимараттың қабатаралық құламалары бұл құралдың (В.27) Өрнегіне сәйкес келсе:

$$d_{rs} \cdot v \leq 0,01 \cdot h$$

Сейсмикалық әсерлердің қайталанушылығының неғұрлым төмен кезеңін ескеретін  $v$  редукция коэффициентінің мәні, II жауапкершілік сыныбының ғимараты үшін бұл мысалда «Сейсмикалық төзімді ғимараттарды жобалау. Азаматтық ғимараттарды жобалау. Жалпы талаптар» құралының 7.3.2.3 сәйкес 0,5-ке тең деп алынған.

SCAD бағдарламасы бойынша есептеу кезінде алынған қабатаралық аражабындардың ( $d_s$ ) деңгейлеріндегі тірек ауысуларының мәндері және сейсмикалық әсерлердің комбинациялары үшін тірек құламаларының ( $d_{rs}$ ) мәндері екі ортогоналды бағыттар кезінде Г.6 кестесінде келтірілген.

**Г.6 кесте – Тіректің ( $d_s$ ) қабатаралық жабындары деңгейлеріндегі ауысулар мен қабаттардың құламалары ( $d_{rs}$ )**

Биіктігі бойынша аражабын №	Есептік әсер ету кезінде сейсмикалық комбинациялар үшін ауысулардың мәндері $d_s$ (мм)		Биіктігі бойынша қабат №	Есептік әсер ету кезінде сейсмикалық комбинациялар үшін құламалардың мәндері $d_{rs}$ (мм)	
	көлденең бағытта (У осімен)	бойлық бағытта (Х осімен)		көлденең бағытта (У осімен)	бойлық бағытта (Х осімен)
5	242	222	5	37	29
4	205	193	4	47	42
3	158	151	3	52	49
2	106	102	2	57	51
1	49	51	1	49	51

Қабат биіктігі бұл мысалда  $h = 3300$  мм, демек қабаттың құламасының максималды мүмкін мәні тең:  $0,01 \cdot h = 0,01 \cdot 3300 = 33$  мм. Г.6 Кестесінің деректерінен, екінші қабат үшін құламасының максималды мүмкін мәні  $d_{rs, \max} = d_{rs} \cdot v = 57 \cdot 0,5 = 28,5$  мм тең екені, мүмкіннен кем екені көрініп тұр.

Г.6 Кестеде келтірілген деректерді талдау, қарастырылатын ғимараттың қабаттарының құламалары (В.27) Өрнегін қанағаттандыратынын көрсетеді, және сәйкесінше, бүлінулерді шектеу бойынша ҚР ҚН EN 1998-1 нормаларының талаптары орындалады.

**Д қосымшасы**  
(ақпараттық)

**Бір бағыттағы моменттік жақтаулары мен өзге бағыттағы эксцентрлік байланыстары бар ғимарат қаңқасының сейсмикалық ықпалын есептеу үлгісі**

**Д мысалы. ДСМ сыныпты бес қабатты болат конструкциялардан жасалған ғимараттың сейсмикалық ықпалын есептеу**

**Д.1 Бастапқы деректер**

Бір бағытта жақтаулары, ал өзге бағытта – эксцентрлік байланыстары орналасқан болат қаңқалы бес қабатты ғимараттың сейсмикалық ықпалын есептеуді орындау талап етіледі. Өз мақсаты бойынша ғимарат қоғамдық ғимараттар санатына жатқызылады.

Ғимараттың жауапкершілігі «Сейсмикалық тұрақты ғимараттарды жобалау. Азаматтық ғимараттарды жобалау. Жалпы талаптар» оқу құралының 5.1.-кестесіне сәйкес II сынып ретінде қабылданған.

Жоспарда қарастырылып отырған ғимараттың нысаны шаршылы, габариттік өлшемдері колонналардың осьтері бойынша  $18,0 \times 18,0$  м. Колонналардың ара қашықтығы екі бағытта да 6,0 м. Барлық қабаттардың биіктігі 3,3 м.

Ғимараттың конструктивтік тұрпаты осы оқу құралының 2.3.1 сәйкес, көлденең бағытта (Х осі бойынша) – моменттік жақтаулы қаңқадан, ұзына бойлық бағытта (У осі бойынша) – эксцентрлік байланыстары бар қаңқадан тұрады. Қарастырылып отырған ғимаратта ұзына бойлық бағыттағы сейсмикалық ықпалдарға кедергі келтіретін жақтаулар ғимараттың барлық қатарлары бойынша, ал сейсмикалық ықпалды қабылдайтын эксцентрлік байланыстар 1 және 4-ші шеткі осьтер бойынша ғана орналасқан. Қаңқадағы жақтаулар ғимараттың барлық осьтері бойынша аражабын арқалықтарымен жалғастырылған.

Сұлбалық жоспар мен кесіндер Д.1-суретте, ал қаңқаның жалпы түрі – Д.2-суретте көрсетілген.

Ғимарат қаңқасының конструктивтік элементтерінің қималары бұл үлгіде алдын ала есептеу бойынша төмендегідей қабылданған:

а) Колонналар – табақтардан тұратын болаттан жасалған пісірмелі қос таврлы қимадан:

– ғимараттың бірінші және екінші қабаттарындағы барлық колонналардың  $380 \times 28$  мм табақтан жасалған сөрелері және  $394 \times 16$  мм табақтан жасалған қабырғалары бар қос таврлы көлденең қимасы бар;

– ғимараттың үшінші, төртінші және бесінші қабаттарындағы барлық колонналардың  $380 \times 22$  мм табақтан жасалған сөрелері және  $406 \times 14$  мм табақтан жасалған қабырғалары бар қос таврлы көлденең қимасы бар.

б) бойлық бағыттағы арқалықтар-ригельдер (А, Б, В және Г қатарлары бойынша) – табақтан тұратын болат пісірмелі қос таврлы қимасы бар:

– ғимараттың бірінші және екінші қабаттарының аражабынындағы ригельдердің  $160 \times 10$  мм табақтан жасалған сөрелері және  $330 \times 6$  мм табақтан жасалған қабырғалары бар пісірмелі қос таврлы көлденең қимасы бар;

– ғимараттың үшінші және төртінші қабаттарының аражабынындағы ригельдердің  $140 \times 10$  мм табақтан жасалған сөрелері және  $2800 \times 6$  мм табақтан жасалған қабырғалары бар пісірмелі қос таврлы көлденең қимасы бар;

– ғимараттың бесінші қабатының аражабынындағы ригельдердің  $90 \times 8$  мм табақтан жасалған сөрелері және  $284 \times 6$  мм табақтан жасалған қабырғалары бар пісірмелі қос таврлы


көлденең қимасы бар.

в) бойлық бағыттағы аражабындардың арқалықтары – табақтардан тұратын болат пісірмелі қос таврлы қимасы бар:

– ғимараттың барлық аражабынындарындағы арқалықтардың көлденең бағыттағы 2 және 3 осьтері бойынша 150×12 мм табақтан жасалған сөрелері және 276×6 мм табақтан жасалған қабырғалары бар пісірмелі қос таврлы көлденең қимасы бар;

– ғимараттың барлық аражабынындарындағы арқалықтардың көлденең бағыттағы А – Б және В – Г өткіндерінде 1 және 4 осьтері бойынша 140×10 мм табақтан жасалған сөрелері және 280×6 мм табақтан жасалған қабырғалары бар пісірмелі қос таврлы көлденең қимасы бар.

### ТИПТІК ҚАБАТТЫҢ ЖОСПАРЫ



Д.1 – сурет. Ғимарат қаңқасының сұлбалық жоспары және кесіндері

г) Б – В өткініндегі 1 және 4 осьтер бойынша орналасқан көлденең сейсмикаға қарсы звенолары бар табақтан жасалған болат пісірмелі қос таврлы қимасы бар арқалықтар:

– бірінші қабаттың арқалығының ортасындағы ұзындығы 1200 мм сейсмикаға қарсы звено үшін – 280×20 мм табақтан жасалған сөрелері және 460×18 мм табақтан жасалған қабырғасы бар қоставрлы қима, арқалықтың қалған бөлігі – 280×25 мм табақтан жасалған сөрелері және 460×20 мм табақтан жасалған қабырғасы бар қоставрлы қима;

– екінші қабаттың арқалығының ортасындағы ұзындығы 1200 мм сейсмикаға қарсы звено үшін – 260×18 мм табақтан жасалған сөрелері және 414×16 мм табақтан жасалған қабырғасы бар қоставрлы қима, арқалықтың қалған бөлігі – 260×22 мм табақтан жасалған сөрелері және 414×18 мм табақтан жасалған қабырғасы бар қоставрлы қима;

– үшінші қабаттың арқалығының ортасындағы ұзындығы 1200 мм сейсмикаға қарсы звено үшін – 260×16 мм табақтан жасалған сөрелері және 368×16 мм табақтан жасалған қабырғасы бар қоставрлы қима, арқалықтың қалған бөлігі – 260×18 мм табақтан жасалған сөрелері және 368×16 мм табақтан жасалған қабырғасы бар қоставрлы қима;

– төртінші қабаттың арқалығының ортасындағы ұзындығы 1200 мм сейсмикаға қарсы звено үшін – 160×14 мм табақтан жасалған сөрелері және 322×10 мм табақтан жасалған қабырғасы бар қоставрлы қима, арқалықтың қалған бөлігі – 160×14 мм табақтан жасалған сөрелері және 322×6 мм табақтан жасалған қабырғасы бар қоставрлы қима;

– бесінші қабаттың арқалығының ортасындағы ұзындығы 1200 мм сейсмикаға қарсы звено үшін – 85×6 мм табақтан жасалған сөрелері және 188×4 мм табақтан жасалған қабырғасы бар қоставрлы қима, арқалықтың қалған бөлігі – 85×6 мм табақтан жасалған сөрелері және 188×4 мм табақтан жасалған қабырғасы бар қоставрлы қима.

д) ғимараттың көлденең бағытындағы эксцентрілік байланыстар Б – В өткініндегі 1 және 4 осьтер бойынша – түйық профильді қимада:

– бірінші қабатта - □ 250×250×12,5 мм;

– екінші қабатта - □ 200×200×12,5 мм;

– үшінші қабатта - □ 180×180×12,5 мм;

– төртінші қабатта - □ 160×160×10 мм;


– бесінші қабатта - 120×120×8 мм.

Аражабындар мен жабындар қалыңдығы 180 мм монолитті темірбетонмен қабылданған.

Арақабырғалар жеңіл тиімді материалдардан жасалған қаңқалы конструкциялармен қабылданған.

Сыртқы қабырғалық қоршаулар шыны пакеттермен толтырылған алюминий профильдерден жасалған сөрелік қапсырмалармен қабылданған.

Ғимараттың төбесі – аралас, рулонды материалдардан.



Д.2 – сурет. Ғимарат қаңқасының жалпы түрі

Ғимараттың конструктивтік элементтерінің материалы:

